

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» РМҚК

**Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің
2017 жылғы қызметі туралы
ЕСЕП**

Астана қ., 2017

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
Қазақстан Республикасы Ұлттық Музейі қызметінің сандық сипаттамасы.....	
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің әлеуметтік капиталы	
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ	
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің халықаралық ғылыми байланыстары	
Гранттық қаржыландыру шеңберінде іске асырылатын жобалар	
Ақмола облысы әкімдігімен бірлесіп және демеушілер қаржысының есебінен іске асырылатын жобалар	
Дала зерттеу жұмыстары	
ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ҒЗИ зертханасының қызметі.....	
Музей қызметкерлерінің баспа белсенділігі.....	
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Ғылыми кітапханасы	
ҒЫЛЫМИ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ.....	
Әлеуметтік-маңызды және ғылыми шаралардың хроникасы	
Әлеуметтік-маңызды және ғылыми шаралардың хроникасы	
МУЗЕЙЛІК ҚЫЗМЕТ	
ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ-КӨРМЕ ЖҰМЫСЫ	
Тұрақты көрмелер жасау бойынша жұмыс.....	
Уақытша көрмелер жасау бойынша жұмыс.....	
МУЗЕЙЛІК-ҚОР САҚТАУ ҚЫЗМЕТІ	

Музей қорларын толымдау	
Қор-іріктеу жұмыстары	
Музей қорларын есепке алу.....	
Қорларды сақтау	
РЕСТАВРАЦИЯ ЖӘНЕ КОНСЕРВАЦИЯ.....	
МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ	
Білім беру шаралары (лекториялар, музей сабақтары)	
Үйірме қызметі.....	
Экскурсиялық қызмет көрсету	
Мүмкіндігі шектеулі ересектер мен балаларға арналған шаралар	
Астана қ. және республиканың басқа қалаларындағы ЖОО-мен бірігу..	
АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИМИДЖДІК ҚЫЗМЕТ	
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ, ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	
ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ	
Қосымша А Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлерінің 2017 жылы жарияланған ғылыми басылымдары мен еңбектерінің тізімі	
Қосымша В Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлерінің 2017 жылы жарияланған ғылыми еңбектерінің тізімі	
Қосымша С Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлерінің 2017 жылы жарияланған авторлық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің тізімі	

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» РМҚК
2017 ЖЫЛҒЫ
ЕСЕБІ

Кіріспе

2017 жылдың басы республиканың әлеуметтік-саяси өмірінде төрт маңызды оқиғамен басталды –халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 25 қаңтардағы билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі үндеуі, Мемлекет басшысының 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» РМҚК2017 жылғы қызметі ағымдағы міндеттермен қатар, көрсетілген құжаттармен де анықталды.

Біріншіден, еліміз халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізуге дайындалды. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі де шетелдік әріптестерімен тығыз байланыс жасап, ірі-ірі халықаралық көрмелерді дайындап, өз үлесін қосты. Қазақстанда алғаш рет Император Цинь Шихуанди музей-кесенесінің (Қытай), Мемлекеттік Эрмитаждың (Ресей), Ислам өнері музейінің (Мысыр) экспонаттары көрсетілді.

Екіншіден, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауының,Мемлекет басшысының 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 25 қаңтардағы билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі үндеуінің басты ережелерін жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қалың көпшілікті тарта отырып, аталған құжаттарды талқылау бойынша үлкен жұмыс атқарды. Музейде Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында, мақаласында және Үндеуінде баяндалған негізгі мәселелерді талқылаған «Қазақстан демократиялық жаңару белесінде» атты республикалық конференциясы және 8 дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылып өткізілді. Музей Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен мемлекеттік сатып алу, музей коммуникациясының инновациялық әдістері, Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын зерттеу, сақтау, есепке алу, пайдалану мәселелері қарастырылған музей қызметін инновациялық дамыту және

ақпараттандырудың өзекті мәселелері бойынша республикалық форум ұйымдастырып өткізді.

Үшіншіден, музей Мемлекет басшысының 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласында белгіленген маңызды жобаларының бірі «Қазақстанның қасиетті географиясы» немесе «Қазақстанның киелі орындарын» үйлестіруді және жүзеге асыруды өзіне алды. Музей жүзеге асырылуы үшін қатысуға дайын екінші жоба – бұл «Қазақстанның заманауи өнері». Музей өз алаңында заманауи өнерді шетелдерде таныту мәселелері талқыланған отандық жетекші суретшілер мен арт-қоғамдастық өкілдері қатысқан «АРТ серпіліс» форумын өткізді.

Төртіншіден, музей өз алаңында Қазақстан Республикасы Мәдениет және білім министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің, Астана қаласы Тілдерді дамыту бойынша басқармасының, Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті жанындағы «Алаш» рухани даму және мәдениет институтының қолдауларымен Алаш қозғалысы және Алаш Орда үкіметінің 100 жылдығына арналған «Алаш – қазақтың ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция өткізді.

Одан кейін, бесіншіден, музей қызметкерлері Қазақстанның материалды емес мәдени мұраларының жағдайы туралы ЮНЕСКО-ға елдің есебін дайындауға белсенді түрде қатысты. Сонымен қатар, музей алаңында дөңгелек үстел отырысы өткізіліп, материалды емес мұраны зерттеу, сақтау және насихаттаудың өзекті мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» РМҚК қызметі толығымен Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы саясатының бағдарламалық он құжатын жүзеге асыру аясында жүзеге асырылды:

1. Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру Тұжырымдамасын (7 бөлім. *Қазақстандық жаңа патриотизм – біздің көпұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың табысының негізі*);

2. Ұлт жоспары – 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасын (*IV бөлім. Сәйкестік және бірлік (85-90)*);

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 464 Жарлығымен бекілген «Ақпаратты Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарламасын (*Тарау IV.б.4 отандық ақпараттық кеңістікті дамыту*);

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауын (*Төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту*);

5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 04 қарашадағы №939 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын (*3 бөлім. 2-5, 6-1 міндеттер, 4.3, 4.5, 4.6 бөлімдер*);

6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығымен бекітілген «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын» (4 міндет. Халықтың тарихи жадын және рухани-мәдени мұраларын нығайтуға, сол сияқты қазақстандық қоғамның рухани бірлігі қағидаттарына негізделген мемлекеттің зайырлы сипатын дамыту бойынша шараларға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру);

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 сәуірдегі №408 Қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы бейматериалдық мәдени мұраларды қорғау және дамыту тұжырымдамасын (3,5 мақсаттар);

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі №396 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын (4 бөлім. Ақпараттық кеңістік, мәдениет және спорт);

9. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 01 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы 2020 жылға дейінгі Стратегиялық дамуы жоспарын (*Бөлім – Мәдениет және ақпарат*);

10. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 131 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған даму стратегиясын (*Бөлім 3.Орталарды /салаларды дамытудың басымды бағыттары. Стратегиялық бағыт 1. Мәдениет, өнер, мұрағат ісі: елдің мәдени мұра нысандарын одан әрі қалпына келтіру, реставрация және консервация*);

11. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары (*Стратегиялық бағыт 1. Мәдениет, өнер, мұрағат ісі*).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы аясында музей жұмысы көбінесе Президент белгілеп берген бес басымдықтың үшеуімен жүзеге асырылады:

Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы;

Төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту;

Бесінші басымдық – институционалдық өзгерістер, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күрес, сатып алу салаларын жетілдіру.

Осы басымдықтар негізінен Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қызметінде тұтастай, сол сияқты ғылыми-зерттеу, ғылыми-қор жұмыстарында және «Ақпараттық технологиялар және имидждік қызмет» бағыты бойынша жүзеге асырылады.

— ҚР-дан тыс жерлерге шығаруға тыйым салынған мәдени құндылықтар санатын қайта қарау мәселелері бойынша Парламент депутаттарының, музей қауымдастығы мен мамандарының, сол сияқты БАҚ

өкілдерінің қатысумен (Мәдениет саласындағы НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу) Жұмыс тобының қызметін ұйымдастыру жүргізілді;

— ҚР музей заттарының Мемлекеттік Каталогын жасау үшін «Музей АЖ» жүйесіне ҚР Ұлттық музейінің музей заттары туралы мәліметтерін кіргізу бойынша «НАТ Қазақстан» компаниясымен бірлесіп мәліметтерді енгізу жүргізілуде.

— «Музей АЖ» автоматтандырылған кешенді бағдарламасында мәліметтер базасын қалыптастыру; «Түсім», «Есепке алу», «Басқару», «Қозғалыс», «Инвентаризациялау» модульдары бойынша электронды базаға мәліметтерді енгізубойынша жұмыстар жүргізілуде.

— «Музей қызметінің инновациялық дамуы және ақпараттандырылуының өзекті мәселелері» атты республикалық музей форумы өткізілді;

— Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін шаралар өткізілуде (**Наурызды** тойлауға арналған мерекелік «Нұр себеле, ұлыстың ұлы күні» қойылымы, мүмкіндігі шектеулі балаларға экскурсиялық қызмет көрсету – **тұрақты түрде**).

—

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметінің сандық сипаттамасы:

2017 жылы музейде **691** шара өткізілді (**45** – ғылыми және әлеуметтік маңызды сипаттағы, **552** – ағартушылық, **94** – көрме).

Тұтастай алғанда, есепті кезең ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде **93 көрме**, оның ішінде: **30** халықаралық, **4** шетелдік (Ұлыбритания, Қытай, Ресей, Беларусь) көрмелер өтті. Сонымен қатар, ЭКСПО шеңберінде арасында халықаралық **9** көрме **11** көрме өтті.

Ағартушылық сипаттағы **552 шара** өткізілді.

Есепті кезең ішінде музей қызметкерлері баспаға **223** мақала дайындап жариялады (**400 б.п.** жуық).

2017 жылғы келушілердің жалпы саны – 282 073 адамды құрады, 2016 жылғы келушілердің санынан екі есе дерлік асып кетті.

Ғылыми кітапханаға келушілердің жалпы саны – **982** адамды, оқырмандардың саны – **853** адамды құрады. Кітап беру – **801** бірлік.

Есепті кезең ішінде ҚР Ұлттық музейінде әлемнің **40** елінен келген **142** ресми делегацияға экскурсия жүргізілді.

Халықаралық мамандандырылған «Астана-ЭКСПО 2017» көрмесін өткізу барысында 2017 жылғы 10 маусым мен 10 қыркүйек арасында музейге **160 мыңға** жуық адам келді.

Экскурсиялық қызмет **108 097** адамды қамтыды. **6** тілдегі экскурсиялардың жалпы саны – **8833**. Олардың ішінен ақылысы – **6 202**; тегіні – **2 631**.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің есепті кезең ішіндегі экспонаттарының саны **212 581** с.б. құрайды, оның ішінде: тұрақты сақтауда **159 290** с.б. (олардан – **110 501** с.б. негізі қордыкі, **48 789** с.б. - ғылыми қосалқы қордыкі); уақытша сақтау қорындағы экспонаттардың саны – **53 291** с.б. 2017 жылы музей қорларына барлығы **44** заттардың с.б. сатып алынды.

2017 жылы музей қорларына **тұрақты сақтауға 1 367** бірліктүсті, оның ішінде **41** бірлік - жеке тұлғалардан, **әртүрлі ұйымдардан - 626** бірлік, **акция бойынша сыйға – 656** бірлік қабылданды, **44** зат сатып алу бойынша алынды, оның ішінен **негізгі қордағы** экспонаттардың саны **860** бірлікті, **ғылыми қосалқы қордағы – 507** бірлікті құрайды.

118 экспонат бұрынғы қалпына келтірілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қызметі **437** имидждік материалда жарияланды (мемлекеттік және дәл сондай орыс тілдерінде (**I тоқсанда -123; II тоқсанда -119; III тоқсанда -143; IV тоқсанда – 100**), оның ішінде ҚР ҰМ сайтына **484** материал орналастырылды.

2017 жылы кіру ақысының түсімі барлығы **177 007 700** теңгені құрады. Бір жыл ішінде **209 768** билет сатылды, ал 2016 жылы **146 786** билет сатылған болатын. Музейдің жиынтық кірісі – **208 786** мың теңгені құрады.

2017 жылғы қаңтар мен желтоқсан айлары ішінде құжаттық қамтамасыз ету бөлімінде:

- кіріс құжаттары – **1 766**;
- шығыс құжаттары – **1 674**;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштері – **32**;
- қызметтік хаттар – **3 226** тіркелді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің әлеуметтік капиталы

2017 жылғы 11 мамырда бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің штаттық кестесіне сай, штатта **465** жұмыс орны көзделген.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жұмыс істеушілердің жалпы саны – **389** адам (бос орын - 76). Оның ішінде **62** қызметкердің магистр дәрежесі бар; олардың арасынан **14** адамның ғылыми дәрежесі бар: ғылым докторлары – **6** және ғылым кандидаты – **8**.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру бойынша жұмыстарды тиімді ету, сол сияқты ҚР ҰМ-ға демеушілік және меценаттық қолдау тарту мақсаттарында, ҚР ҰМ-да екі құрылымдық бөлім қайта құрылды: «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы және даму және фандрайзинг бөлімі (ақпараттық имидждік жұмыстар қызметінің бөлімі).

2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің құрылымы **11** бөлімі бар **3** ірі құрылымдық ғылыми бөлімнен құралды, оның ішінде:

«Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтынан (басшысы – т.ғ.к. А.Оңғар) бөлімдері:

1. археологиялық мұра бөлімі (жетекшісі - PhДдоктор Мамиров Т.Б.);
2. дәстүрлі мәдениет бөлімі;
3. тарихи-мәдени мұра нысандарын бақылау және сараптау бөлімі (жетекшісі - PhДдоктор Касеналин А.Е.);
4. физикалық антропология зертханасы (жетекшісі - ҚР ҰҒА академигі О.Смағұлов).

Ғылыми-әдістемелік қызметтен (басшысы – Ph Ддоктор С. Б. Алипова) бөлімдері:

5. археология және этнография бөлімі (жетекшісі - Беспалинов А.Т.);
6. Қазақстан тарихы бөлімі (жетекшісі - Хасенов С.С.);
7. жазба ескерткіштерін зерттеу бөлімі (жетекшісі - Молдабай Т.);
8. ғылыми кітапхана секторы (жетекшісі –Т.М.Дариш).

«Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы (басшысы т.ғ.к. Б.Әбдіғали) бөлімдері:

9. өлкетану бөлімі (жетекшісі Жумабаев Б.Е.);
10. әдістеме және музей тану бөлімі (жетекшісі - Екимбаева А.С.);
11. «Мәдени мұра» журналының редакциясы (жауапты редактор м.а. К.Жиенбай).

ҚР ҰМ құрылымына ғылыми бөлімдерден басқа, бірқатар музей және функционалдық бөлімдер кіреді:

Толымдау, есепке алу және қор сақтау қызметі (қызмет басшысы - бас қор сақтаушы- Р.И. Бекталиева):

- есепке алу бөлімі (бөлім жетекшісі - Б.Р.Ақпасова);
- қорларды сақтау бөлімі (бөлім жетекшісі -У.Т. Садыкова);
- толымдау және жаңа түсімдер бөлімі (бөлім жетекшісі - Р.А.Толепбергенова);
- толымдау секторы (сектор жетекшісі – Ж.Д.Майханова).

Экспозициялық көрме қызметі(Адилъбекова Т.Т., Мажитова Т.С.);

- көркем безендіру және дизайн бөлімі (бөлім жетекшісі - Н.Е.Бимурзаева);
- экспозициялық көрме жұмыстарының бөлімі (бөлім жетекшісі - Г.С.Бурабаева);
- экспозицияларды сақтауды қамтамасыз ету бөлімі (бөлім жетекшісі -Э.И.Нуртазина).

Заманауи өнер орталығы (орталық басшысы – Абенова Р.Т.);

Консервация және реставрация қызметі (қызмет басшысы – Б.С.Әлібай):

- консервация және реставрация зертханасы (зертхана жетекшісі – А.Б.Әбдіқадірова)
- консервация және реставрация бөлімі(бөлім жетекшісі – Молдиманова Г.Х.);
- металл, ағаш, тері және сүйек бұйымдарды консервациялау және реставрациялау секторы (сектор жетекшісі –М.Д. Аятбеков);
- кескіндеме, графика, қағазды консервациялау және реставрациялау секторы (сектор жетекшісі – Ш.Т.Канатов);
- керамика, фарфор және шыныны консервациялау және реставрациялау секторы (сектор жетекшісі –Б.Е.Жақсылық);
- мата және кілем-киіз бұйымдарды консервациялау және реставрациялау секторы (сектор жетекшісі –Г.Н.Жолаева).

Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығы (орталық басшысы – Ж.С.Беисова)

— экскурсиялық қызмет көрсету бөлімі (бөлім жетекшісі – А.Ш.Айбусынова);

— музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі (бөлім жетекшісі –Г.Қ.Садыбай);

— музейлік білім беру бағдарламалары секторы (сектор жетекшісі – Р.А.Мухамеджанова);

— эстетикалық тәрбие секторы (сектор жетекшісі –А.Р. Кеменгерова).

Ақпараттық-имидждік жұмыстар қызметі (қызмет басшысы – Ж.С.Кожаметова, Д.А.Кусайнов);

— жұртшылықпен байланыс бөлімі (бөлім жетекшісі – С.Б.Тауекелов);

— дамыту және фандрайзинг бөлімі (бөлім жетекшісі – С.Б.Орманова);

— халықаралық байланыстар бөлімі (бөлім жетекшісі – Ж.А.Жармухаметова Ж.С.Кожаметова)

— іс-шараларды алып жүру бөлімі (бөлім жетекшісі –Г.Е.Маханова);

— сандық ресурстар бөлімі (К.К.Мусин).

Құқықтық, кадрлық қамтамасыз ету қызметі (қызмет басшысы – Т.С.Каржаубаев);

— құқықтық қамтамасыз ету бөлімі (бөлім жетекшісі – А.А.Крыкбаева);

— құжаттық қамтамасыз ету бөлімі (бөлім жетекшісі – А.А.Нурсейтова).

— кадрлық қамтамасыз ету бөлімі (бөлім жетекшісі – Ж.Е.Алькенова);

Қаржылық-экономикалық қызмет (қызмет басшысы – А.А.Башимова);

— бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімі (бөлім жетекшісі – Р.М.Мукатаева);

— жоспарлау-экономикалық бөлім (бөлім жетекшісі – Ташимова А.Л.);

— мемлекеттік сатып алулар бөлімі (бөлім жетекшісі –Р.М.Махмутов).

Ғимаратты пайдалану және ақпараттық технологиялар қызметі (қызмет басшысы –Ж.У.Тулеев);

— ғимаратты пайдалану және жөндеу бойынша бөлім (бөлім жетекшісі –Қадысов С.Ш.);

— медиа-жабдықтарға қызмет көрсету бойынша бөлім (бөлім жетекшісі –А.А.Кабаев);

— сахналық жабдықтарға қызмет көрсету бойынша бөлім (бөлім жетекшісі –М.Б.Биятанов);

— жүйелік-техникалық қамтамасыз ету бөлімі (бөлім жетекшісі – Н.О.Азманов);

— қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі (бөлім жетекшісі –Молбаев М.Т.).

Ғылыми-зерттеу және ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыстарының басты мәселелері қаралатын ҚР Ұлттық музейінің Ғылыми кеңесі құрылды.

Кадрлық құрамның сипаттамасы:

1. Директордың м.а. – 1 адам (*2017 жылғы 16 наурыздан*);
 2. Директордың орынбасары – 4 адам;
 3. Ғылыми хатшы – 1 адам.;
 4. Қорды толымдау, есепке алу және сақтау қызметінің басшысы (бас қор сақтаушы) – 1 адам;
 5. Құрылымдық бөлімдердің жетекшілері – 13 адам;
 6. Бас ғылыми қызметкер– 1 адам;
 7. Жетекші ғылыми қызметкер – 5 адам;
 8. Аға ғылыми қызметкер – 5 адам;
 9. Ғылыми қызметкер – 18 адам;
 10. Кіші ғылыми қызметкер –15 адам;
- ҚР ҰМ құрылымына ғылыми бөлімдермен қатар, музейлік және функционалды бөлімшелер кіреді.
11. Экспозиционерлер – 2, арт-менеджерлер – 7 адам, дизайнерлер – 7 адам;
 12. Қор сақтаушылар – 34 адам (31 адам жоғары білімді, оның ішінде магистр – 6);
 13. Бақылаушылар – 42 адам;
- Бұдан бөлек ҚР ҰМ штатына музейлік және қосалқы бөлімдер қызметкерлері кіреді.
14. Техникалық қызмет – 62 адам;

ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі өзінің ғылыми қызметін салалық нормативті-құқтық актілер және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2015ж. 06.02.№ 145 Жарғысы негізінде жүзеге асырады. Ғылыми зерттеулердің іргелі, барлау және қолданбалы бағыттары аясында Музейде:

— Қазақстан территориясындағы ежелгі және бүгінгі этностардың қалыптасуы мен дамуын және олардың мәдениетін кешенді зерттеу, Қазақстан халықтарының тарихи-мәдени қарым-қатынасы;

— адам антропологиясы, Қазақстан территориясындағы ежелгі және бүгінгі антропологиялық түрлердің және топтардың этногенезін және қалыптасуын зерттеу;

— Қазақстан территориясында жүргізілген археологиялық және этнографиялық ізденістер нәтижесінде анықталған ежелгі материалдық мәдениеттің, ежелгі технологиялардың және техникалардың өзгерулерін зерттеу;

— тарихи-мәдени мұраны, отандық тарих ғылымының тарихын зерттеу және сақтау;

— өнертанулық және музейтанулық зерттеулеріске асырылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік комитеті Төрағасы 2015 ж. 06.02. бекіткен № 145 (3 бөлім, 14 тармақ, 17 тармақша) Жарғысы негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі директорының 2017 жылғы 28.02. № 380 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Ғылыми кеңесі құрылды, «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Ғылыми кеңесі туралы Ереже және оның құрамы бекітілді. Ғылыми кеңес құрылған сәтте Музейде ғылыми дәрежесі бар 12 қызметкер жұмыс жасады. Олардың арасында ҚР ҰҒА-ның 1 академигі, ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, т.ғ.д., профессор, ҚР Жоғарғы мектебі ҒА-ның 1 академигі, 4 тарих ғылымдарының кандидаты, 1 техника ғылымдарының кандидаты, 2 филология ғылымдарының кандидаты, 3 PhD докторы болды. Жылдың соңында кеңес құрамындағы бірқатар кісілердің басқа жұмысқа ауысуына байланысты оның құрамы өзгерді және бүгінде ол ғылыми дәрежесі бар 11 қызметкерден тұрады: ҚР ҰҒА-ның 1 академигі, ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, т.ғ.д., профессор, ҚР Жоғарғы мектебі ҒА-ның 1 академигі, 5 тарих ғылымдарының кандидаты, 4 PhD докторы бар.

28 ақпанда Ғылыми кеңестің алғашқы отырысы өтіп, музейдің ғылыми-зерттеу қызметіне қатысты және бірқатар ұйымдастырушылық мәселелер қаралды. 3 қолжазба жұмысы басып шығаруға қолдау тауып ұсыныс алды: Қ. Ахмерұлы және М. Хұсайынұлдарының «Алтай-Қобда қазақтарының

домбыра және сыбызғы күйлері» монографиясы, «Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, сақтау және пайдалану» әдістемелік құралы, «Краткий энциклопедический словарь традиционного социального обмена у казахов. Термины и понятия» ғылыми басылымы. Ғылыми кеңестің құрамы туралы Ереже, ҚР ҰМ-ның ғылыми және әдістемелік кеңестерінің құрамдары талқыланып, бекітуге қабылданды.

2017 жылғы 19 сәуірде Ғылыми кеңестің музейдің ғылыми-зерттеу қызметіне қатысты жеті мәселе қарастырылған екінші отырысы ұйымдастырылып өткізілді. Отырыс барысында 4 басылым талқыланып баспаға ұсынылды: О. Исмағұловтың «Абылай хан (тарихи-антропологиялық зерттеу)», Т. Молдабайдың «Көне түрік жазуының тарихы» монографиялары, С. Оразалыұлының атақты күйші, профессор А. Тоқтағанмен бірлесіп құрастырған «Заман-ай күйлер жинағы» кітабы. Отырыс барысында қарастырылған маңызды мәселелердің бірі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ағартушылық қызметі туралы Ережені бекіту жөніндегі шешім болды. ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, т.ғ.д., профессор Ж. К. Таймагамбетовтың кандидатурасы ҚР ҰҒА-ның «Археология» мамандығы бойынша «академигі» ғылыми атағы берілетін сайлауға қатысуға ұсынылды. Дауыс беру нәтижесінде Жазба ескерткіштерін зерттеу орталығының жетекшісі, PhD докторы Т. Молдабай Ғылыми кеңестің құрамына жаңа мүше ретінде кіргізілді.

Кворумның болмауына байланысты жыл ішінде Ғылыми кеңестің жоспарланған екі отырысы өткен жоқ (ҒК туралы Ережеде отырыстың тоқсан сайын өткізілуі көзделген). Жаз және күз маусымдарында кеңестің негізгі құрамы дала зерттеулеріне шығып кетті. Жылдың соңында оның мүшелерінің қатты жұмыс басты болуына байланысты отырыс өтпеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің халықаралық ғылыми байланыстары.

2017 жылғы далалық маусымда ҚР Ұлттық музейі директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж. К. Таймагамбетовтың жетекшілігімен халықаралық үш жоба бойынша археологиялық экспедициялар жүргізілді. Зерттеу жұмыстары шетелдік серіктестер тарапынан қаржыландырылды.

ҚР Ұлттық музейі мен Археология және этнография институтының директоры профессор М. В. Шуньков бастаған РФ Ғылым академиясы Сібір бөлімінің Археология және этнография институтының *бірлескен Қазақстан-Ресей кешенді археологиялық экспедициясы* Шығыс Қазақстан аумағындағы тас ғасыры ескерткіштерін іздеу бойынша зерттеулер жүргізді. Экспедиция 2 кезеңмен жүргізілді.

Бірінші кезең. Экспедицияның жұмыс уақыты 2017 жылғы 15 мамыр – 15 маусым аралығын қамтыды. Шемонаиха, Зырян, Риддер аудандарында барлау жұмыстары жүргізілді. Барлау жұмыстары нәтижесінде өзен

аңғарларынан палеолиттік сипаттағы жекелеген және жеке-жеке жәдігерлер табылды.

Екінші кезең. 2017 жылғы 20 тамызы мен 01 қыркүйегі аралығында Зайсан ауданында тұрақты жұмыстар жүргізілді. Кейінгі палеолиттің ерте кезеңінен бастап, голоценге өту аралығындағы палеолит адамының мәдени дамуының эволюциясын зеттеу үшін аталған ауданның Шілікті аңғарындағы тау жоталарының бойынан алғаш рет табылған Үшбұлақ палеолит тұрағының мәні зор. Бұлақ көзі арнасынан жәдігерлер көп табылған болатын. Құрал-сайман өндірісі үшін тас шикізатының негізгі көзі ретінде тастың жоғарғы сапалы кремнийлі түрлері қолданылған. Артефактілер көп табылған жердегі материалдарды жинағаннан кейін, бұлақ аңғары бөктеріне барлау шурфы және траншея салынды, содан кейін қазылды. Жалпақ құрал-саймандар көптеп табылды.

2017 ж. Үшбұлақ тұрағындағы қазба жұмыстарының нәтижелері, аталған тұрақ бүгінгі таңда осы өңірдегі болашағы бар нысан екенін көрсетті, әсіресе жоғарғы палеолитті ерте кезеңдерінен бастап зерттеу үшін.

2018 жылы да жұмыстар жалғасады.

«PALAEOSILKROAD» жобасы аясында ҚР Ұлттық музейі мен Тюбинген университетінің *Қазақстан-Германия археологиялық экспедициясы* Алматы облысының Жамбыл ауданында Майбұлақ тұрағында тұрақты қазба жұмыстарын жүргізді.

Жобаның мақсаты – ежелгі Ұлы Жібек жолын, шамамен 120-13 мың жыл бұрынғы (бұл Қазақстандық Алтай, Тянь-Шань, Қаратау территориялары) палеолиттік тұрақтарды іздестіру мен даталау және зерттеліп жатқан аймаққа адам қоныстануының маңызды факторы ретінде палеоклиматтық жағдай моделін құрастыру.

Бірінші кезең. Экспедицияның жұмыс уақыты 2017 жылғы 1 маусым-20 шілде. Экспедицияға музей қызметкерлерінен басқа, Германия, АҚШ, Англия, Үндістан, Канада, және Чехияның ғалымдары, аспиранттары және докторанттары қатысты. Негізгі жұмыстар жоғарғы палеолиттік Майбұлақ тұрағында жүргізілді. Қазба жұмыстарының стратиграфиясы нақтыланып, тұрақтың жасын анықтау үшін қосымша материалдар алынды. Тас құралдар қырғыштармен, жаңқа және тілімше түрінде көрсетілген. Нуклеустер формасыз болып келеді.



1 Майбұлақ тұрағындағы жұмыс барысы



2 Майбұлақ тұрағы

Осы уақыт аралығында Алматы облысында барлау жұмыстары жүргізілді. Алматы облысының Есік ауданындағы Рахат тұрағы зерттелді. Оптика-ынталандыру люминесценция әдісі бойынша тұрақтың жасын анықтау мақсатында сынама алынған болатын, сонымен қатар қабырғасы тазаланып, тас артефактілерінің шығу орны табылды. Сондай-ақ, Майбұлақ тұрағының маңындағы саз балшық шөгінділеріне барлау жұмыстары жүргізілген болатын.

Екінші кезең. 2017 ж. 16 тамыз -15 қыркүйек аралығында германиялық профессор Р. Йовите, англиялық докторант П. Катберсонның қатысуымен Шығыс Қазақстан облысының карст аудандарында үңгірлерді іздестіру бойынша барлау жұмыстары жүргізілді. Өкінішке орай, Үлкен Нарым

ауданындағы үңгірлерді есептегенде, барлау жұмыстары оң нәтиже бермеді. Аталған үңгірлер келесі жылы зерттеледі деп жоспарланып отыр.

Халықаралық «Бірлескен Қазақ-корей ғылыми зерттеулері» атты ғылыми жобасы А. Оңғар жетекшілігімен үш жылдық мерзімде ҚР ҰМ «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты мен Корея Республикасының Мәдени мұра ғылыми-зерттеу институты арасында жүзеге асырылып келеді. Жобаны жүзеге асыру барысында Алматы облысы Райымбек ауданындағы сақтардың Қатартөбе қорымында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.



3 Қатартөбе қорымының қорғаны. Жетісу

ҚР Ұлттық музейі және профессор С.Кунитаке бастаған Нара Ғылыми-зерттеу институтының **Қазақстан-Жапония археологиялық экспедициясы** тас ғасырына жататын ескерткіштерді, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан аумағындағы үңгірлерде барлау жұмыстарын жүргізген болатын. Жұмыс мерзімі: 2017жылғы 25 қыркүйек -20 қазан. Жұмыс Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жүргізілді. 20-дан астам жаңа палеолит ескерткіштері, соның ішінде 3 үңгір анықталды, келесі жылғы қазба жұмыстары үшін бұлардың біреуі перспективалы болып саналады.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты 9 ғылыми жобаны жүзеге асырды. Соның ішінде – 1 жоба халықаралық, 4 жоба Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруы бойынша және 2 жоба Ақмола облыстық әкімшілігі және демеушілермен бірлесіп іске асырылды. Институт қызметкері 2 халықаралық жобаның басты орындаушысы болды.

ҚР БҒМ ҒК қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған жобалар:

2017 жылы ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің төрт гранттық жобасының қорытынды жұмыстарына қатысқан болатын.

«Қазақ даласының сақ-савроматтық мәдени көкжиегі: тарихи диахрониядағы өзара мәдени байланыстар мәселелерін зерттеу» гранттық жобасы (жетекші: Оңғар А)

Жұмыстың мақсаты – Сақ-савроматтық мәдени көкжиекті пәнаралық зерттеу және өзара мәдени байланыстар мәселелерін зерттеу тұрғысынан ж.с.д. I мыңжылдықтағы Қазақстан аумағындағы этноәлеуметтік-мәдени процестерді теориялық тұрғыдан жаңғырту.

2015–2017 жылдары аралығында Жетісудағы сақтардың Қарқара жерлеу-ғұрыптық кешені мен Ақтөбе өңіріндегі савроматтық Төртоба жерлеу-ғұрыптық кешеніндегі далалық зерттеулер аяқталды. Сонымен қатар Текес өзенін бойлай ерте темір дәуірінің жерлеу-ғұрыптық ескерткіштерін барлау-іздірету жұмыстары да жүргізілді.

Жобаны орындаушылар тарапынан ерте темір дәуіріндегі Қазақ даласын мекен еткен тұрғындардың жерлеу рәсімі мен оған қатысты атқарылған ғұрыптардың кейбір аспектілері; Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығысындағы ерте сақтық мәдени кешендердің қалыптасуының негізгі компоненттері; Қазақ Алтайы ежелгі көшпелілерінің ат әбзелдерінің шығуы, қалыптасуы мен дамуының мәселелері; Қазақ Алтайындағы археологиялық ескерткіштерден алынған мәліметтер бойынша көшпелі мәдениеттің өзгеруінің негізгі аспектілері сынды мәселелер зерттелінді. Сонымен қатар Қазақстанның ерте темір дәуіріндегі қыш кешендерін жинақтау, жүйелеу мен техника-технологиялық сараптама жүргізу жұмыстары да жалғасты.

«Храмдық кешендер мәліметтері негізінде Үстірт пен Арал бойы сақ-массагеттерінің дүниетанымы мен діни түсініктерін зерттеу» гранттық жобасы (жетекші: Оңғар А.)

Қазақстанның ежелгі тайпаларының табынушылық, салттық, діни дүниетаным және идеология мәселесі археология мен ежелгі тарихтың ең аз зерттелген мәселелерінің қатарына жатады. Мәліметтердің жетіспеушілігі мен ескерткіштердің толыққанды зерттелмеуі сақ-массагет тайпалық бірлестігі тарихындағы ескерткіштердің орны туралы сұраққа жауап беруге кедергі келтіреді.

Бұл жұмыстың мақсаты – Үстірт пен Арал өңіріндегі сақ-массагеттердің храм кешендерін кешенді түрде зерттеу.

Ежелгі көшпелілердің діни түсініктері мен дүниетанымының кейбір қырларын салыстырмалы зерттеу мақсатында далалық зерттеулер Ақпан және Айғырлы 2 (Қаратөбе) ғибадатханаларында, Қараөткел мавзолейінде, Жаман Қосқала ғибадатханасында, Қырықкүңгір қорымындағы объектілерде және Үлкен Қақпақ қоршауларында жүргізілді.

Жобаны орындаушылар тарапынан Батыс Қазақстанның ежелгі көшпелілерінің монументальды өнерінің кейбір қырлары; Үстірт, Маңғыстау

мен Арал бойындағы ғұрыптық объектілердің құрылымдық ерекшеліктері талданды. Сонымен қатар ғибадатханалардан шыққан материалдар негізінде Маңғыстау мен Үстірттегі ежелгі тұрғындардың қыш көзешілік дәстүрін зерттеу жұмыстары да жалғасын тапты. Далалық зерттеулер барысында алынған жаңа археологиялық материалдар ғылыми айналымға енгізілді. Зерттелінген ғибадатханалар бойынша олардың салыну кезеңдері мен тәсілдері мен уақыттары анықталды.

Храм-ғибадатханалардың бастапқы бейнесін және Үстірт пен Арал өңіріндегі ежелгі тұрғындардың діни-мифологиялық жүйесінің кейбір аспектілерін теориялық тұрғыдан қайта жаңғырту үшін оңтүстік-шығыс Арал бойы мен Батыс Қазақстанның жерлеу-ғұрыптық кешендерін талдау жұмыстары жасалынды. Маңғыстау мен Үстірттегі ежелгі тұрғындардың қыш көзешілік дәстүрін зерттеу жұмыстары жасалынып, алғашқы ғылыми қорытындылары алынды.

«Арал-Каспий өңірінің ежелгі тұрғындары: көші-қон мен мәдениеттер эволюциясы (тас және палеометалл дәуірлері)» гранттық жобасы (жетекші: Т. Мамиров)

Зерттеу нысаны – Арал-Каспий аймағының палеометалл және тас дәуірінің ескерткіштері.

Жоба мақсаты – Арал-Каспий аймағының шығысындағы палеометалл және тас кезеңінде ежелгі тұрғындардың орналасу үрдісін зерттеу, олардың экологиялық жағдайларға бейімделуі, олардың шикізат көзін игеруі, шаруашылықтың дамуы, құралдардың техникасы мен типологиясы, Еуразия территориясындағы синхронды мәдениеттермен және ескерткіштермен этномәдени байланыстардың қалыптасуы.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының «Арал-Каспий аймағының ежелгі тұрғындары: мәдениеттер эволюциясы және көші-қон» (тас және палеометалл кезеңі) жобасын жүзеге асырудың соңғы кезеңінде келесідей жұмыстар атқарылды: далалық зерттеу жұмыстары Ақтөбе облысының (Үлкен Борсық құмдары, Нұра-Ырғыз аудандары) шөл зоналарында тас ғасырының ескерткіштерін зерттеуге, бұған дейін зерттелген Сарымырза тұрағында, палеометаллдың Ілекшар (БҚО) және Құмсай (Ақтөбе облысы) ескерткіштерін зерттеуге бағытталды. Экспедиция барысында жиналған материал ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ҒЗИ зертханасына өткізілді.

Далалық маусымдық жұмыстардың аяқталуымен камералды-зертханалық жұмыстар жүргізілді. Экспедицияның күнделігі мен қолжазбалары электронды форматқа ауыстырылды. Далалық зерттеу жұмыстары барысында жиналған тас артефактілер техникалық сараптамадан өтті. Техникалық сипаттама өз ерекшеліктеріне қарай жасалды, себебі жиналған материалдардың барлығы жер бетінен жиналған болатын. Техникотипологиялық сараптама жүргізілгеннен кейін жиналған материал хронология бойынша жүйеленіп, топталған болатын. Техникалық сараптамадан кейін сипатта типологиялық әдіс бойынша жүргізілді, топтама

кару, нуклеус және техникалық нақыстарға және өндіріс қалдықтары түрлеріне қарай бөлінді.

Үш жыл ішінде 3700 тас жәдігерлер мен қыш ыдыстардың бөлшектері өңдеуден өткізілді. Палеолиттік материал Тосбұлақ пункт 1-2, Шет пункт 2 және Жылан кешендерінің артефактілерінен тұрады. Жалпы, 419 тас артефактіні құрайды. Голоцен кезеңі ескерткіштері ішінен Жылтыр пункт 2 ерекше атап өтуге болады: 526 тас артефактісі, 9 қыш фрагменті; Көктомақты тұрағы – 152 тас артефактісі мен 10 қыш фрагменті; Сарымырза тұрағы – 111 тас артефактісі және т.б.

Құралдар, нуклеустер, ерекше жаңқалар және тілімшелер фотоға түсіріліп, қорытынды есепке кіргізілген болатын. Сондай-ақ, жоспарды және қазылған Құмсай, Ілекшар қорымдарының қимасын жүзеге асыру бойынша сызба-графикалық жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ, анықталған артефактілер мен жерлеу орындарының суретін салу жүзеге асырылды.

«Оңтүстік-батыс Балқаш маңы палеолиті (ежелгі тас дәуірі)» гранттық жобасы (қосалқы жетекші: Т. Мамиров).

Зерттеу нысаны – Бетпақдала және оңтүстік-батыс Балхаштағы тас дәуірінің ескерткіштері.

Жұмыс мақсаты – Шу-Іле таулары мен Бетпақдаланың шығыс жағалауының тас дәуіріндегі ежелгі гоминидтердің эволюциясы мен орналасуын, олардың экологиялық жағдайларға бейімделуін, шикізат көзін игеруі, шаруашылықтарының дамуын, құралдардың технологиясы мен типологиясын, олардың Еуразия мәдениеті мен синхронды ескерткіштерімен этномәдени корреляциясының қалыптасуын зерттеу.

Жобаны жүзеге асыру барысында жұмыс бірнеше бағыттар бойынша дамыды, соның ішінде, плейстоцендегі оңтүстік-батыс Балқаштың палеолит кезеңінің палеоэкологиясы мен өмір сүруді қамтамасыз ететін жүйелер бойынша материалдар жинау мен сұрыптау, А.Г. Медоев топтамасындағы Хантау тұрағы бойынша тас артефактілердің техника-типологиялық сипаттамасы жасалды.

Бүгінгі таңда Қазақстан территориясында төрттік кезеңнің (плейстоцен) әр уақытындағы палеографиялық жағдайлар зерттелген болатын; жойылып кеткен және қазіргі таңда өмір сүретін жануарлардан тұратын түрлі фауналық кешендер тығыз байланысты болып келеді. Бұл жануарлар палеолиттің әр кезеңіндегі алғашқы адамдар мен гоминидтерге азық түрі ретінде болуы мүмкін.

Бірінші жылы барлау жұмыстары оңтүстік-батыс Балқаштағы Хантау, Жамбыл, Қойжарылған, Майжарылған және т.б. тауларының маңында шоғырланған. Нәтижесінде палеолит және голоцен жасының ескерткіштері ашылды. 1965 жылы Шу-Іледе жүргізілген ҚазКСР ҒА К.И. Сәтбаев атындағы ГҒИ геолого-геоморфологиялық экспедициясының Палеолиттік отрядының зерттеу жұмысы барысында ашылған ескерткіштерді шоғырландырып, олардың топографиялық және GPS-координаттары анықталып, сонымен қатар, тау бөктеріне мұқият барлау жұмыстарын

жүргізіп, әсіресе, шатқалдың жазыққа шығатын бөлігі, конус шлейфтері, тас артефактілерін жасау үшін аллювиалды террасадағы шикізат көзі мен жаңа орындар зерттелген болатын.

Соңғы онжылдық ішінде шаруашылық үшін пайдаланылған территорияның үстіңгі қабатында мониторинг жүргізілген болатын. Далалық зерттеу жұмысы барысында тұрақтардан табылған тас артефактілер жинақталып, тас артефактілерін өңдеу жұмыстары техника-типологиялық өңдеудің әдісіне сай жүргізілген болатын. Ақпаратқа бай артефактілер фотоға түсірілді.

Археологиялық далалық зерттеу жұмысы барысында Бетпақдаланың солтүстігінде Сарысу өзеніне дейін орналасқан аудандар да зерттелді.

Аталмыш ауданның палеолитті бойынша негізгі ақпарат көзі 1965 жылы А.Г. Медоевтың Хантау тұрағы бойынша жиналған материалдардан құралады. Тас артефактілерінің көптеген бөлігі үшжылдық мерзім ішінде сұрыпталып, тазаланып, артефактілерде сақталған шифрлар негізінде жиналған артефактілер территория бойынша бөлінді. Негізгі проблема – Хантау тұрағының материалдары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ сақталған, өкінішке орай, артефактілерді сақтау бойынша барлық талаптар сақталмаған: Артефактілерді сақтау жертелелері бірнеше рет ауыстырылып, жауын-шашын немесе құбыр суларының шайып кетуі топтаманың араласуы мен шифрлардың түсіп қалуына себеп болды. Бұл топтаманы сипаттауға кедергі келтірді.

Гранттық жоба аясында ғылыми және ғылыми-көпшілік жарияланымдар жарияланған болатын.

Ақмола облысы әкімдігі және демеушілердің қаржыландыруы негізінде жүзеге асырған жобалар.

2017 жылы «Халық қазынасы» ҒЗИ атты *«Сарыарқаның тарихи-мәдени мұрасының мәліметтер базасын жасау және геоинформатикалық картографиялау»* жобасы мен *«Торғай даласындағы ерте темір дәуір обалары»* жобасын жүзеге асыруды жалғастырды.

Бірінші жоба Сарыарқаның тарихи-мәдени мұра нысандарының мәліметтер базасын жасау және геоинформатикалық картографиялау жұмыстарын қамтамасыз етумен байланысты және Ақмола облысының әкімшілігімен бірлесіп жүзеге асырылды.

Екінші жоба Қостанай облысы Амангелді ауданы мен Арқалық қаласының территориясында орналасқан археологиялық ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеумен байланысты. Зерттеу жұмыстары *«Торғай даласындағы ерте темір дәуірі обалары»* атты ғылыми жобасына сай жүргізілді. Жобаның мақсаты – Торғай даласының ерте темір дәуірі тұрғындарының жерлеу-ғұрыптық құрылыстарын зерттеу. Белгілі қоғам қайраткері Сапар Ысқақов жобаны қаржыландырып, экспедицияны материалды-техникалық тұрғыда қамтамасыз етті.

«Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының тарихи-мәдени мұра нысандарына мониторинг және сараптама жүргізу бөлімі 2017 жылы келесі ғылыми ізденістер мен жұмыстар легін атқарды: геоақпараттық картографиялау әдістерін тарихи мәдени мұра нысандарын мониторинг жасаудың тиімділігін анықтауға бағытталған ізденістер; Ақмола облысы, Ерейментау ауданының тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін ауылдық округтер бойынша карталарын жасау; Ақмола облысы, Жақсы және Сандықтау аудандары бойынша ескерткіштер базасын верификациялау және электрондық базасын жасау.

Ерейментау ауданының тарихи-мәдени ескерткіштері жинағы баспаға дайындалу үстінде. Осыған байланысты Ерейментау ауданының ескерткіштері геоақпараттық жүйеге енгізілуде. Зерттелетін ауданға қатысты ауылдық округтердің картасы дайындалды. Бұған дейін жарияланған Ақмола облысы тарихи және мәдени ескерткіштер жинағына аталмыш ауданның 26 ескерткіші жайында ақпарат енген болатын. Осыған дейін алынған мәліметтер толықтырылып, өзгертілді.

Бөлім қызметкерлері Ақмола облысы Зеренді ауданында орналасқан Ормандыбұлақ қорымы территориясында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысқан болатын.

Бөлім қызметкерлері далалық зерттеу жұмыстары барысында ескерткіштерді қорғау, құтқару, сақтау мақсатында Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Сарлық ауылының әкімшілік аумағына қарасты Айбас Дарасы қорымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарына қатысып, 1972–2009 жылдары аршылып, зерттелген кесене мен оның маңындағы обаларды қайта қалпына келтірді.

Далалық зерттеу жұмыстары

2017 жылдың көктем-жаз маусымдық мерзімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ғылыми қызметкерлері археологиялық, палеографиялық және этнографиялық зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, жүзеге асырды:

Ақтөбе отрядының жұмысы «Қазақ даласының сақ-савроматтық мәдени көкжиегі: тарихи диахрониядағы өзара мәдени байланыстар мәселелерін зерттеу» гранттық жобасы негізінде жүзеге асты. Биылғы далалық зерттеу жұмыстар барысында Төртоба жерлеу-ғұрыптық кешеніндегі (әрі қарай – Төртоба ЖҒК) жұмыстар аяқталды. Төртоба қорымы Ақтөбе облысы Қобда ауданының Жиренқопа ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 12 шақырым жерде орналасқан. Табиғи-географиялық тұрғыдан қорым Ешкіқырған және Үлкен Қобда (Електің оң сағасы) өзендері аралығындағы биік қыратты жерлердің бірін алып жатыр.

Алты далалық маусымда (2011, 2013–2017 жж.) жүргізілген жұмыстар нәтижесінде жер үсті құрылысы – обаның топырақ үйіндісі (диаметрі 50 м, биіктігі 4,7 м) мен обадан тыс құрылыстардың (№№ 1–9 нысандар, ор) зерттелуі аяқталды. Биылғы жылдың зерттеу міндеттеріне қабір үсті

құрылысын тұрғызу кезеңдерін егжей-тегжейлі зерттеу, орталық жерлеудің орнын анықтау, оба үйіндісі асты кеңістігінде басқа да жерлеулердің бар-жоқтығын анықтау енді.

Қазба жұмыстары басталар алдында үйіндінің солтүстік, солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктері зерттелмеген еді. Оба асты кеңістігінің қалған бөлігі және құрылыстың орталық бөлігі алдыңғы жылы қамыстан төселген қабат пен ортадағы ағаш құрылымға дейін тазаланды. Қамыстан төселген қабат пен құрылыстың орталық бөлігіндегі ағаш құрылымның мұқият тазалануынан кейін қамыс төсеменің шекаралары анықталды. Оның өлшемдері бойынша пішіннің сопақша болып келгенін көруге болады. Төсеменің өлшемі С-О бағыты бойынша – 21,40 м, Ш-Б – 20,40 м, ОБ-СШ – 20,30 м, ОШ-СБ – 21,20 м болды. Қамыс қабатының талшықтарының құрылымына қарағанда, қамыс орталық ағаш құрылысты айнала төселген. Қамыс қабатының қалыңдығы 2–8 см.

Ағаш құрылыстың архитектурасын анықтау мақсатында бетін қамыс қабатынан тазарту бойынша жұмыстар жүргізілді. Тазартқаннан кейін құрылыстың өлшемдері С-О – 14 м, Ш-Б – 13,10 м, ОБ-СШ – 14,90 және ОШ-СБ – 14,40 м құрады. Құрылымы бойынша құрылыс алты бұрышты шатыр тәрізді. Обаның орталық құрылысы ССБ–ООШ бойынша бағытталған, беті бөренелермен жабылған ағаш «қима-тағанға» ұқсайды. Жер бетіндегі құрылымның салмағы мен ағаштың мыңдаған жыл бойы шіруі бөренелердің пішінін өзгертті. Осыған байланысты құрылыс бөренелерінің нақты параметрлерін анықтау мүмкін емес. Сақталған бөренелер бойынша қиманың өлшемі: солтүстік бөлігі – 5 м, оңтүстік 4 м, шығыс – 6,7 м және батыс – 6,5 м құрады. Ескеретін жайт, қима жабындысының орталық бөлігі қираған болды, мүмкін, бұл жерлеу шұңқырын тонаудың салдары болар.

Ағаш құрылысты тазалағаннан кейін оның периметрі бойынша 39 шұңқыр мен тірек бағана шұңқырлары тіркелді. Бағана шұңқырлары ағаш құрылыстың тірегі қызметін атқарған болу керек. Оны белгілі бір бұрыш астында қазылған шұңқырлар пішіні мен ағаш қалдықтары айғақтайды. Тірек шұңқырларының өлшемдері 20x22x7 см-дан 50x36x20 см-ге дейін.

Қима ішінде еденді тазалау барысында ағаш қалдықтарымен араласқан ақшыл сары түсті екі жерлеу дағы тіркелді. Шығыс шұңқырының өлшемі – 190x260 см, батыс – 160x230 см. Қабір шұңқыры бір-біріне параллельді орналасқан, олардың арасындағы арақашықтық шұңқырдың оңтүстігіндегі шеті бойынша – 240 см, солтүстігі бойынша – 250 см. Қабір шұңқырының оңтүстігінде 6 бағаналы шұңқыр анықталды. Олар екі қатарда үш-үштен, ССШ-ООБ бағытта қойылған. Шұңқырлар бір-біріне симметриялы орналасқан, оңтүстікке қарай шұңқырлар арасы алшақтай түседі. Шұңқырлар өлшемдері мен тереңдіктері шамамен 20x20x65-тен 30x30x76 см дейін барады. Аталған шұңқырлар орталық ағаш құрылыстарының тірек бағандары үшін пайдаланылуы немесе қимаға кіретін дәліз рөлін де атқаруы мүмкін. Шұңқыр ішінде аған бағандарының фрагменттері болды. Қабір шұңқырының ортасынан оңтүстігіне қарай темір бұйымның 4 фрагменті табылды. Басқа

жәдігерлер кездеспеді. Қазба жұмыстары аяқталған соң ескерткіште қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.



5 Жер үсті ағаш жабыны.
Қорған № 1. Төртоба ЖФК

Қарқара отрядының жұмысы «Қазақ даласының сақ-савроматтық мәдени көкжиегі: тарихи диахрониядағы өзара мәдени байланыстар мәселелерін зерттеу» гранттық жобасы негізінде жүзеге асты. 2017 жылы Институт қызметкерлері Қарқара жерлеу-ғұрыптық кешенінде далалық маусымдық зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Аталған нысанда қазба жұмыстары 2012 жылдан бері жүргізіліп келеді.

Қарқара жерлеу-еске алу кешені Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарқара ауылдық округінің территориясында, Қазақстанның Қырғызстанмен шекарасына жақын жерде орын алған. Ескерткіш Тянь-Шань таулы жүйесінің солтүстік бөлігінде, Жел Қарқара және Ақ Қарқара өзендері аралығындағы үшінші террасада орналасқан. Теңіз деңгейінен биіктігі 2200 м.

Қарқара жерлеу-ғұрыптық кешені (ЖФК) жер бетіндегі құрылыстан (үйінді) және оба маңы аумағынан тұрады (оба-қоршау және тас «жол», шұңқыр және оба маңы құрылысы). Ескерткіш толықтай ормен қоршалған. Кешеннің жалпы көлемі 127,4 м (шығыс-батыс) x 127,51 (солтүстік-оңтүстік).

Ағымдағы жылғы далалық маусымдық жұмыстар негізгі нысанның қабір үстін зерттеуге бағытталды, соның ішінде орта және үлкен өлшемді тастар мен малта тастардан құрастырылған орталық қабір үсті құрылысты ашуға негізделді.

Осы жылғы далалық маусымда обаның оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бөліктерінде қазба жұмыстары жүргізілді. Қабір үсті құрылысының төменгі қабатында жасалынған құрылымның диаметрін, биіктігін анықтау және тонаушылар кірген жердің көлемін нақтылау, құрылымның ерекшелігін зерттеу басты міндет болды.

Осы мақсатта қазба жұмыстары екі кезеңмен жүргізілді. Біріншісі оңтүстік-шығыс секторда, екіншісі № 1 обаның орталық бөлігінде.

Аталған территорияда қазба жұмыстарын жүргізу барысында орталық-оңтүстік шеті астынан 160 см орталықтан шығыс шетіне қарай, қазіргі кездегі жер бетінен – 15 см тереңдікте өрнектелмеген сары түсті қыштың екі

қалдығы табылды. Сондай-ақ, нашар сақталған мал сүйектері де болды. Табылған заттар тонаушылар кірген ізді меңзейді.



6 Қарқара жерлеу-ғұрыптық кешені
Жетісу

Маңғыстау отрядының жұмысы «Храмдық кешендер мәліметтері негізінде Үстірт пен Арал бойы сақ-массагеттерінің дүниетанымы мен діни түсініктерін зерттеу» гранттық жобасы аясында жүзеге асты. Қатем ғибадатханасы Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданының Баянды ауылынан солтүстікке қарай 13 шақырым жерде орналасқан. Теңіз деңгейінен 37 м биіктікте орналасқан. Ғибадатхана шамамен ж.с.д. IV–II ғғ. мерзімделеді.

№ 1 нысан қазба жұмыстарына дейін тастан-топырақтан үйілген, диаметрі 11,40 м биіктігі 1,17 м. Ескерткіштің төрт секторын тазалау барысында шеңбер пішінді тас құрылыс анықталды. Құрылыс ірі және шағын өлшемді ұлутас плиталарынан құралған. Құрылысты топырақтан жер беті деңгейіне тазартқан соң шеңбер пішінде құрылыс екі қатарлы тастардан қаланғаны анықталды.

Құрылыстың сыртқы шеңберінің диаметрі С-О – 7,55 м, Б-Ш – 7,54 м. Қаланған құрылыста 3-тен 6-ға дейін орта және ірі өлшемдегі тас плиталарының қабатынан тұрады (плита қалыңдығы 5-тен 20 см, ұзындығы 10-нан 130 см). Плита пішіні тікбұрышты. Қалану биіктігі шамамен 55-тен 90 см дейін барады. Пландағы қаланған ішкі қатарлар өлшемі С-О – 4,46 м, Б-Ш – 4,20 м құрайтын алты қырлы форма тәріздес. Шеңбер пішінді құрылыстың оңтүстік-оңтүстік-батыс бөлігінде кіретін есік орны қалдырылған және ол ақшыл-қоңыр түсті, түрлі формадағы ұлутастың тас плиталарымен жабылған. Кіреберістегі тас плиталарды тазалау барысында ұсақ тастардан және құмдақтан жасалған еден анықталды. Аталған қабаттың қалыңдығы – 20 см. Шеңбердің ішкі кеңістігін тазалаған соң, бір-біріне перпендикулярлы орналасқан және С-О бағыты бойынша құрастырылған төрт қабір үсті плита анықталды. Плиталар ұзын ось бойымен Б-Ш бағытта бағытталған.

Ескерткіште зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында өрнектелген қыштың фрагменттері (39 фрагмент), ат әбзелінің сүйек бөлшектері және остеологиялық материалдар табылды. Аталған нысанның құрылысы ерте темір дәуірі ғибадатханаларының құрылысына ұқсас, мысалы, Қызылүйік, Ақпан, Айғырлы-2 (Батыс Қазақстан) және т.б. Бұл ескерткіш басында

ғибадатхана рөлін атқарып, кейіннен аталмыш аймақтың тұрғындары ерте кездері жерлеу орны ретінде де пайдалануы мүмкін.



*7 Катем ғибадатханасы
Маңғыстау. Төбесінен түсірілген көрініс*

Қазақ-корей халықаралық отрядының жұмысы 2017 жылдың 10 шілде – 30 тамызы аралығында Қатартөбе жерлеу-ғұрыптық кешенінде жүргізілді. Ескерткіш Алматы облысы, Райымбек ауданына қарасты Қарасаз ауылдық округінің территориясында орналасқан. Осы жылы қорымның төртінші тобындағы № 10А және № 14 обалар зерттеу нысаны болып таңдалды.

№ 10А обаның шағын көлемдегі үйіндісі топырақтан-тастан үйілген, үйіндінің орталық бөлігінде сопақша пішіндегі қабір шұңқыры орналасқан. Қазба барысында қабір шұңқырынан мәйіттің қаңқа сүйегі табылды (in situ).

№ 14 оба үйіндісі топырақтан төртбұрышты пішінде үйілген және үйіндінің үстіңгі қабаты ұсақ және орташа көлемдегі тастармен бастырылған. Оба үйіндісін айналдыра төртбұрышты пішінде тас жол қаланғандығы белгілі болды. Қазба барысында оба үйіндісінің астынан беті ағашпен жабылған қабір шұңқыры және батысқа бағытталған кіреберіс (дромос) анықталды. Жерлеу орнын тазарту барысында мәйіттің шашылған сүйектері, алтын фольганың бөлшектері, темір бұйымның қыш ыдыстың бөлшектері табылды.

Ескерткіштің ежелгі заманда-ақ тоналып кеткеніне қарамастан қабір шұңқыры мен қабір үсті құрылысының құрылымдық ерекшеліктері, сонымен қатар обадан табылған жерлеу заттары ескерткішті шамамен ж.с.д. V ғ. мерзімдеуге мүмкіндік береді.

«Торғай даласындағы ерте темір дәуірінің обалары» атты ғылыми жобасы аясында **Торғай отрядының жұмысы**. 2017 жылғы далалық маусымдық мерзімде ҚР Ұлттық Музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері «Дешті-Қыпшақ» ғылыми-зерттеу орталығының демеушілік көмегімен (жетекшісі – белгілі меценат Сапар Ысқақұлы) Саба жерлеу-ғұрыптық кешенінде (әрі қарай – ЖҒК) археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ескерткіш Қостанай облысы Арқалық қаласының Жаңақала ауылдық округының әкімшілік территориясында, 3,5 км солтүстікке, Жаңақала поселкісінен солтүстік-шығысқа және Арқалық қаласынан 85 см оңтүстік-

батысқа қарай орналасқан. Ескерткіштің оңтүстік-батысынан 1,5 км қашықтықта Үлкен Сабасалды, ал солтүстігінен 2–3 ем қашықтықта Торғай өзені ағып жатыр.

Саба кешені Оңтүстік-солтүстік бағыты бойынша орналасқан үш қорғандар тобын қамтиды. Біз негізгі «мұртты» обалар мен оның екі оба-серігінде, 72 тас құрбандық шалу орны және 4 оба-қоршаудан тұратын Саба ЖҒК қазба жұмыстарын жүргіздік.

Қазба жұмыстарын бастамас бұрын аталмыш қорған солтүстіктен-оңтүстікке – 32 м, шығыстан-батысқа – 31,50 м өлшемнен тұратын топырақ-тасты үйіндіні тәріздес болатын. Үйіндінің биіктігі 3 м құрайды. Негізгі үйіндінің оңтүстік-шығысына №1а қорған-серік жалғасып жатыр. Нысанның өлшемі солтүстік-оңтүстік – 8 м, батыс-шығыс – 7,50 м, биіктігі 75 см құрайды. № 1 обаның солтүстік-шығысына №1б оба-серік жалғасып жатыр. Үйінді шабылған тастардан үйілген. Нысан диаметрі 7,50 м, биіктігі 70 см.

Оба-серіктерден шығысқа қарай 11 және 16 м тас қатары басталады, яғни обаның «мұрттары». Бұл қатар доға тәріздес бағытта шығысқа қарай созылып жатыр. «Мұрттың» ұзындығы 133–145 м құрайды. Тас қатарының ені 2–3 м.

Негізгі №1 оба. Бірінші кезеңде жоғарғы, қыртыс қабат ашылған болатын. Үйіндінің жоғарғы қабатындағы тастарды тазалау барысында үйінді бірнеше архитектуралық элементтерден тұратыны белгілі болды. Негізгі үйінді топырақтан құрастырылған, оның негізінде орташа және ірі өлшемді плиталардан тас қаланған, негізінен тіктөртбұрышты формалы. Тастарды алғаннан соң аталмыш құрылыстың биіктігі 40-тан 75 см дейін барады. Қабаттар саны 4-тен 11-ге дейін барады. Тас үйіндінің өлшемі келесідей: солтүстік-оңтүстік – 29,60 м, шығыс-батыс – 30,90 м. Қаланған тастан 3-3,5 м қашықтықта жерге тас плиталары қаланған, бірақ, негізінен, плиталар жалпақ жағымен жатыр. Тас үйінді мен жерге вертикалды қағылған плиталар арасы тастармен және орта пішінді плиталармен жабылған. Бұл элементтер кешеннің қуатты бекіту белдеуінің рөлін атқарады, яғни үйіндінің шашылуын болдырмайды. Үйінді үсті 1–4 қабатты тастармен жабылған.

№1а және №1б оба-серіктер хронологиялық тұрғыда кейіннен тұрғызылғаны анықталды. Бұған оба-серіктердің үйіндісінің орны дәлел болады, яғни олар негізгі нысан үйіндісі негізінің үстінде жатыр.

№ 1 оба үйіндісінің стратиграфиясын анықтау мақсатында солтүстік-оңтүстік және шығыс-батыс траншеялары қазылған. Нәтижесінде 4 қабат анықталды, олар: қоңыр құмдақ, сұр құмдақ, қара-қаңыр құмдақ саз балшық қабат, үстінен орташа және кіші өлшемді тастармен жабылған.

Негізгі үйіндінің орталық бөлігін аршу барысында тас плиталар мен саз балшық ерітіндісінен жасалған қабір үсті құрылыс анықталған болатын. Аталған құрылыс екі элементтен тұрады – бұл негізгі күмбез тәрізді құрылыс, оның астында оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған қабір шұңқыры мен дромос орналасқан. Қабір шұңқыры тіктөртбұрышты, оның бұрыштары тас құрылыстың ішкі контурына нақты орнатылған. Қабір шұңқыры БСБ-ШОШ

бағыты бойынша бағытталған, оның өлшемі 3,20x2 м, ал тереңдігі – 50 см. Нысанды зерттеу барысында аталмыш элиталы сақ қорғаны ерте кездері тоналғандығы анықталды.

Жұмыс барысында тонаушылық жолдан келесідей бұйымдар табылды: 152 қола жебе ұштары, темір қанжар, қола және темір пышақтар, өрнектелген қыш құмыра бөліктері және жерленген адамның сүйектері. Сондай-ақ, № 1 обадан батысқа қарай орналасқан құрбанық шалу орындарының бірінде қоладан жасалған жебе ұшы табылды. Аталмыш артефактілер негізінде ескерткіш шамамен осы аймақта ж.с.д. VI ғасырда өмір сүрген сақтардың элитасының құрметіне салынған деп болжаймыз.

Саба ЖҒК кешенді түрде зерттеу мақсатында қазба жұмыстары басталған болатын, ол № 1 обадан солтүстік-батысқа қарай 7 құрбандық шалу орнын қамтыды. Негізінен, құрбандық шалу орындары шеңбер және шаршы тәрізді формада ірі тастардан құралған, құрбандық шалу орындарының ара қашықтығы 100-ден 130 см дейін барады. Сондай-ақ тас «мұрттардың» құрылыс жүйесі мен бағытын анықтау мақсатында 2 қазба жұмыстары басталды. 1 қазба солтүстік қатардың басында басталды. Оның өлшемі 7x3 м. Солтүстік-батыс – батыс-оңтүстік-батыс бағыты бойынша ұзын белдікпен бағытталған. 2 қазба оңтүстік қатардың басында басталды. Өлшемі 11,50x3 м құрайды, қазба оңтүстік-шығыс – солтүстік-батыс бағыты бойынша ұзын белдікпен бағытталған. Қазба жұмыстары аяқталған соң, ескерткіште қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Осы жылғы далалық маусымда сақтардың Ұлытау тауы мен сарматтардың Торғай үстіртіндегі мәдени байланыс аумағында орналасқан Саба жерлеу-ғұрыптық кешенінде зерттеу жұмыстары басталды.

Арал-Каспий экспедициясы «Арал-Каспий өңірінің ежелгі тұрғындары: көші-қон мен мәдениеттер эволюциясы (тас және палеометалл дәуірлері)» жобасы негізінде жүзеге асты. 2017 жылдың шілде айында «Халық қазынасы» ҒЗИ қызметкерлері Т. Мамиров пен Ж. Аккошкарлова Арал-Каспий отрядының құрамында Ақтөбе және Батыс-Қазақстан облысы территориясында тас және палеометалл ескерткіштерін зерттеу жұмыстарына қатысты.

Маусымдық мерзімде Ілекшар қорымындағы жұмыстар № 18 шағын обасында жүргізілді. Обаның диаметрі 9 м, биіктігі 4,5 м.

Үйіндінің астынан әр дәуірдің 7 жерлеу орындары табылды: ерте қола дәуірі (4-ші жерлеу орны – шұңқырлы мәдениет), ортаңғы қола (1-3 жерлеу орындары) және ерте темір дәуірі (5-6 жерлеу орындары), сондай-ақ затсыз бос жерлеу шұңқыры.

Құмсай қорымында 2017 жылы № 134 обасының оры зерттелген болатын. Аталған жерде зерттеу жұмыстары 2012 жылы жүргізілген болатын. Бұл нысан обаның қазіргі таңдағы диаметрі 47 м, ал үйіндісінің биіктігі 2,35 м.

Орталық бөлігінің оңтүстік жағынан траншея түрінде қазба салынды, оның ұзындығы 10 м және ені 3 м. Үйінді шетінен 6 м қашықтықта шұңқыр

162 см тереңдікке дейін барады, оның ені 2 метрге дейін жетеді. Ордың түбінен ақырындап көтеріледі және шетінің қалыңдығы 40 см.

Қазба жұмыстары барысында сүйектің бөліктері мен жапсыру техникасын қолданған төрт қыш қалдықтары табылды. Қыш әлсіз күйдірілген. Екі құмыраның бөліктері болуы мүмкін. Сыртында өрнексіз (шөп немесе штамп көмегімен тегістелген, қыртыс іздері көрінеді). Қыш ыдыс арнайы түрде сындырылып, орға лақтырылған. 2010 жылдан бастап қыштың төрт фрагменті «ең көп» табылған болып табылады.

2017 жылы Сарымырза тұрағында екі шурф орнатылған, олардың өлшемдері екі геоморфологиялық позицияда 1x1 кв.м. № 1 шурф 2016 жылғы барлау жұмыстарынан батысқа қарай 6 м орналасқан. Шөгінді тереңдігі 60 және одан да көп см құрайды. № 2 шурф ескерткіштің шығыс террасасына қарай орналасқан. Жұмсақ шөгінділер тереңдігі – 25–30 см құрайды. Ескерткіш маңынан материалдар жиналған болатын. Материал кремний түрімен көрсетілген.

Тас дәуірінің ескерткіштерін іздестіру бойынша жұмыстар Үлкен Борсық құмдарында және Нұра-Торғай ауданында жүргізілді. Нұра-Торғай ауданында Белшер 1–3 тұрақтары зерттеліп, Белшер-4 тұрағы ашылды.

Үлкен Борсық құмдарының батысында 10 ескерткіш табылды, олардың ішінде 6 тұрақты атап өтуге болады. Олардың ішінде: Көпсал, Жаңақоныс, Байқадам пункт 1-2 және т.б.

Экспедиция барысында табылған материалды өңдеу мақсатында ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ҒЗИ зертханасына өткізілді.



8. Ілекшар қорымындағы жұмыс



9 . Белиер кентіндегі жергілікті тұрғындарға түсіндіру жұмыстары

Хантау отрядының жұмысы ҚР БҒМ ҒК «Оңтүстік-батыс Балқаш палеолиті» жобасы аясында жүзеге асты. 2017 жылдың тамыз айында ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері Т. Мамиров тас дәуірінің ескерткіштерін зерттеу бойынша Жамбыл облысының Мойынқұм ауданы территориясында, Хантау отрядының құрамында жұмыс жасады.

2017 жылы зерттеу жұмыстары 1965 жылы А.Г. Медоев зерттеген үлкен тұрақтардың координаталарын анықтау бойынша жүргізілген болатын. Жұмыс барысында келесі ескерткіштердің орнын анықтау жұмыстары жүзеге асты.

№ 31 орын Сарыбұлақ өзенінің оң жағында орналасқан, мустье фации леваллуа ретінде даталанған. Далалық жолдың шығыс және батысындағы делювиалды және пролювиалды шлейфі зерттелген болатын. Жолдың батысына төменге қарай жаңқа қырғышы табылды (кейінгі палеолит – неолит?).

№ 29 орын А.Г. Медоев жазбалары бойынша Жақсыталды шатқалының Майжарылған тауының оңтүстік-батыс бөктерінде орналасқан. 2017 жылы Жақсыталды өзенінің оң жағалауынан 1 км қашықтықта, таулардың батыс бөктерінде жаңқа фрагменттері табылды.

№ 40 орын А.Г. Медоев жазбалары бойынша Жамбыл тауының солтүстік-батыстағы жалғасы болып табылады және Аймаханчохо тауынан 4 км батысқа қарай орналасқан. Осы жерден бір ғана жаңқа табылған болатын. 2017 жылы жазбаларға сай жаңқа табылған тау бөктерлері мен баурайлары зерттелінді. Айманшоқы (Аймаханчохо топонимінің қазіргі таңдағы атауы) тауы ежелгі жанартау сияқты.

№ 46 орын палеолит кезеңіне жатады, архаикалық жаңқа табылған, Жамбыл тауының солтүстік-батыс даласында, Айманшоқы тауының батыс-солтүстік-батысынан 2,5 км қашықтықта орналасқан.

№ 41, 42, 44, 47 орындары Қаршығалы өзенінің оң жағалауының аумағында орналасқан. Нақты орны анықталмаған. Қаршығалы өзенінің оң жағалауын зерттеу барысында кремнийден жасалған артефактілер табылған болатын. Аталмыш орын нуклеус және құралдар тұрақ-шеберханасы болып табылады, қашықтығы 200 м және ені 40 м. шикізаттың шығу көзі тұрақтың батысына қарай кездеседі.



10. Палеолит дәуіріндегі тас жәдігерлерді суретке түсіру

Палеолиттік отряд құрамындағы жұмыс ҚР БҒМ ҒК «Тас және қола дәуірінің ежелгі өндірісі технологиясын кешенді зерттеу» гранттық жобасы аясында жүзеге асты. 2017 жылдың тамыз айында ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ҒЗИ ғылыми қызметкерлері Т. Мамиров пен Ж. Аккошқарова палеолит дәуірі ескерткішін зерттеу мақсатында Палеолит отрядының құрамында жұмыс жасаған болатын. Зерттеу жұмыстары Қарағанды облысы Ұлытау ауданында жүргізілді.

Ескерткіш Жезді-Үлкен Жезді-Бала Жезді өзендерінің қосылған жерінде орналасқан. Өзен аңғары күрделі геолого-геоморфологиялық құрылса ие (Н.Г. Кассин, Г.Ц. Медоев, Б.Ж. Аубекеров және т.б. еңбектері бойынша). Жезді өзенінің аңғары төрттік кезеңге дейін қалыптасқан, бірнеше рет аллювиалды шөгінділермен толтырылып, эрозиялық үрдістерге тап болған. Бұл кешенге неоген-төрттік кезең шөгінділеріне қазіргі таңдағы Бала Жезді мен Үлкен Жезді өзендерінің арналары келіп тоғысқан. Үлкен Жезді өзенінің сол жақ террасасы бор-палеоген, неоген және төрттік кезең шөгінділерімен көрсетілген. Төрттік кезең жауын-шашынының қуаты әлсіз – 1–2 м. Олар аралдық саз балшық пен палеозой шөгінділерінің шаюында орналасқан.

2017 жылы ескерткіште қазба жұмыстары жалғастырылып, қазба аумағы кеңейтілді. Палеопедологиялық және палионологиялық сараптама жүргізу мақсатында ескерткіштен сынама алынды.



11. *Үлкен Жезді тұрағы*

Тұран экспедициясы жұмыстары «Шу-Талас аймағындағы ұзынқорғанды ортағасырлық қалалар» гранттық жобасы аясында жүзеге асты. Аталмыш жоба аясында «Халық қазынасы» ҒЗИ-нің аға ғылыми қызметкері Сырым Есенов Жамбыл облысының Шу ауданы территориясындағы Ақтөбе (Баласағұн) қалашығындағы далалық зерттеу жұмыстарына қатысты. Сонымен қатар кестеге сәйкес Жамбыл облысының Шу, Қордай, Талас аудандарында орналасқан ортағасырлық Қордай, Тамды, Ақтөбе қалаларында табиғи апаттан бұзылып жатқан ескерткіштерді зерттеу жұмыстарына да қатысқан болатын.

Қазба жұмыстары барысында ортағасырлық құрылыс нысандары, әртүрлі көлемдегі бөлмелер, шаруашылық нысандары, қыш ыдыстар және т.б. жәдігерлер табылды. Табылған жәдігерлер камералдық өңдеуден өткізіліп жергілікті музей қорына тапсырылды. Зерттеу барысында ашылған нысандарда қорғау сақтау және музейлендіру жұмыстары атқарылды.

12



Асар экспедициясы жұмыстары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті мен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының «Арал маңындағы егіншілік және мал шаруашылық мәдениеттерінің қала мәдениетімен өзара байланысы (ж.с.д. I мыңжылдық)» атты жобасы бойынша жүзеге асты. Аталған жоба аясында «Халық қазынасы» ҒЗИ археологиялық мұра бөлімінің аға ғылыми қызметкері Рүстем Дәрменов Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы Шіркейлі-Қосасар қонысын зерттеу жұмыстарына қатысты.

Шіркейлі-Қосасар – сопақша тәрізде үлкен қоныс, 1000х400 территорияны қамтып, үш қамалдан құралған кешеннен тұрады, шамамен әр уақытта және белгілі бір кезеңде біріккен бір фортификация жүйесімен құралған. Шіркейлі-Қосасардағы Жетіасар археологиялық ескерткіштеріндегідей ескерткіш беті қыш фрагменттерімен жабылған. Жерүсті материалдарының ішінде Жетіасар мәдениеті кешенінің барлық кезеңдеріне тән материалдар мен бұйымдар кездеседі, бұл қалашықтың өміршеңдігін дәлелдейді.

Археологиялық барлау жұмыстары мен аэрофототүсірілімді шифрлау барысында Хорезм экспедициясы келесідей қорытындыға келді: қоныс Сырдария өзені ағыстарының бірі – Ескідәрия өзені маңында шоғырланған. Хорезм экспедициясы материалдарына сүйенетін болсақ, Ескідәрия арнасы ежелден келе жатқан ағыстардың бірі, екі мың жыл бойы «өмір сүргенін» айта аламыз.

Шіркейлі-Қосасар ескерткішінде жүргізілген зерттеу жұмыстары Жетіасар мәдениетімен үйлесімділік табылмайды және осы жерде қоныстанған өзге этносқа жатады.

Қазіргі таңда қоныс және ескерткіш маңында толығымен өсімдік өсіп кеткен. Бұл жағдай территорияны ХХ ғ. 50–60 жылдарында қайта суландыру жүйесімен байланысты.

Жанкент экспедициясы жұмысы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетімен бірге Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Сортөбе қалашығы мен Қазалы ауданындағы Жанкент қалашықтарын зерттеуге бағытталды (орын.: Дәрменов Р.).

Ортағасырлық Жанкент қалашығының орны, Арал теңізінің шығысында орналасқан археологиялық ескерткіштер, археологиялық қазбалар барысында алынған заттар, «батпақтағы қалалардың» жазбаша және ауызша тарихы мәселелері зерттеу нысаны болып табылады. Археологиялық қазба жұмыстары ортағасырлық Жанкент қалашығында жүргізілді. Зерттеу жұмыстары барысында табылған деректік материалдарды бұрынғы дерек көздердегі мәліметтермен салыстыру, талдау және қорытындылау негізінде Жанкент қалашығының ортағасырдағы тарихын жаңаша көзқараспен жазу - зерттеу жұмысының басты мақсаты болып табылады. Ғылыми жобаны орындау барысында жинақталған заттай дерек көздерін өңдеуден өткізу арқылы, Жанкент қалашығы мен Шығыс Арал өңірінде ортағасырларда өмір сүрген тайпалардың көршілес Орта Азия және Шығыс Еуропаның

ортағасырлық тайпалары арасындағы этномәдени, саяси, экономикалық қатынастардағы рөлін анықтау.


Зерттеу жұмыстары барысында жинақталған заттай және жазбаша дереккөздерін талдау үшін, соңғы жылдары Отандық археология ғылымы жеткен жетістіктер мен енгізілген жаңалықтар негізге алынды. Зерттеу жұмысында жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, сыннан өткен, жаңа көзқарастар тұрғысынан жазылған отандық және шет елдік зерттеулер басшылыққа алынды, отандық ғалымдар тарих пен археология саласына енгізген жаңа әдіс-тәсілдер қолданылды. Жобаны орындау барысында аталған әдіснамаларды қолдану ортағасырлық Жанкент тарихын объективті түрде сипаттауға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеулер барысында отырықшы және көшпенді мәдениеттер арасында жүретін тайпааралық байланыстар теорияларын талдаған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы мүшелері С.П. Толстов, Б.В. Андрианов, М.А. Итина, Б.И. Вайнберг, Л.М. Левина және т.б. ғалымдардың әдіснамалары кеңінен қолданыс тапты.

Археологиялық материалдар тарихи-мәдени сипаттағы мәселелерді шешуде және өркениетті қоғамдардың өзара ықпалдасуы мәселелерінде де негізгі деректердің базасы болып табылады. Бұл зерттеуде археологиялық барлау және зерттеу экспедициялары барысында алынған, ортағасырлардағы мыңжылдықтар шекарасында жүріп отырған этногенез процесстеріне жаңа сәуле түсіруші нәтижелер пайдаланылады.

Үстіміздегі жылдың тамыз айында, ортағасырлық Жанкент қалашығында жүргізілген археологиялық жұмыстарды 2 қазба отряды жүргізді. Бірінші отряд қалашықтың солтүстік қорғаныс қабырғасы мен қалашық цитаделінің шығыс қабырғасы қиылысатын ішкі бұрышында қазба жұмыстарын және солтүстік қорған қабырға үстінен қима салу әдісімен қазба жүргізді. Екінші отряд қалашықтың шығыс бөлігінде орналасқан бірнеше бөліктен тұратын ірі тұрғынжайда қазба жұмыстарын жалғастырды.

Қазба жұмыстары барысында алынған материалдар нәтижесінде Жанкент қалашығынаң ортағасырдағы қолөнері жаңа материалдар негізінде толықтырылды.

Ғылыми айналымға соңғы жылдары енген Жанкент қалашығының археологиялық материалдары тың тарихи дерек ретінде талданып жазылды.



13. Сортөбе қалашығының аэрофототүсірілімі



14 Қазынды I. 8,9 бөлмелердің шығыстан көрінісі (Сортөбе қалашығы)

Шыңғыстау экспедициясына қатысу жұмыстары «Шыңғыстау жәдігерлері» жобасы аясында жүзеге асты (орынд: Хурметбек А., Құрманғалиев А). Зерттеу жұмыстары Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы территориясында жүзеге асты (Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Шыңғыстау археологиялық экспедициясы).

Зерттеу жұмыстары Шығыс Қазақстан территориясындағы қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеумен және Қазақстанның қола дәуірінің археологиялық картасында Шыңғыстау қорымын анықтаумен байланысты.



15 (2) Кіші ғылыми қызметкер А.Хурметбек Шыңғыстау экспедициясына қатысты



15 Шыңғыстау экспедициясына қатысушылар

«Ботай қонысындағы әлеуметтік-экономикалық және дүниетанымдық мән-мәтіндерді зерттеу мен қайта жаңғырту» тақырыбы аясында *экспедиция жұмысына қатысу*. ҚР Ұлттық музейі ғылыми-әдістемелік бөлімінің археология және этнография бөлімінің қызметкерлері В. Ф. Зайберт басшылығымен Солтүстік Қазақстан территориясындағы энеолит кезеңіне жататын белгілі Ботай ескерткішіне зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысты.

Ұлттық музей ғылыми қызметкерлері жұмыстарының тағы бір бағыты – этнографиялық экспедицияларды ұйымдастыру және жүргізу болып саналады.

Этнографиялық отрядтың Ақмола және Оңтүстік Қазақстан территориясы бойынша этнографиялық материал жинау жұмыстары. Экспедиция құрамында «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты дәстүрлі мәдениет бөлімінің ғылыми қызметкерлері А. Мұсағажинова мен А. Сауытбекова қатысты. Жұмыс барысында дәстүрлі шаруашылық, сал-дәстүрлер, тамақ, киім, сондай-ақ топонимика бойынша іргелі материалдар жинақталды. Экспедиция жұмыстары ОҚО Түлкібас, Арыс, Шардара, Сарыағаш, Отырар аудандарын қамтып, Ақмола облысының Бурабай, Зеренді аудандарын қамтыған болатын.



16 Ғылыми қызметкер А.Сауытбекова Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара қаласындағы ақпаршыдан сұхбат алуда



17 Аға ғылыми қызметкер А. Мұсағажинова Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Азаттық ауылында ақпаршылармен әңгімелесуде

Музыка-фольклорлық отряды Оңтүстік Қазақстан территориясында этнографиялық материалдар жинау мақсатында ұйымдастырылған болатын. Экспедиция жұмысына «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты дәстүрлі мәдениет бөлімінің ғылыми қызметкері А. Мәулетұлы қатысты.

Жұмыс барысында ОҚО музыкалық мұрасы бойынша материал жинау жұмыстары жүргізілді. 33 күй жиналып, 13 лирикалық ән, 4 жарапазан түрі, 1 жар-жар, 1 сыңсу, 1 терме және т.б. жинақталып, аудио және видеоға түсіріліп алынды.

Л. Гумилев атындағы ЕҰУ «Көне түрік жазуы: дамуы және таралу ареалы» атты *Халықаралық жоба жұмысына қатысу* (орын.: Т.Б. Молдабай). Палеографиялық экспедиция жұмысы Орталық және Батыс Монғолияның ортағасырлық палеографиялық ескерткіштерін зерттеумен байланысты.

Ғылыми-әдістемелік қызметінің екі ғылыми қызметкері (аға ғылыми қызметкер А.Ж. Әбу, ғылыми қызметкер А.У. Бирмуханова) маусым айының 10-нан 24-не дейін Қазақ Ұлттық Географиялық қоғамының Батыс Қазақстанның сакральды нысандарын зерттеу жұмыстарына қатысты. Экспедиция «Туған жер» бағдарламасы аясында Қазақ мәдени ғылыми-зерттеу институты мен Qazaq Geography Қазақ Ұлттық Географиялық қоғамы тарапынан ұйымдастырылды.



№18, 18а Экспедицияға қатысушылар

ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ҒЗИ зертханаларының жүргізген жұмыстары

Физикалық антропология зертханасында 2015–2016 жж. Қошқарбай, Айғырлы-2, Қараоба, Төртоба ескерткіштерінің археологиялық материалдарына зертхананың ғылыми қызметкері Ә. Сұрағанов алғашқы өңдеу жұмыстарын жүргізген болатын. Физикалық антропология зертханасының палеоантропологиялық материалдарының тізімі жасалды. Сондай-ақ палеоантропологиялық материалдардың топтамалық нөмірін жасау жұмыстары жүргізілуде.

Жәдігерлерді алғашқы қалпына келтіру және жаңғырту зертханасының қызметкерлері металл бұйымдарын (А. Қайырмағамбетов), қыш ыдыстарды (Д. Исмаилов) консервациялау, артефактілердің суретін салу (Ж. Аққошқарова), сипаттау, фотосуретке түсіру жұмыстарын жүргізеді.

Зертхана қызметкерлері Қарқара кешені, Қатартөбе қорымы, Айғырлы 2 және Ақпан ғибадатханалары, Төртоба қорымының, сонымен қатар Құлانشы (Ырғыз ауданы), Жылтыр 1, 2, Шағыр 1, 2, Шұқыр, Қарағайлы, Маяқұм, Тілеукұл, 30-разъезд, Шалқар (Шалқар ауданы), Лушниковское,

Лушниковское 2, Қыркелді, Қызылқайың (Қарғалы ауданы), Сарымырза (Хромтау ауданы), Сарыарқа, Мұзбель, Тосбұлақ 1, 2, Жаман-Айбат 1, Аманкөл 1, 2, 3, 4, Шет 1-4 т.б. ескерткіштерінің материалдарымен жұмыс жүргізді. Ескерткіштердің хронологиялық шегі тас дәуірінен басталып ортағасырмен аяқталады. Артефактілер әртүрлі материалдардан жасалған, бұл – металл (алтын, күміс, темір, қола), сүйек, тас, саз-балшық және ағаш. Олжалар 2016 жылы табылған.

2016 жылғы жазғы далалық археологиялық жұмыстар нәтижесінде Институттың зертханасына жалпы 2968 дана жәдігер әкелінді. Олардың ішінде алтын фольгадан (22 дана) және алтыннан жасалған бұйым фрагменттері (23 дана), күмістен жасалған бұйымдар (3 дана), қоладан – (311), темірден – (10 дана), темір бұйым фрагменттері (35 дана). Сонымен қатар, қыш ыдыстар мен тостағандар (11 дана), қыш ыдыс фрагменттері (1360 дана), сүйектен жасалған бұйымдар (9 дана) және тас бұйымдардың үлкен коллекциясы (1146 дана) бар. Одан басқа антропологиялық материал бар – бұл 16 толық және толық емес қаңқалар және жылқы, басқа да жануарлардың қаңқалары сияқты остеологиялық материалдар (21 дана).

Зертханаға түскен барлық бұйымдар өндеудің бірінші кезеңінен өтті, яғни тіркеу және алғашқы тазалау. Бұйымдардың өлшемдері алынды және сақталу деңгейі мен сыртқы ерекшеліктері тіркелді. 60 жебе ұшы, күміс қормасап ілмегі және ағаш ыдыс қаптырмалары, 6 алтын жапсырма, 2 қола айна алғашқы қалпына келтіруден өтті және 14 қыш ыдыс жабыстырылды.

Тас бұйымдар алғашқы тазалаудан өтіп, фотосуретке түсірілді және өлшемдері алынып, сипаттау жұмыстары жүргізілді 50-ден астам артефакт графикалық суретке салынды.

2107 жылғы далалық археологиялық зерттеулер нәтижесінде жәдігерлерді алғашқы қалпына келтіру мен жаңғырту зертханасына келесідей артефактілер келіп түсті: алтын фольга фрагменттері, ат әбзелінің қоладан жасалған бұйымы, сүйек бұйымдар, қола жебе ұштары, темір бұйымдар, екі қыш ыдыс, көптеген қыш фрагменттері, шамамен 1200 тас бұйымдар (қырғыштар, өзектастар, тілікшелер, жаңқалар, жебе ұштары, келі, үтікше және т.б.) және остеологиялық материалдар.

Зертханаға түскен артефактілер бойынша алғашқы тіркеу және фотосуретке түсіру жұмыстары атқарылды.

Зертхананың таяудағы жоспарына 2017 жылы түскен барлық заттардың толық тіркеуін өткізу және жалпы артефактілер ішінен қалпына келтіру және жаңғырту жұмыстарын қажет ететін бұйымдарды анықтау. Зертхананың алғашқы кезектегі міндеттеріне тез бұзылатын жәдігерлерді сақтау бойынша жұмыстары жатады. Оған ағаш және металл бұйымдар енеді. Сонымен қатар, қыш ыдыстар мен тостағандарды қалпына келтіру жұмыстарына көп көңіл бөлінеді.

Редакциялық баспа қызметі (редакция алқасына қатысу, рецензиялау, жауапты редакциялау):

ҚР Ұлттық музейі директорының орынбасары, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.К.Таймагамбетов рецензияланған екі басылымның редакциялық кеңесінің құрамына кірген. Рецензияланған басылымның біреуі – шетелдік басылым (халықаралық рецензияланған «Археология, этнография и антропология Евразии» журналы) және біреуі отандық басылым («Мәдени мұра» ғылыми-көпшілік журналы). Бірінші басылым – «Археология, этнография и антропология Евразии» журналы орыс және ағылшын тілдерінде, бірдей нұсқада, жылына төрт нөмірі шығады. Редакциялық алқа және редакциялық кеңес мүшелері Ресей, Азия, Еуропа және Американың жетекші ғалымдары саналады. Аталған басылым – халықаралық PИLА(Publishers International Linking Association) ассоциациясының мүшесі. Журналды шығарушы – PҒА СБ АЭТИ Ғылыми редакторлар және баспагерлер ассоциациясының (PРБА) мүшесі. Журнал:

— «Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялардың басты нәтижелері жарияланатын рецензияланған ғылыми басылымдардың тізіміне»,

— Ғылыми дәйектеудің ресейлік индексіне (ҒДРИ),

— Web of Science платформасының Russian Science Citation Index-ке,

— Scopus деректер базасына кіргізілген.

«Мәдени мұра – Культурное наследие» журналы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі базасында шығарылатын ғылыми-көпшілік басылым. Бас редактор Ж. Бейсенбайұлы (2017 жылғы № 1, № 2 үшін). Кейіннен бас редактор міндетін С. Жолдыбай (№ 3), К. Жиенбай (№ 5-6 және ағылшын тіліндегі 2 нөмір) атқарды.

Басылымның редакциялық алқасына Қазақстанның (Ж.О. Артықбаев – Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің профессоры; Ә.Дербісәлі – Р.Сүлейменова ат. Шығыстану институтының директоры, профессор, Алматы; З.С.Самашев - Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің профессоры; А.Тоқтабаев – ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері) және Германияның (Т.Штольнер – Тау істері музейінің археология бөлімінің меңгерушісі, Бохум қ.), Ресейдің (Ю.С.Худяков – PҒА СБ Археология және этнография институтының бас ғылыми қызметкері, Новосибирск), Түркияның (А.Ташагыл – Йедитепе университетінің профессоры, Стамбул қ.) танымал ғалымдары кірген.

Есепті кезең ішінде 6 нөмір шықты: № 1 (70) – қаңтар-ақпан (27 мақала; 146 бет) және № 2 (71) – наурыз – сәуір (23 мақала; 144 бет). № 3 (72) – мамыр – маусым (30 мақала; 134 бет), № 4 (73) – шілде-тамыз (30 мақала; 152 бет), № 5 (74) – қыркүйек-қазан (26 мақала; 150 бет), № 6 – қараша-желтоқсан (27 мақала; 150 бет). Осылармен қатар, ағылшын нұсқасындағы екі қосымша нөмір дайындалып шығарылды. Барлық нөмірлер ҚР ҰМ сайтына қойылған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлерінің мақала жариялау белсенділігі:

Музей қызметкерлері есепті кезең ішінде баспаға **223**-тен астам мақала (шамамен **400** б.п.) дайындап жариялады.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысына авторлық және ұжымдық еңбектердің қосқан үлесі маңызды. Олардың арасында: «Халық қазынасы» ҒЗИ басшысы **А.Оңғарұлының** авторлық «Қазақстанның ежелгі тұрғындарының жерлеу ғұрпы» монографиясы (15,8 б.п.); дайындалуына **А.Оңғар**(20,0 б.п.) және «Халық қазынасы» ҒЗИ аға ғылыми қызметкері **С.Г.Есенов**(7,1 б.п.) қатысқан ұжымдық монография бар.

Өлкетануды дамыту орталығының басшысы т.ғ.к. **Б.Әбдіғалиұлының** баспаға дайындаған Алаш әскерінің тарихы бойынша **мұрағат құжаттарының жинағының** (38,0 б.п.) басылып шығуы отандық тарих ғылымындағы көрнекті оқиғалардың бірі болды. Кеңестік кезеңде берілген азамат соғысының тарихы біржақты, жекелеген сипатта болды, сондықтан ол ХХ ғасырдың алғашқы үштігіндегі драмалық оқиғалар туралы толыққанды сурет алуға мүмкіндік бермеді. Аталған жинақтың басылып шығуы сол кезеңдегі көптеген оқиғалар мен фактілерді анықтай түседі.

Жылдың бірінші жартысында «Халық қазынасы» ҒЗИ аға ғылыми қызметкері, т.ғ.к. **З.К.Сураганова** құрастырған айырбастау және сыйлау терминдері бойынша **этнолингвистикалық сөздік**(5,0 б.п.) шетелде басылып шықты.

«Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын іске асыру аясында елдің қасиетті нысандарының **2 жинағын** (62,5 б.п.), сол сияқты мемлекеттік және орыс тілдерінде «Қасиетті Қазақстан» - «Сакральный Казахстан» **энциклопедиясының бірінші томын** (30,0) дайындады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы республиканың қасиетті нысандарының екі жинағын және «Қасиетті Қазақстан» - «Сакральный Казахстан» энциклопедиясының бірінші томын баспаға дайындады:

— **Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары** / Сакральные объекты Казахстана общенационального значения / The Kazakhstan sacred objects of whole national importance. – Астана: Фолиант, 2017. – 496 б. – басылымда жалпыұлттық мәндегі **186** нысанға қысқаша сипаттама берілген;




№ 19

— **Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары** / Региональные сакральные объекты Казахстана. – Астана: Фолиант, 2017. – 504 б. – басылымда аймақтық мәндегі **453** нысанға қысқаша ақпарат берілген;




№ 20

— **Қасиетті Қазақстан. Бірінші том.** – Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 480 б.



№ 21

— **Сакральный Казахстан. Первый том.** – Алматы: Издание «Арыс», 2017. – 480 с.



№ 22

Жарияланған еңбектердің арасында **көрмелердің 6 каталогының** алатын орны ерекше (4 халықаралық көрме каталогы, 2 бейнелеу өнері туындылары көрмесінің каталогы, - 43.6 б.п.).

Халықаралық көрмелердің 4 каталогын шығару жарияланымдық белсенділіктің маңызды көрсеткіші саналады, олардың арасында:

— Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорларынан **«Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі»** жобасының аясындағы **«Ұлы дала көшпенділерінің өнері»** көрмесінің каталогы. Алматы: ЖК «Дастан», 2017. – 130 б.;

— **«Шығыс және Батыс: Мемлекеттік Эрмитаж топтамаларынан көне қарулар»** көрмесінің каталогы. – Санкт-Петербург, 2017. – 95 б.;

— Каирдегі ислам өнері музейінің топтамасынан **«Сұлтан Бейбарыс және оның дәуірі»** көрмесінің каталогы. – Астана: «VTK Тарлан» ЖШС, 2017. – 53 б.;

— **«Император Цинь Шихуандидің терракота әскері»** көрмесінің каталогы. – Сиань: Солтүстік-Батыс университетінің баспасы, 2017. – 196 б.

ҚХР көрмесінің каталогына А. Оңғарұлының Жетісудағы сак билеушілері кеңістіктің ұйымдастырылуы / Organization of the Space of Mounds of Saka Rulers of the Seven Rivers Region / Организация пространства курганов Правителей саков края Семи Рек мақаласы жарияланды. Сиань: Солтүстік-Батыс университетінің баспасы, 2017. Б. 179-191.

Заманауи бейнелеу өнерінің шеберлері М.Нарымбетов және С.Сүлейменова туындылары көрмелерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде өтуі Астана қаласындағы үлкен оқиға болды. Екі көрмеге де каталогтар дайындалды:

— С. Сүлейменованың **«Көкжиек / Линия горизонта/ Skyline»** көрмесінің каталогы. – Алматы: ТОО «Art Depo studio» ЖШС, 2017. – 46 б.

— **«Aruaqtyn tüsi»** Moldakul Narymbetov көрмесінің каталогы. – Астана, 2017. – 178 б.

Каталогтарды дайындауға шетелдік серіктестермен қатар, музейдің тиісті қызметтерінің барлығы қатысты.

Жыл ішінде конференциялар материалдарының **4 жинағы** шықты, оның ішінде: Алаш қозғалысының және Алаш-Орда үкіметінің 100 жылдығына арналған халықаралық **«Алаш – қазақтың ұлттық тұтастық идеясы»**

ғылыми-тәжірбиелік конференциясының (38,0 б.п.), республикалық «Ұлыстың ұлы күні - Әз Наурыз» ғылыми конференциясының (16,0 п.л.) және республикалық «Музей қызметін инновациялық дамыту мен ақпараттандырудың өзекті мәселелері» музей форумының (17,2 б.п.) материалдары.

«Халық қазынасы» ҒЗИ-да есепті кезең ішінде 8 басылым бойынша дайындық жұмысы жүргізілді, олардың арасында «Қазына» топтамасының үш томы бар:

— кітап – Ахмерұлы Қ., Хұсайынұлы М. Алтай-Қобда қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері (Том 4) - Монғолия қазақтарының домбыра мен сыбызғымен ойнайтын күйлері бір кітапқа жиналды. Баспаға дайын тұр. (жауапты: Р. Нүркенов);

— кітап – Болат Сарыбаев. Таңдамалы (Том 5)- Баспаға дайын тұр. (жауапты: Р. Нүркенов);

— кітап – Маулет А., Әбуғазы М. Іле қазақтарының домбыра күйлері (Том 6) – жұмыс жалғасуда, 35 күй нотаға түсірілді. Жұмыстың орындалуына жауапты тұлға Ұлттық кітапханада, Т.Жүргенов ат. Ұлттық өнер академиясының және Алматыдағы Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясының кітапханаларында тиісті жұмыстар жүргізді. Баспаға дайын тұр. (жауапты: А. Мәулет).

Зергерлік өнер әлемі. Мир ювелирного искусства. The world of jewelry—ғылыми каталогы бойынша жұмыс аяқталды. Баспаға дайын тұр. (жауапты: Оңғар А., Мұсағажина А., Нұсқабай Ә.);

Тағы 4 басылым бойынша дайындық жұмыстары аяқталуда:

— «Қазақтың бірегей тағамдары» (жауапты: Мұсағажина А.),

— «Ақмола облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Ерейментау ауданы» (жауапты: А. Қасеналин, С. Есенов, К. Асылбеков),

— «Қазақстанның ежелгі тұрғындарының жерлеу ғұрпы» (жауапты: А. Оңғар),

— «Үстірт және Аралдың шығыс өңіріндегі ежелгі ғибадатханалар» (жауапты: А. Оңғар).

Есепті кезең ішінде шетелдік баспаларда 25 ғылыми жұмыс басылып шықты. Оның ішінде: 11 мақала шетелдік рецензияланған басылымда жарияланды. Олардың арасынан екі мақала шетелдік рейтингі жоғары **Journal of Human Evolution** және **Antiquity Publications Ltd** басылымдарында басылды. Сол сияқты келесі басылымдарда жарияланды.:

1) **Авангард науки** – шетелдік рецензияланған басылым. Журналдың сайты: <http://www.vnauke.kz/>. Индекстелуі [E-library: https://elibrary.ru/contents.asp?titleid=64029-2](https://elibrary.ru/contents.asp?titleid=64029-2) мақала;

2) **Перспективы науки** – шетелдік журнал, РФ ЖАК рецензияланған ғылыми жетекші журналдар мен басылымдарының тізіміне кіреді. «Перспективы науки» журналының құрылтайшысы «Ғылым мен мәдениетті

дамыту қоры» АҚК . ISSN 2077-6810. Журнал ай сайын шығады. Мақалалар орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады. Индекстелуі [E-library: https://elibrary.ru/title_about.asp?id=28981](https://elibrary.ru/title_about.asp?id=28981). Журнал сайты: <http://moofrnk.com/perspektivy-nauki/>– 1 жұмыс;

3) **Самарский научный вестник** –РФ ЖАК тізіміне кірген, шетелдік рецензияланған басылым. [Электронды ресурс]. URL: <http://www.pgsga.ru/research/samara-scientific-journal/>; индекстелуі <https://elibrary.ru/contents.asp?titleid=38739>– 1 жұмыс;

4) **Успехи современной науки и образования** – шетелдік рецензияланған ғылыми басылым. Индекстелуі Agris, [ERIH PLUS, Elibrary](https://elibrary.ru/contents.asp?titleid=54918) - <https://elibrary.ru/contents.asp?titleid=54918>– 1 жұмыс;

5) **Antiquity Publications Ltd** – бүкіләлемдік археологияның заманауи мәселелері қаралатын шетелдік рецензияланған журнал. Басылымның негізі 1927 жылы O.G.S. Кроуфордта қаланған. Журнал археологияның заманауи мәселелеріне, жаңалықтарға, археологиялық зерттеулер әдістеріне арналған, тілі академиялық және кәсіби көпшілік оқырманға түсінікті. Басылым мерзімдік, жылына алты рет шығады: ақпанда, сәуірде, маусымда, тамызда, қазанда, желтоқсанда. Журналды баспаға Ұлыбританиядағы Дарема университетіндегі археология департаменті дайындайды (Antiquity, Department of Archaeology Durham University, South Road, Durham DH1 3LE, UK – ISSN: 0003-598X (Print), 1745-1744 (Online). Impact Factor 2016: **1.536**. Online-нұсқасы: <https://www.cambridge.org/core/journals/antiquity>– 1 жұмыс;

6) **Journal of Human Evolution** – шетелдік басылым Elsevier, индекстелуі Scopus, Impact Factor: **3.932** (2016: Thomson Reuters Journal Citation Reports 2017). [Электронды ресурс]. URL: <http://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0047248416301373>– 1 жұмыс;

7) **Nauka I Studia** – Польшаның рецензияланған көпбағытты басылымы; индекстелуі - <https://elibrary.ru/contents.asp?titleid=38762>– 1 жұмыс;

8) **The Anthropologist**–шетелдік рецензияланған басылым Online-нұсқасы: <http://www.krepublishers.com/theanthropologist.html>– 1 жұмыс;

9) **The International Course for Cultural Heritage Management** – Корея Республикасындағы мәдени мұра менеджменті халықаралық бағдарламасы бойынша білім алатын машықтанушылар тезистерінің жинағы – 2 жұмыс.

Шетелдік конференцияларға қатысу:

ҚР ҰМ қызметкерлері Алжирде (Бусаада), Қытайда (Пекин, Сиань ққ.) Қырғызстанда (Бішкек қ.), Ресейде (Ижевск, Киров, Мәскеу, Омск ққ.) АҚШ-та (Чарльстон қ.) және Украинада (Харьков, Переяслав-Хмельницкий ққ.) өткен **11** ғылыми шараға қатысты.

— **BRISMIS forum**, agenda and oral abstract. – Beijing, China. Желтоқсан 2017 ж. (С. Б. Алипова);



— **5ème Colloque international.** Organisé par Le Laboratoire d'anthropologie psychanalytique et de psychopathologie (LAPP), Université Alger. Bousaada – Алжир университетінің Психоаналитикалық антропология және психопатология зертханасы ұйымдастырған халықаралық 5-симпозиум. Бусаада, 16 – 17 желтоқсан 2017ж. (З. К. Сураганова);

— **Proceedings of the IV International Scientific Conference.** North Charleston, SC, USA, January 17-18, 2017 (К. М. Асылбеков);

— **«Ертіс бойындағы, Жоғарғы Обь және Алтайдағы 2016 жылғы дала зерттеулері: археология, этнография, ауызша тарих» XII халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясы,** Омск, 24-25 наурыз 2017 ж. (З. К. Сураганова);

— **Ресей антропологтары мен этнологтарының XII конгресі,** РФ, Ижевск қ., шілде, 2017 (А. К. Сатубалдин, З. К. Сураганова);

— **В. М. Василенконы еске алуға арналған XV- ғылыми оқулар: «Орыс стилі. Ұлттық бірегейлікті іздеу»** Мәскеу, желтоқсан 2017 ж. (А. Мұсағажинова баяндама жасады);

— **«Заманауи әлемдегі өзекті ғылыми зерттеулер» XXVIII халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция.** Украина, Переяслав-Хмельницкий қ., 2017 (Т. Б. Мамиров, Г. Е. Тогабаева);

— **«XXI ғасырдағы ғылымның дамуы» XXVI халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция,** Украина, Харьков қ., (Т. Мамиров);

— **Халықаралық деңгейдегі бүкілресейлік «XLIX Студенттер мен жас ғалымдардың Еділ мен Жайық бойы археологиялық конференциясы»,** РФ, Киров қ., 2017 (Т. Мамиров);

— **Бүкілресейлік сәндік-қолданбалы және халық өнері музейінің «Достастық елдерінің мұрасы. Келешек үшін дәстүрлер» бағдарламасы аясындағы «1960-2010-жылдарғы сәндік-қолданбалы өнерді дамытудың басты үрдістері» конференциясы,** 31 шілде-2 тамыз 2017 жыл, Бішкек қ., (баяндама жасағандар: Р. И. Бекталиева, А. А. Мусағажинова, З. К. Сураганова);



№ 24

— Қытайдағы Ұлы Жібек жолындағы музейлер одағының халықаралық форумы Сиань қ., 7-10 қыркүйек (баяндама жасаған: А. Мұсағажинова). № 24 а-б



Қазақстанның табиғат, археология, этнография және діни сәулет нысандарының бірінші тізімін шығару дайындығына т.ғ.к. А. Оңғарұлы (7 нысан) және т.ғ.к. Т.Б. Мамиров (2 нысан) қатысты.

Жарияланған жұмыстардың ішінен – 11 мақала ҚР БҒМБҒСБК мақұлдаған тізілімге кірген басылымдарда жарияланды:

— **Асылбеков Қ.М., Есенов С.Г., Касеналин А.Е.** Тарихи-мәдени мұра нысандарына мониторинг жүргізу мен қорғау саласында геоақпараттық жүйелерді қолдану // Государственное управление и государственная служба. Международный научно-аналитический журнал. № 1 (60), 2017. – С. 298-303. [Электронды ресурс]. URL: <http://journal.apa.kz/images/books/1-2017/index.html?page=300>;

— **Байтілеу Д.А., Касеналин А.Е.** Ормандыбұлақ қорымының қола бұйымдары // <http://edu.e-history.kz/ru>. – № 4.;

— **Есенов С., Есетемесов Е.Ұзын** қорғанды Құлан қаласы // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – № 3 (117). 2017. – Б. 287-290;

— **Жусупова А.С.** Алаш партиясының құрылуы және ұлт зиялылары // Рухани мұра. Қазақстаника. National Digital History of Kazakhstan порталы

[Электронды ресурс]. URL: <http://e-history.kz/kz/contents/view/52221> сәуір 2017 (шыққан датасы: 01.04.2017).

— **Оңғарұлы А.** Жетісу сақтарының дүниетанымындағы ірі обалардың алар орны // Электронды«edu.e-history.kz» ғылыми журналы,№ 3 (11)/ [Электронды ресурс]. URL:<http://edu.e-history.kz/kz/publications/view/728>;

— **Мамиров Т.Б.,** Артюхова О.А. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорларындағы тас құрал-саймандар топтамасын зерттеу // Электронды ғылыми журнал «edu.e-history.kz» № 3 (11) <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/729>

— **Мәулет А.** Күйші Тергеусіз Бөлкейұлы// Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана – Science and life of Kazakhstan. № 1 (43), 2017. – Б. 38-41;

— **Молдабай Т., Закенұлы Т.** Writing culture of huns and turks // Хабаршы, Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті.– № 1 (113). 2017. – Б.81-87;

— **Сейсенбаева А.С.** Репатрианттар (оралман) мәселесінің зерттелу деңгейі // Хабаршы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. №2 (85). 2017. – Б. 80-85;

— **Сатубалдин А.К.** Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраларды қорғау саласындағы заңнамалық базасы // Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет. Халықаралық ғылыми-талдамалы журнал № 1 (60). 2017. – Б. 237-240 (з.ғ.д. Б. М. Нургалиевпен, з.ғ.д. К. С. Уалиевпен бірлескен авторлық) [Электронды ресурс]. URL: <http://journal.apa.kz/images/books/1-2017/index.html?page=238>;

— **Сураганова З.К.** Қазақстан Республикасында мәдени мұра тұжырымдамасын қалыптастыру тәжірбиесіне талдау (тарихнамалық шолу) // Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет. Халықаралық ғылыми-талдамалы журнал № 1 (60). 2017. – С. 241-246 [Электронды ресурс]. URL: <http://journal.apa.kz/images/books/1-2017/index.html?page=242>.

Ғылыми **58** жұмыс рецензияланған отандық ғылыми, ғылыми-әдістемелік және ғылыми-көпшілік басылымдарда жарияланды:

— **Ақиқат** – ұлттық қоғамдық-саяси журнал (1 мақала);

— **Астана мәдениеті** – республикалық ғылыми-танымдық журнал (11 мақала);

- **Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет.** Халықаралық ғылыми-талдамалы журнал (3 мақала);

— **Дәстүр** – этнографилық журнал (1 мақала);

— **Зияткер**–ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал (1 мақала);

— **Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана Science and life of Kazakhstan** – халықаралық ғылыми-көпшілік журнал (2 мақала);

— **Мәдени мұра** – ғылыми-көпшілік журнал (23 мақала);

- **Мирас** – қоғамдық-саяси және ғылыми-көпшілік журнал (1 мақала);
- **Рухани мұра. Қазақстаника. National Digital History of Kazakhstan** порталы [Электронды ресурс] (1 мақала).
- **Тіл және қоғам журналы**, альманах (1 мақала);
- **Ұлытау және ұлт.** Тарихи-танымдық, көркем-әдеби журнал - (1 мақала);
- **Шәкәрім** – ғылыми-танымдық журнал (1 мақала).

Қазақстан Республикасында өткен халықаралық және республикалық конференцияларға қатысу:

Отандық басылымдарда, Қазақстанда өткен халықаралық және республикалық конференциялар материалдарының жинақтарында **91** ғылыми жұмыс жарияланды.

Музей қызметкерлері баяндамаларының **45** мәтіні Ақтөбе, Алматы, Астана, Қарағанды, Павлодар, Семей және Түркістан қалаларында өткен халықаралық ғылыми-әдістемелік, ғылыми-тәжірбиелік және ғылыми-теориялық конференциялар, сол сияқты халықаралық форум жинақтарында жарияланды (қарау: Қосымша В).

Музей қызметкерлері баяндамаларының **46** мәтіні Алматы, Қарағанды, Қостанай, Тараз қалалары мен Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Жымпиты ауылында өткен республикалық конференция материалдарында жарыққа шықты (қарау: Қосымша В). Оның ішінде: музей қызметкерлері баяндамаларының **26** мәтіні ҚР Ұлттық музейінің алаңында ұжым күшімен ұйымдастырылған төрт конференцияның жинақтарына кірді:

- **«Алаш – қазақтың ұлттық тұтастық идеясы»** атты Алаш қозғалысы және Алаш Орда үкіметінің 100-жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары. – Астана: ҚР Ұлттық музейі баспа орталығы, 2017. – 559 б. ҚР ISBN 978-9965-23-426-2;

- **Музей қызметін инновациялық дамыту мен ақпараттандырудың өзекті мәселелері.** Республикалық форум материалдары. 2017 ж. мамыр 12, Астана қ./ Жалпы редакциясын басқарған Ж. К. Таймағамбетов. Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2017. – 275 б.;

- **«Ұлыстың ұлы күні - Әз Наурыз»** атты республикалық ғылыми конференция материалдары. – Астана: Ұлттық музейі баспа орталығы, 2017. – 249 б. ҚР ISBN 978-9965-23-406-4;

- **«Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларын зерттеу, сақтау мен насихаттаудың өзекті мәселелері»** тақырыбындағы дөңгелек үстел отырысының қарары (Астана қаласы, 12-ші желтоқсан 2017 жыл) // Ұлы дала мұралары. 1-шығарылым. Жылдық ғылыми басылым. – Астана, 2017. – 252 с.

Ғылыми кітапхана секторы оқырмандарға тұрақты түрде қызмет көрсетеді. Есепті кезең ішінде келушілердің жалпы саны – 982 адамды, оқырман саны – **853** адамды, кітап берілім – **801** бірлікті құрады.

Оқырмандар мен келушілердің санының көбірек болатын уақыты оқу кезеңінде (ақпан-мамыр және қазан айлары) болады және ол жаз мезгілінде төмендейді. Ғылыми кітапханаға келушілердің жоғары көрсеткіші тұрақты түрде наурыз (192 адам), сәуір (189 адам), мамыр (144 адам) және қазан (187 адам) айлары. Кітап берудің ең жоғарғы көрсеткіші қазан айында – 139 кітап.

айы	оқырман	келушілер саны	кітап берілім
қантар	75	25	90
ақпан	103	40	79
наурыз	70	192	77
сәуір	64	189	81
мамыр	73	133	75
маусым	24	40	31
шілде	19	28	19
тамыз	36	48	56
қыркүйек	33	30	42
қазан	102	187	139
қараша	49	30	67
желтоқсан	35	40	55
Барлығы:	853	982	801

ҒЫЛЫМИ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Әлеуметтік мәнді және ғылыми шараларды ұйымдастыру

2017 жылдың басы республиканың әлеуметтік-саяси өміріндегі маңызды екі оқиғамен: Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекелестікке қабілеттілік» жолдауымен және Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік биліктің тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі үндеуімен және осыларды қоғамдық талқылауларменесте қалды.

Осы екі бағдарламалық құжаттарды кеңінен қоғамдық талқылау аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ұжымы өз алаңында «**Қазақстан демократиялық жаңару белесінде**» (14 ақпан 2017 ж.) атты республикалық конференция және төмендегі тақырыптар бойынша 7 дөңгелек үстел отырыстарын өткізді:

- «Елбасының үндеуі – жаңарудың жаңа қадамы» (2 ақпан 2017 жыл);
- «Елбасы жолдауы: Қазақстанның жаңа даму бағдары» (2 наурыз 2017 жыл);
- «Демократиялық даму жолындағы Конституциялық реформа» (9 наурыз 2017 жыл).
- «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» (15 сәуір 2017 жыл);
- «Конституция – ел тұрақтылығының негізі» (29 тамыз 2017 жыл);
- «Қазақстан интеллигенциясы және ЭКСПО-2017» (6 қыркүйек 2017 жыл);
- «Ұлттың рухани жаңғыруы – Мәңгілік елге бастар жол» (7 қыркүйек 2017 жыл);

Барлық шаралар «Қазақстан» телеарнасы, «Егемен Қазақстан» газеті, «NATIONAL DIGITAL HISTORY» порталы, республикалық (<https://www.inastana.kz> және <https://baq.kz>) сайттары сынды республикалық БАҚ беттері арқылы таратылды.

Елбасының 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласында белгіленген Елбасы тапсырмаларын іске асыру аясында, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығы құрылды.

Өлкетануды дамыту орталығын құру аймақтық мәдениет басқармаларымен, елдің қасиетті нысандарын зерттеу бойынша музей және өлкетанушы қоғамдастықтармен толық масштабты жұмысты жолға салуға мүмкіндік берді.

Есепті кезең ішінде орталық қызметкерлері келесі жұмыстарды жүргізді:

- қасиетті нысандарды анықтау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар жасалды;

- аймақтардағы қасиетті нысандар бойынша материалдар жиналуда;
- аймақтық мәдениет басқармалары ұсынған тізімдер негізінде қасиетті нысандар жалпыұлттық және аймақтық мәнге бөлінді;
- өлкетанушылар қатысқан зерттеушілер топтары аймақтарда далалық экспедициялық зерттеулер жүргізді;
- алфавиттік-географиялық әдіспен иллюстрациялы энциклопедия, ұжымдық монография, халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция жасау үшін негіздемелер дайындалды;
- Қазақстанның қасиетті орындарын зерттейтін дала экспедициясына қатысушыларға әдістемелік нұсқаулық жасалды;
- аймақтармен жұмыс жасау барысында орталық басшысы Б.Әбдіғалиұлы және орталық қызметкерлері облыс орталықтарына және Алматы қаласына (II-III тоқсан ішінде) орындарда ғылыми-әдістемелік түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін барды;
- жалпыұлттық (186 нысан) және аймақтық (453 нысан) мәндегі қасиетті нысандардың жинағы дайындалып шығарылды;
- «Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясының 1 томы дайындалып шығарылды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде есепті кезең ішінде ғылыми және әлеуметтік мәнді сипаттағы, әртүрлі форматтағы барлығы **45 шара** ұйымдастырылып өткізілді, олар:

- Алаш қозғалысының және Алаш-Орда үкіметінің 100 жылдығына арналған **I халықаралық ғылыми-тәжірбиелік «Алаш – қазақтың ұлттық тұтастық идеясы» конференциясы** (24 қараша);

- **4 республикалық конференция:** «Қазақстан демократиялық жаңару белесінде» (14 ақпан 2017 ж.), «Ұлыстың Ұлы күні – Өз Наурыз» ғылыми-практикалық конференциясы (29 наурыз 2017 ж.), музей форумы (12 мамыр 2017 ж.) және Б. Нұрмағанбетовты еске алуға арналған республикалық «Алтын адам – тәуелсіз Қазақстанның символы» атты ғылыми-практикалық конференция (17 мамыр 2017 ж.);

- **1 конференция** «Жаңа технологиялар және отбасы» (21 мамыр);

- Наурызға (18 наурыз) және Халықаралық музейлер күніне (18 мамыр) арналған **«Музейдегі түн» атты мәдени-білім беру және имидждік 2 акция;**

- халықаралық деңгейдегі **«Музей және ашық орта» атты 1 ғылыми семинар-workshop** (15 наурыз 2017 жыл)

<http://fsn.enu.kz/index.php?>

[option=com_content&view=article&id=1995%3A2017-03-25-14-57-28&catid=3%3A2011-07-04-16-43-09&Itemid=36&lang=ru](http://fsn.enu.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=1995%3A2017-03-25-14-57-28&catid=3%3A2011-07-04-16-43-09&Itemid=36&lang=ru));

Есепті кезең ішінде келесі тақырыптарға **19 дөңгелек үстел отырысы:** «Ұлы тұлға ұрпақтары» - Қазақстанның даңқты тұлғаларының ұрпақтары (25 қаңтар 2017 ж.), Елбасының үндеуі – жаңарудың жаңа қадамы (2 ақпан 2017 жыл); «Елбасы жолдауы: Қазақстанның жаңа даму бағдары» (2 наурыз 2017 жыл); «Ұлы Дала елінің мұрасы» (3 наурыз 2017 жыл); «Демократиялық

даму жолындағы Конституциялық реформа» (9 наурыз 2017 жыл), «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» (19 маусым 2017ж.), «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» (15 сәуір); «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік рәміздері» (2 сәуір), Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясын талқылау» (19 маусым), «Мысыр тарихындағы мәмлүктер мен қыпшақтардың мәдениеті және тарихы» (10 тамыз), «Конституция – ел тұрақтылығының негізі» (29 тамыз), «Қазақстан интеллигенциясы және ЭКСПО-2017» (6 қыркүйек), «Ұлттың рухани жаңғыруы – Мәңгілік елге бастар жол» (7 қыркүйек), «Ұлы даланың болашағына қадам – латын әліпбиі» (19 қазан), Жаһандану әлеміне заманауи өнерді таныстырудың өзектілігі» (13 желтоқсан), сол сияқты ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұнның туғанына 1000 жыл толуына арналған дөңгелек үстел отырысы (15 ақпан), Саяси қуған-сүргін құрбандарын еске алу күніне (30 мамыр), қазақ әдебиетінің біртуар үш шебері М.Әуезовты, Ш.Мұртазаның, О.Бөкейдің туған күндеріне (28 қыркүйек) арналған отырыстар.

— Чикаго университетінің ғалымдарымен тарихи-мәдени мұраны және материалдық емес мәдени мұраны сақтау және зерттеу мәселелері (12 қыркүйек), мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерімен (6 қазан), жапониялық ғалымдармен (18 қазан), Корея ғалымдары мен зерттеушілерімен (12 желтоқсан) 2017 жылғы археологиялық дала маусымының нәтижелері қаралған халықаралық деңгейдегі **4 дөңгелек үстел отырысы;**

— Тақырыптық дискуссиялық алаңның төмендегі тақырыптарға **5 отырысы:** суретші Люба Стерликованың (Вашингтон, АҚШ) көрмесі шеңберіндегі «Ғылым мен өнердің байланысы», «Ғаламның генетикалық коды» (2017 жылғы 12 сәуір), С.Сүлейменованың «Көкжиек» көрмесінің ашылуына орай «**Artist talk**» (2017 жылғы 16 маусым); Қазақ КСР-дың академигі, көрнекті жазушы М.О.Әуезовтың 120 жылдығына арналған дикуссия (А.Б.Даулетова; 22 қыркүйек) және дискуссиялық клубтың «Жаһандану әлеміне заманауи өнерді таныстырудың өзектілігі» тақырыбына отырысы (13-14 желтоқсан);

— ғылыми кітапхана секторы ұйымдастырған «**Музей кітапханасына кітап сыйлау**» 1 акциясы (1 наурыз; жауапты Т.М.Дариш);



№ 25



№ 26

— **2 кітаптың таныстырылымы:** Танымал отандық және монғолия археологтары З. Самашев, Ц. Дамдинсурэнгийн, А. Оңғар, А. Чотбаевтың «Ежелгі түріктердің Шивээт улаан ғұрыптық кешені» - «Древнетюркский культурно-поминальный комплекс Шивээт Улаан» (кітап ағылшын, қазақ, монғол, орыс және түрік тілдеріндегі бес редакциямен шықты) және Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.д З. Кабулдинованың «Астана: прошлое и настоящее» кітабының таныстырылымы (2 маусым);



№ 27



№ 28

— «Зерттеу практикасы білім алушылардың зерттеушілік біліктілігін қалыптастыру жүйесінің бір бөлігі» тақырыбындағы **2 семинарды** «Халық қазынасы» ҒЗИ қызметкерлері Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ археология және этнология кафедрасымен бірлесіп ұйымдастырып өткізді. (А. Оңғар, Н. Малибаева, А. Саутбекова), «Мүгедектіктің түсінілуі: өзара әрекет және әдеп» мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері мен музейлік білім беру бағдарламалары секторының қызметкерлері бірлесіп өткізді (жауаптылар: Жунусов К.К., Мухамеджанова Р.А.);

— Оралда (24 сәуір), Петропавлда (25 қыркүйек) және ҚР Ұлттық музейінің өзінде (13 желтоқсан) өткен «Ұлттық музейге сый тарту» акциясының **3 шарасы** – жауапты Р. И. Бекталиева.

Барлық шаралар «Қазақстан» телеарнасы, «Егемен Қазақстан» газеті, «NATIONAL DIGITAL HISTORY» порталы, республикалық (<https://www.inastana.kz> және <https://baq.kz>) сайттары сынды республикалық БАҚ беттері арқылы таратылды.

ҒӘҚ-ның ғылыми қызметкерлері Д. Каримова және С.Абдрахманов «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жобалық кеңсесіне жұмысқа тартылды. Кіші ғылыми қызметкер Н.Толен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Рухани мұра» бөліміне 15-тамыз – 15-қыркүйек аралығында іс-сапарға жіберілді. Археология және этнография бөлімінің қызметкерлері 2017 жылғы 17-19 тамызда Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінде өткен «Қасиетті Қазақстан» отырысын ұйымдастыруға белсене қатысты.

Әлеуметтік мәнді және ғылыми шаралардың хронологиясы:

25 қаңтарда Қор жинау, есепке алу және сақтау қызметінің және Жұртшылықпен байланыс бөлімінің қызметкерлері бірлесіп «Ұлы тұлға ұрпақтары» - «Потомки знаменитых личностей Казахстана» атты **дөңгелек**

үстел отырысын өткізді. Жауаптылар: Р. И. Бекталиева, Қорларды толымдау, есепке алу және сақтау қызметінің қызметкерлері;

2 ақпанда ғылыми қауымдастық және зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен «Елбасының үндеуі – жаңарудың жаңа қадамы» атты **дөңгелек үстел отырысы** өтті (жауапты: С.Б.Алипова, ҒӘҚ қызметкерлері); **29-30**



14 ақпанда заңгерлер, мемлекеттік орган, ғылыми қауымдастық өкілдері, музей қызметкерлері қатысқан «Қазақстан демократиялық жаңару белесінде» атты **республикалық конференция** өтті (жауапты: С.Б.Алипова, ҒӘҚ қызметкерлері);

15 ақпанда Ғылыми кітапхана секторы ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері Жүсіп Баласағұнның туғанына 1000 жыл (1017-1075) толуына арналған **дөңгелек үстел отырысын** Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ түркология кафедрасының профессоры М.К.Ескееваның қатысуымен өткізді. Ғалым-лингвист М.К.Ескеева «Ж.Баласағұнның мұрасы» тақырыбына лекция оқыды. (орын.: Дариш.Т.М., Даулетова А.Б., Мажитова М.А.);

31-32



№ 31



№ 32

1 наурызда – Ғылыми кітапхана секторы Алғыс айту күні «Музей кітапханасына кітап сыйлау» **акциясын** ұйымдастырып өткізді. Кітапханаға **380** кітап сыйға тартылды. Акцияға қатысушыларға алғыс хаттар тапсырылды (орын.: Дариш.Т.М., Даулетова А.Б., Мажитова М.А.);



№ 33



№ 34

2 наурызда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде музей қызметкерлерінің қатысуымен «Елбасы жолдауы: Қазақстанның жаңа даму бағдары» тақырыбына **дөңгелек үстел** отырысы өтті.

2 наурызда Ғылыми кітапхана секторы «Ежелгі түріктердің Шивээт улаан ғұрыптық кешені» **кітабының таныстырылымын** өткізді. Шараға музей қызметкерлерімен қатар, кітап авторлары З. Самашев, А.Оңғар, танымал тарихшы ғалымдар (академик Көмеков, профессор Т. Садықов), археологтар (Ж. Таймағамбетов, К. Сарткожаұлы) және түріктанушы (Т.Жұртбай) қатысты. (орын.: Дариш.Т.М., Даулетова А.Б., Мажитова М.А.);


3 наурызда «Халық қазынасы» ҒЗИ қызметкерлерінің ұйымдастырумен археологиялық мұра бұйымдарының «Ұлы Дала елінің мұрасы» көрмесімен қатар, осы аттас **дөңгелек үстел** өтті (жауапты: Мамиров Т., Қаирмағамбетов А., Исмалиов Т., Аққошқарова Ж.);

9 наурызда Қазақстан Республикасы Парламентінің төменгі Палатасының, ғылыми қауымдастық өкілдерінің қатысуымен «Демократиялық даму жолындағы Конституциялық реформа» атты **дөңгелек үстел** отырысы өтті.(жауапты.: Алипова С.Б., ҒМҚ қызметкерлері);

15 наурызда «Халық қазынасы» ҒЗИ халықаралық деңгейдегі «Музей және ашық орта» атты **семинар-workshop** ұйымдастырып өткізді. Семинарға Нелли Бекус (Nelly Bekus) Экзетер Университеті (Ұлыбритания - *The University of Exeter*) және Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ философия кафедрасының профессорлары мен жас ғалымдары (Медеуова К.А. ф.ғ.д., Сандыбаева У.М., ф.ғ.к., Толғанбаева Д.Т. ф.ғ.к., Тлепберген А. мәдениеттану магистрі, Ермағамбетова К.С. философия кафедрасының PhD докторанты) 60 адам қатысты (жауапты: «Халық қазынасы» ҒЗИ);

18 наурызда және 18 мамырда Наурызға және Халықаралық музейлер күніне арналған «Музейдегі түн» атты мәдени-білім беру және имидждік **акциялары** өтті. Акцияның мазмұны туралы ақпарат төменде VI Информациялық технологиялар және имидждік қызмет бөлімінде беріледі. (музейдің барлық қызметі);

29 наурызда музейде «**Ұлыстың Ұлы күні – Әз Наурыз**» атты республикалық ғылыми-практикалық **конференция** болды. Конференцияны ҚР ҰМ Ғылыми-әдістемелік қызмет қызметкерлері ұйымдастырды (жетек: С.Б.Алипова). Конференция ҚР ҰМ-да өтті.



*Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ профессоры,
т.ғ.д. Ж.О. Артықбаев сөз сөйлеуде*

*Музейдің археология және этнология бөлімінің
ж.з.қ. А.С.Сейсенбаева сөз сөйлеуде*

Конференция жұмысына 80-нен астам адам, оның ішінен 73-ібаяндамамен қатысты. Олар: 13 мекемеден құрылған музей қауымдастығының өкілдері (А.Қастев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің, Қазақстан Республикасы Бейбітшілік және келісім музейінің, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музейінің, Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің, Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-мәдени-этнографиялық орталығының, Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық музей-қорығының, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің, «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің, «Ұлытау» Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейінің, Қарағанды облысы Жезді кентіндегі М.Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту музейінің, Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығының), Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті кітапханасының қызметкерлері, жоғары (11) және орта мектептердің (5), (Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің, «Болашақ» университетінің, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Археология ҒЗО-ның, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің, Талдықорған медициналық колледжінің, Павлодар облысы, Астана және Алматы қалалары мектептерінің) оқытушылары мен шәкірттері.

Конференцияның алдында «Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз» атты республикалық ғылыми конференция материалдарының жинағы шығарылды (Астана, 2017. – 249б.). Жинаққа ғалымдардың (этнографтардың, тарихшылардың, фольклоршылардың) және жас зерттеушілердің (отандық ЖОО студенттерінің, магистранттарының), сарапшы-библиографтардың, өлкетанушылардың, журналистердің және мектеп мұғалімдерінің еңбектері

кірді. Жинаққа 73 автордың 55 мақаласы кірді (жауаптылар: Алипова С.Б., Сейсенбаева А.С., ҒЗҚ қызметкерлері).

12 сәуірде суретші Люба Стерликованың (Вашингтон, АҚШ) «Ғаламның генетикалық коды» көрмесі шеңберіндегі «Ғылым мен өнердің байланысы» тақырыбына дискуссия өтті. Дискуссияға қатысушыларға қазақстандық ұшқыш-сынаушы Мұқтар Аймаханов құттықтаған жазбаның бейне-ролигі көрсетілді. Дискуссияға Қазақ ұлттық өнер университетінің оқытушылары мен студенттері, сол сияқты танымал сәулетші Сәкен Нарынов, суретші Армат Бектас және тәуелсіз куратор Айгерім Капар қатысты (жауапты. Р.Т. Абенова, ЗӨО қызметкерлері);

15 сәуірде «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламасын талқылауға арналған дөңгелек үстелінің отырысы болды (жауапты: С.Б.Алипова, ҒӘҚ қызметкерлері); **37-38**



24 сәуірде Орал қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлері музей жинағын толымдау бойынша жүргізетін жүйелі кешенді жұмысы аясында музейдің бас қор сақтаушысы Р.Е. Бекталиеваның басшылығымен «Ұлттық музейге сый тарту» атты республикалық акция Ғ.Құрманғалиев ат. облыстық филармония ғимаратында ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілді. Шара нәтижесі бойынша музей қорлары музейлік мәні бар **298** құнды бұйыммен толықты (Жауаптылар: Р. И. Бекталиева, Майханова Ж.Д., қор толымдау секторының қызметкерлері);

4 мамырда - Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің 95 жылдығына арналған «Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің туғанына 95 жыл: Х.Доспанова, М.Мәметова, Т.Бигелдинов, Ә.Нұршайықов» тақырыбына кездесу;(жауапты: Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері); **39-40**



12 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде республиканың түкпір-түкпірінен 150-ден астам адам қатысқан музей форумы өтті. Форумға Алматы, Астана, Павлодар, Жамбыл, Шығыс-Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарының музей қызметкерлері қатысты(жауаптылар: Екимбаева А.С., өлкетануды дамыту орталығының қызметкерлері); № 41-42



Пленарлық отырыста (модератор: Ж.Қ. Таймағамбетов – Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директор міндетін атқарушы) Ұлттық музейдің бас қор сақтаушысы Р.Е. Бекталиеваның (баяндама тақырыбы: «Музей қорын қалыптастыру мәселелері (жинақтау, есепке алу және сақтау)», «Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК ғылыми-зерттеу бөлімінің жетекшісі Г.Ш. Файзулинаның (баяндама тақырыбы: Қазақстан музейлерін дамытудағы «инновация» және «информация»), Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Р.О. Қапарованың, Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Р.Е. Ерімованың, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі директорының қор қызметі бойынша орынбасары А.К. Сатубалдиннің (баяндама тақырыбы: Қазақстандағы музей ісінің құқықтық негіздері) баяндамалары тыңдалды. Пленарлық отырысқа Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері бойынша департаменті директорының орынбасары Е.А. Рахимов қатысты. Риддер тарихи-өлкетану музейі, Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейі, Шет археологиялық-этнографиялық музейі, Сырдария аудандық тарихи-өлкетану музейі, Байұзақ аудандық тарихи-өлкетану музейі сынды аудандық деңгейдегі музей мамандарының қатысуы қуанышты жағдай болды.

Форум шеңберінде пленарлық отырыс және төмендегі тақырыптар бойынша секция отырыстары өтті:

— Музей қорын толықтыру және қалыптастыру, музейлік мәні бар экспонаттарды сатып алу бойынша ережелер, музей ісіндегі мәдени құндылықтарды есепке алу және сақтау бойынша мемлекеттік сатып алулар (модератор: Р. Е. Бекталиева, хатшы: Г. Б. Есжанова); № 43-44



— Музей коммуникациясының инновациялық әдістері (модератор: Т. Т. Адильбекова, хатшы: Д. К. Каримова);

— Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, сақтау, есепке алу, пайдалану мәселелері (модератор: А.Е.Касеналин, хатшы: А. Ж. Таукелова).

№ 45-46



Бірінші секцияның жұмысына форумның 44 қатысушысы, екінші секция жұмысына 59, үшіншіге -39 қатысты.

«Музей қызметін инновациялық дамыту мен ақпараттандырудың өзекті мәселелері» - «Актуальные вопросы инновационного развития и информатизации музейной деятельности» атты форум еңбектерінің жинағына оған қатысушылардың 26 мақаласы кірді (17,7 б.п.).

Форум шеңберінде, 2017 жылғы 12 мамырда «Қазақстандық өлкетанушылардың «Туған жер» бірлестігі» қоғамдық бірлестігі құрылды. 2017 жылғы 27 маусымда Қазақстандық өлкетанушылардың «Туған жер» бірлестігі» ҚР Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңды тұлға ретінде тіркелді (БИН - 170740028167). Форумда қоғамдық бірлестік Жарғысы музей қауымдастығының талқылауына ұсынылып, бірқатар түзетулер енгізіліп қабылданды. Бірлестік Жарғысы 27.07.2017 ж. № 5533-1900-қб-нөмірімен тіркелді.

17 мамырда эстетикалық тәрбие секторы астаналық ЖОО-ның студенттері үшін «ЭКСПО-2017 мүмкіндіктер мен перспективалар» тақырыбында дөңгелек үстел отырысын өткізді (жауапты: А.Р.Кемеңгерова);

17 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде Халықаралық Түрік-Славян Академиясының («TURKISLAV» Академиясы), Қазақстан

тарихшыларының ұлттық конгресінің қатысуымен «Алтын адам- Тәуелсіз Қазақстанның символы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

100-ден астам адам қатысқан шара атақты археологиялық «Алтын адам» жәдігерін алғаш ашқан және ғылымды түсіндіріп таратушы Бекен Нұрмұханбетовты еске алуға арналды.

Пленарлық отырыста ҚХА төрағасының орынбасары, ҚХА хатшылығының меңгерушісі Д.Мыңбай, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты Б.Ж.Әбдрайым, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі директорының қор қызметі бойынша орынбасары А.К. Сатубалдин, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д. профессор К.М. Байпақов және т.б. баяндама жасады.

Осы конференция шеңберінде алғаш рет Астанада «Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің Бекен Нұрмұханбетовтың өмірі мен қызметін баяндаған көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге ғалымның жеке бұйымдары және зерттеуші өмірінің басты кезеңдері туралы фотоматериалдар ұсынылды. Әзірет Сұлтан мешітінде Б. Нұрмұханбетовке арналған ас берілді.

21 мамырда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде «Жаңа технологиялар және отбасы» конференциясы өтті (Мұсағажина А., Малибаева Н., Бекзатқызы И). Конференцияны «Отбасым» ұлттық құндылықтар орталығы, Қазақстан және Орталық Азия отбасы институты, Р.Павлетте, Қазақстандағы отбасын дамытудың халықаралық қоры ұйымдастырды. Шараға Астана және Алматы қалаларынан 30 жас отбасы шақырылды. Конференция «Қазақстан және Орталық Азия отбасы институтының» Отбасын дамытудың халықаралық федерациясымен (ОДХФ), сол сияқты Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» Ғылыми-зерттеу институтымен және «Отбасым» Ұлттық құндылықтар орталығымен бірлескен жобасы аясында өтті. Бұл конференцияның мақсаты отбасылық құндылықтардың нығаюына әлем бойынша әсер ету және отбасылық саясат саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сол сияқты Елбасының «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласын іске асыру.

«Халық қазынасы» Ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері жаһандану үрдісіндегі ұрпақтар сабақтастығына қатысты өзекті мәселелерді талқылауға қатысты. Конференцияда сөз сөйлегендер: Ш. В. Сыздыкова - ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның хатшысы, «Отбасым» Ұлттық құндылықтар орталығының негізін қалаушы, Л.Каррерас – Испаниядағы отбасын дамытудың халықаралық қорының модераторы, А.А.Базарбаева - «Қазақстан және Орталық Азия отбасы институтының» директоры, Р.Павлетте – Қазақстандағы отбасын дамытудың халықаралық қорының координаторы, А.А.Мусағажина – ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» Ғылыми-зерттеу институтының дәсүрлі мәдениет бөлімінің аға ғылыми қызметкері.

23 мамырда– «Дарабоз қолбасшы Қаракерей Қабанбай батыр – қазақ халқының азаттық жолындағы ұлт күрескері» тақырыбы бойынша ғалымдар мен жастардың кездесуі (жауапты:Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері); **47-48**



30 мамырда – ғалымдармен және саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтарымен кездесу болды. Қазақстан тарихы бөлімінің қызметкерлері саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел отырысына қоғамдық ұйымдардың өкілдері, университет қызметкерлері мен студенттері, ғалымдар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты (жауапты:Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері); **49-50**



2 маусымдаҚазақстан тарихы бөлімінің қызметкерлері «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік рәмізі» атты дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел отырысына мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, ЖОО қызметкерлері мен студенттері, ғалымдар, БАҚ өкілдері қатысты (жауапты:Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері); **51**



2 маусымда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.д. З.Кабулдинованың «Астана: прошлое и настоящее» кітабының таныстырылымы ұйымдастырылды (жауапты: Дариш Т.М.);

13 маусымда «ҚР Ұлттық музейі кітапханасына кітап сыйлау» акциясы ұйымдастырылып өткізілді (жауапты: Дариш Т.М.); **№ 52-53**



Ғылыми кітапханаға сыйға тартылған кітаптардың арасында Түрікменстан Президенті Гурбангуллы Бердымухамедовтың қазақ тіліндегі ақалтеке сәйгүліктері туралы кітаптары бар. Ақалтеке жылқысы Түрікменстанның басты рәміздерінің бірі саналатыны белгілі. Ақалтеке жылқысын өсірудің білгірі саналатын дос мемлекет басшысы Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары барысында, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде 2017 жылы 19 сәуірде өткен кітаптарының таныстырылымына өзі қатысты. **№ 54-55**



16 маусымда С.Сүлейменованың «Көкжиек» көрмесінің ашылуына орай **Artist talk** өтті. Спикерлердің біреуі көрменің арнайы қонағы, кураторлық және ағартушылық [Asia Contemporary Art Week & Consortium -ACAW & ACAS](#) платформасының директоры Лиза Ахмади болды (Нью-Йорк, АҚШ). Шақырылған қонақтардың арасында қазақстандық танымал суретшілер А. Менлибаева, А. Ахмедьяров, К. Базарғалиев, А. Бектас, өнертанушылар В. Слудский, А. Капар, Д. Байтасова, Е. Акатаев болды (жауапты: Р.Т.Абенова, ЗӨО қызметкерлері);

19 маусымда «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» тақырыбына Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясын талқылауға арналған дөңгелек үстел отырысы өтті (жауапты: ҒЗИ қызметкерлері – Касеналин А., Асылбеков К., Есенов С.).

1 шілдеде эстетикалық тәрбие секторы Атырау облысы Махамбет ауданының 16 оқушысы үшін бейнелеу өнері бойынша М.Қ.Байбосынов өткізген шеберлік сабағын ұйымдастырды.

10 тамызда көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерлері, қазақстандық ғалымдар, БАҚ өкілдері қатысқан «Мысыр тарихындағы қыпшақтар мен мәмлүктердің мәдениеті және тарихы» дөңгелек үстелінің отырысы өтті. Отырыста қоғамдық бірлестіктермен, қыпшақтану саласында зерттеу жүргізетін медиевист-ғалымдармен серіктестіктің өзекті мәселелері талқыланды. Даңқты сұлтан, Дешті Қыпшақ тумасы әл-Мәлік аз-Захир Руқн ад-дуниа уа-д-дин Бейбарыс әл-Бундукдаридің (1220-1277) ұрпағы Араб Елдері Лигасының (LAS) «Мәдениетаралық диалог» департаментінің басшысы Самия Бейбарыс ханым келді. Самия Бейбарыс ханым 2013 жылдан бастап араб елдерінің Еуропамен өзара қарым-қатынасы мәселелеріне жетекшілік етеді, араб-америка және араб-қытай, сол сияқты араб-африка ынтымақтастығының дамуына жауап береді. Самия Бейбарыс ханым өзінің басты міндеттерінен бөлек, «Араб істерінің журналы» іскерлік басылымының кеңесшісі, Каир университетінде дәріс оқиды. С.Бейбарыс ханымның Қазақстанға сапары Сағадат Нұрмағамбетов ат. Халықаралық қоғамдық-

қайырымдылық қорының шақыруымен іске асты. Құрметті қонақ Қазақстан мен Мысыр арасындағы өзара мәдени қарым-қатынасты дамыту мақсатында шақырылып отыр. Дөңгелек үстел отырысы Самия Бибарыс ханымның сапары аясында ұйымдастырылды (жауапты:Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері);

29 тамызда бөлім қызметкерлері Коституция күніне арналған «Конституция – ел тұрақтылығының негізі» деген тақырыптағы дөңгелек үстел ұйымдастырды. Шараға Мемлекеттік басқару академиясының, Құқық және тарих институтының қызметкерлері қатысты (жауапты:Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері); **56**



Көрнекті ғалым, қоғам және саяси қайраткер Ө.О.Озганбаев сөз сөйлеуде

6 қыркүйекте Қазақстан тарихы бөлімінің қызметкерлері Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің ғалымдарымен бірлесіп «Қазақстандық интеллигенция және ЭКСПО-2017» тақырыбына дөңгелек үстел отырысын өткізді (жауапты:Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері); **57**



Профессор, филология ғылымдарының докторы Р.Тұрысбек сөз сөйлеуде

7 қыркүйектеАрхеология және этнография бөлімінің қызметкерлері «Ұлттың рухани жаңғыруы – Мәңгілік елге бастар жол» дөңгелек үстел отырысын өткізді. Дөңгелек үстел отырысына көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, жоғары оқу орындарының қызметкерлері мен студенттері және БАҚ өкілдері қатысты. Отырыс барысында Елбасы Н.Назарбаевтың "Болашаққа көзқарс: қоғамдық сананы жаңғырту" мақаласы бойынша мәселелер талқыланды (жауапты:Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері); **№ 58-59**



12 қыркүйекте Чикаго университетінің ғалымдарымен (Чикаго университетінің мәдени мұралар мәселелері бойынша ректордың басты кеңесшісі – Гил Стейн, тарихшы, Таяу Шығыс тарихы бойынша еңбектердің авторы, профессор Джон Вудс, түркітанушы Каган Арик, антрополог Расл Занка) тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселелерін талқылаған дөңгелек үстел отырысы өтті (жауапты: А.Оңғар, ҒЗИ қызметкерлері); **№ 60-61**



19 қыркүйекте Ашық есік күні өткізілді. Шара шеңберінде Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі №83 мектеп оқушылары үшін **Ұлттық музей – Еліміздің рухани ордасы** атты лекцияны дайындап оқыды. Шараға 300-ден астам оқушы қатысты (жауапты: Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі); **№ 62**



25 қыркүйекте Петропавлда Қазақ музыкалық-драма театрының ғимаратында кезекті «Ұлттық музейге сый тарту -2017» акциясы табыспен өтті. Өткізілген акция барысында музейге тұрақты сақтау үшін **236** музейлік мәні бар зат қабылданды (жауапты: Бекталиева Р.И., Майханова Ж.Д., Жусупова А.С., Султанғали Т.Е.);

28 қыркүйекте қазақ әдебиетінің көрнекті 3 шебері: М.Әуезовты, Ш.Мұртазаның, О.Бөкейдің туған күндеріне арналған дөңгелек үстел отырысы өтті. Отырыста академик, абайтанушы, ф.ғ.д. Ғ.Есим сөз сөйледі, Назарбаев университетінің қазақ тілі, әдебиеті және өнер кафедрасының меңгерушісі К.Гүлтас және музей қызметкерлері қатысты. Отырысты ғылыми кітапхана секторы ұйымдастырды (жауапты: Дариш Т.М.); **№ 63-64**



6 қазанда Музейлік білім беру бағдарламалары секторы «АрЖан» мүгедектердің қоғамдық бірлестігі өкілдерінің қатысумен «Қазақстан

Республикасы Ұлттық музейіндегі инклюзивті педагогика» атты дөңгелек үстел отырысын ұйымдастырып өткізді (жауаптылар: Мухамеджанова Р.А., Ермекбаева М.А.);

18 қазанда жапон, ресей және неміс ғалымдарының қатысуымен өткен археологиялық зерттеулер нәтижелері бойынша дөңгелек үстел отырысы өтті. Отырысқа Нара ҒЗИ профессоры Садакацу Кунитакэ (Жапония), Қазақстандағы Жапония Елшісі Итиро Кавабата, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты хатшысы Қуатжан Уәлиев, Қазақстандағы Ресей Федерациясы Елшілігінің өкілдері, ғалымдар, қоғам қайраткерлері қатысты (жауапты: Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері); **№ 65-66**



19 қазанда «Ұлы даланың болашағына қадам – латын әліпбиі» тақырыбына дөңгелек үстел отырысы болды (жауапты: Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері); **№ 67-68**



20 қазанда Ұлттық музей ұжымының Президенттің қазақ әліпбиінің латын графикасына көшу туралы бастамасына қолдау білдірген жиналысы болды (музейдің барлық қызметтері);

10 қарашада «Эрмитаж күндерінің» ҚР Ұлттық музейіндегі ашылуы болды. Ашылуға Мемлекеттік Эрмитаждың бас директорының орынбасары С.Б. Адаксина бастаған Эрмитаж қызметкерлері қатысты. «Эрмитаж күндері» бағдарламасында «Эрмитаж VR. Тарихқа сүңгу» виртуальды шынайылық кинотеатры, Эрмитаждың Юпитер залының виртуальды моделі, Эрмитаж қызметкерлерінің лекциялары кірді. **№ 69-70**



Лекциялардың тақырыптары музей жұмысының әртүрлі қырларын қамтыды: «Эрмитаж планетасы және оның серіктері» (*С. Б. Адаксина*) «Санкт-Петербургтың әскери ескерткіштері» (*Д.В.Любин*, «Арсенал» бөлімінің меңгерушісі), «Орыс император әйелдерінің Эрмитаж жинағындағы аңшылық қарулары» (*Ю. Г. Ефимов*, «Арсенал» бөліміндегі қару-жарақтар секторының меңгерушісі), Мемлекеттік Эрмитаж жинағындағы шығыс қару-жарақтарының коллекциясы» (*В. Н. Образцов*, «Арсенал» бөлімінің ғылыми қызметкері, шығыс қару-жарақтарының қор сақтаушысы), «Эрмитаждың ғылыми реставрация және консервация бөлімі» («Эрмитаждың ғылыми реставрация және консервация бөлімі»), «Асыл металдардан жасалған бұйымдарды реставрациялаудың ең жаңа әдістері» (*И.К. Малкиель*, Ғылыми реставрация және консервация бөлімі, Асыл металдарды реставрациялау зертханасының меңгерушісі), Эрмитаж туралы фильмнің көрсетілімі (жауапты: Т.Т. Адильбекова); № 71-72



14 қарашада эстетикалық тәрбие секторы Астана қ. мамандандырылған түзету мектебінің 10 шәкірті үшін «Графика сиқыры» шеберлік сабағын ұйымдастырып өткізді (жауапты: Кемеңгерова А.Р., Байбосын М.Қ.);

17 қарашада әртүрлі санаттағы мүгедек-келушілермен жасалатын жұмысқа арналған «Мейірім» әлеуметтік-бағытталған жобасын жүзеге асыру аясында «Мүгедектікті түсіну: өзара әрекет және әдеп» семинары өтті (жауапты: К.К. Жунусов, Р.А. Мухамеджанова, музейлік білім беру бағдарламалары секторының қызметкерлері); № 73



24 қарашада Алаш қозғалысы мен Алаш үкіметінің 100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірбиелік «Алаш – қазақтардың ұлттық бірлігінің идеясы» конференциясы өтті (жауапты:Алипова С.Б., ҒӘС қызметкерлері); № 74-76



25 қарашада археолог, тарих ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Зейнолла Самашұлымен оқушылардың кездесуі ұйымдаспырылды. (жауапты: Жунусов К.К., Мухамеджанова Р.А.,Музейлік білім беру бағдарламалары секторының қызметкерлері); № 77



29-30 қарашада Астана қаласы мектептерінің оқушылары үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне арналған «Елбасы-ел тірегі» тақырыптықкеші ұйымдастырылды (жауапты: Мұхамеджанова Р.А., Ахметқалиева Г.Қ.);

7 желтоқсанда Қазақстандағы ГФР Елшісі Р. Мафаэль өткізген Ағайынды Гриммдер шығармашылығына арналған көрме бойынша журналисттер үшін «Тілдің күші халықтарды қалыптастырады» пресс-туры ұйымдастырылды (жауапты: Ж.С.Кожаметова, ақпараттық-имидждік жұмыстар қызметінің қызметкерлері);

№ 78




12 желтоқсанда «Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларын зерттеу, сақтау мен насихаттаудың өзекті мәселелері» тақырыбына дөңгелек үстел отырысы ұйымдастырылып өткізілді (жауапты: А.Оңғар. ҒЗИ қызметкерлері); **№ 79**



13 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде есепті кезең үшін соңғы саналатын «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы болды (Жауапты: Р.И.Бекталиева, Қорды толымдау, есепке алу және сақтау қызметінің қызметкерлері); **№ 80-83**



Республика тәуелсіздігі күнін мерекелеу қарсаңында, **13-14 желтоқсанда** Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі «Жаһанданған әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын жүзеге асыру аясында суретшілер мен арт-қауымдастық үшін дискуссиялық алаң ұйымдастырды. Шара заманауи бейнелеу өнері туындыларының «**АРТсерпіліс**» көрмесін ашумен басталды. **№ 84-85**



Көрмеге әртүрлі көркемөнер институциялар туындыларын шетелдерде таныту үшін *ruh.kz* сайтына ұсынылған суретшілердің еңбектері қойылды. *ruh.kz* сайты Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы шеңберінде жасалған ресми интернет-ресурс (Жауаптылар: Р.Т.Абенова, ЗӨО қызметкерлері). № 86-87



13 желтоқсанда музейлік білім беру бағдарламалары секторы оқушылар үшін «**Рухани жаңғыру: Алаш және Тәуелсіздік**» тақырыбы бойынша танымал қоғам қайраткерлерімен кездесу ұйымдастырып өткізді (жауапты: Ермекбаева М.А.);

14 желтоқсанда «Қазақстанның қасиетті географиясы» жобасының жүзеге асырылу барысы туралы «Нұр Отан» партиясының «Мирас» республикалық алқасының музейдің «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығымен бірлесіп өткізген отырысы болды (жауапты: Б.Әбдіғалиұлы, өлкетануды дамыту орталығының қызметкерлері); № 88



15 желтоқсанда ҚР Ұлттық музей ұжымының ҚР Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналысы болды (музейдің барлық қызметі). № 89



МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТІ

ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ КӨРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ

Турақты көрмелер жасау бойынша жұмыстар:

2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі экспозициялық көрме жұмыстарын белсенді атқарды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі 2014 жылғы 2 шілдеде ашылған сәтінен бастап, музейде **216** көрме ұйымдастырылып өткізілді, оладың арасында **50-і** халықаралық көрмелер. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде 2017 жылы көрсетілген халықаралық көрмелерден **30** көрме Әзербайжан, Мысыр Араб Республикасы, Беларусь, Германия, Израиль, Иран, Италия, Қытай, Корея, Литва, Мексика, Ресей, Сауд Арабиясы, АҚШ, Өзбекстан және Жапония сынды әлемнің **16** дан астам елдерінде өткен.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Беларусь Ұлттық бейнелеу өнері музейінен бастау алған жаңа көрме жобасын іскеқосты. Тұтас алғанда, есепті кезең ішінде алыс шетелдерге (Ұлыбритания, Лондон қ., Қытай, Гонконг қ.) және жақын шетелдерге (Ресей Федерациясы, Курган қ., Беларусь Республикасы, Минск қ.) **4** көшпелі көрме ұйымдастырылды.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Қытайдың, Қырғызстанның музейлерімен және Ресей Федерациясының Мемлекеттік Эрмитажымен бірлескен көрме жобаларына қатысты.

Невзоровтар отбасы атындағы Семей бейнелеу өнері музейі және Павлодар өнер музейімен тығыз әріптестік жасау арқылы **«Сергей Маслов. Жұлдызды көшпенді»** көрмесін дайындап өткізу мүмкін болды. Бұл көрмеге Қазақстанның заманауи өнерінің негізін салушылардың бірі Сергей Масловтың туындылары қойылды. Көрме үлкен табыспен өтті және музейге келушілердің, сондай-ақ арт-қауымдастықтың тарапынан жақсы қабылданды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің энциклопедиялық музей ретіндегі маңызды бағыттарының бірі отандық заманауи өнерді таныстыру болып табылады. Есепті кезең ішінде музейде отандық бейнелеу өнері және сәндік-қолданбалы өнермен айналысатын танылып үлгерген шеберлер мен жас суретшілердің он алты көрмесі өтті.


«Жаһанданған әлемдегі қазақстандық заманауи мәдениет» Қазақстан Республикасы Президентінің бағдарламалық мақаласы шеңберіндегі елбасы белгілеген ең маңызды жобалардың бірі саналады.

Қазақстанның экономикасы дамыған елдердің қатарына еруге, сол сияқты бірегей мәдени әлеуеті бар елдің халықаралық имиджін қалыптастыруға ықпал етуге ұмтылысы, негізінен халықаралық және интеллектуальды кеңістікке еліміздің қаншалықты интеграцияланғанына байланысты анықталады.

Қоғамдық сананы жаңғырту бойынша бағдарламаны жүзеге асыру аясындағы «Жаһанданған әлемдегі қазақстандық заманауи мәдениет» жобасы

елдің мәдени әлеуетін кеңінен таныстыратын және әлемдік қауымдастық санасына мемлекеттің жағымды бейнесін танытатын бірден-бір мүмкіндік саналады. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі «АРТ серпіліс» акциясы түрінде әлемдік мәдени кеңістікке отандық өнерді танытатын дайындық үшін маңызды қадам жасады. 13-14 желтоқсанда өткен шара аясындағы аталған көрме, дискуссия және дөңгелек үстел барысында отандық өнердің мәселелерін таныту мақсатында суретшілер, музей басшылары, өнертанушылар, кураторлар, көркемөнердің ЖОО-ның оқытушылары, сол сияқты әлеуметтанушылар мен фиолософтар сынды барлық қызығушылық танытқан тұлғалар шақырылды.

Акцияның міндеті көркемөнер, музей және ғылыми қауымдастықтардың назарын Қазақстандағы бейнелеу өнерінің бүгінгі жағдайына және келешектегі дамуына, өнерді шетелдерде танытудың негізі қағидаттарына, мәдениет және өнер саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар жасауға аудару. **1-3**



Музейдегі экспозициялық көрме қызметін жасау бойынша жұмыстармен Экспозициялық көрме қызметі және Заманауи өнер орталығы айналысады. Экспозициялық көрме қызметі тұрақты экспозицияларды жасау және алып жүру бойынша да, уақытша көрмелер бойынша да жұмыстарды атқарады (жауаптылар: қызмет басшылары. Адильбекова Т.Т., Абенова Р.Т). **4-5**



Қазақстан халқы Ассамблеясына («Қазақстан халқы Ассамблеясы және Қазақстанның көп ұлыстығының тарихы») арналған тақырыптық жаңа экспозициялар және №№1 және 2 «Алтын» залдарында, «Ежелгі және

орта ғасырлар тарихы», «Тәуелсіз Қазақстан» және «Қазақстан тарихы» залдарына жүргізілген ішінара қайта экспозициялаудан басқа, тұрақты экспозицияларға іс жүзінде өзгерістер енгізілген жоқ.

Есепті кезең ішінде тұрақты экспозицияларда төмендегідей жұмыстар жүргізілді:

— № 2 «Алтын» залында жаңа біртұтас тақырыптық экспозиция жасау үшін, «Берел» тақырыбы бойынша тұжырымдама және ТЭЖ жасау (орын.: П.А. Суиндикова);

— «Тәуелсіз Қазақстан» залындағы «ҚР Мемлекеттік рәміздері» витринасын қайта экспозициялау (2016 жылғы мемлекеттік стандарттарға сай ҚР Мемлекеттік туы және елтаңбасы орнатылды. ҚР Конституциясын ҚР Конституциялық Кеңесі берді);

— «Қазақстан тарихы» залындағы №6, 9-19 витриналарды қайта экспозициялау – экспонаттар танымал композитор К.Әзербайевтың (домбыра және белдік), мемлекет және қоғам қайраткері Ж.Тәшеновтың (ғылыми дәреже берілгені туралы диплом) жеке заттарымен толықтырылды (орын.: Л.Е.Туменова); Кейкі батырдың мүсіні бар тұғыр орнату (10 қараша);

— «Тәуелсіз Қазақстан» залының экспозициясын ішінара жаңарту (орын.: ЭКҚ қызметкерлері; 29 қыркүйек); **6**



— атриум экспозициясы Күлтегін ескерткішінің нақпішініне ілеспелі мәтін ретінде ақпараттық көрнекілік дайындау бойынша. Танымал түркітанушы Қ. Сартқожаұлының аудармасы негізінде ескерткіш мәтінінің транскрипциясы және аудармасы жасалды. (орын.: Молдабай Т., Кокебаев Д., Тогабаева Г.).


— танымал мүсінші және сәулетші Сәкен Нарыновтың тұрақты «**Уақыт пен кеңістікте**» көрмесін қайта экспозициялау (орын.: ЗОО қызметкерлері, 7 қабат);

— №1 «Алтын» залындағы «И.Тасмағамбетовтың зергерлік бұйымдарының топтамасы» тақырыбы бойынша ішінара қайта экспозициялау; (орын.: ЭКҚ қызметкерлері; 13-15 қыркүйек; 2 қабат);

— «Қазақстан ғарышы» тақырыбы бойынша «Тәуелсіз Қазақстан» залындағы экспозицияларға орналастыру үшін экспонаттар тізімін дайындау (орын.: А.Жумабеков);

— Этнография залының және «Алтын» залындағы №23 витринаның этикетажын дайындау (А.Ж.Таукелова);

— «Нумизматика» тақырыбы (А.Сейсенбаева, А.Бирмуханова, А.Джанеева) және «Қазақстан халқы Ассамблеясы және Қазақстанның көп ұлыстығының тарихының» екінші залының тұжырымдамаларын дайындау (С.С. Хасенов Л.Е. Туменова, Д. Каримова, Г. Ищанова); 7-9




— халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесі үшін «Этнография» залындағы (құрастырушылар: Сейсенбаева А., Хурметбек А.; фото: Мусин К.К.; дизайн: Шайдарханов Е.Е.), «Ежелгі және орта ғасыр тарихы» (құрастырушылар: Дуванбеков Р.С., Тауекелова А.Ж.; дизайн: Мамыт А.П.), «Ұлы дала көсемдері» (құрастырушылар: Джанеева А.К.; дизайн: Ткачева А.М.), «Тасмола мәдениеті» (құрастырушы: Бирмуханова А.У.; фото: Мусин К.К., дизайн: Шайдарханов Е.Е.), экспозицияларда ұсынылған музей заттары бойынша үш тілде открыткалар жинағын дайындау;

— «Ежелгі және орта ғасырлар тарихы», «Этнография» және «Алтын» залдары үшін екі тілдегі аудиогид дайындау;

— «Қазақстан тарихы», «Астана», «Тәуелсіз Қазақстан» және «Қазақстан халқы Ассамблеясы» залдарындағы тұрақты көрме экспозициялары бойынша қазақ және орыс тілдерінде аудиогид үшін мәтіндер дайындау (С.Б. Алипова, ҒӘҚ);

— Кейкі батыр (Нұрмағамбет) Көкембайұлы мүсінін және «Қазақстан тарихы» залының экспозициясын музей қорынан 10 экспонатпен толықтыру; **10**



— №1,2 «Алтын» залдарындағы этикетаждарға түзету және редакциялау (орын.: ЭКҚ қызметкерлері; тамыз);


— №1 «Алтын» залы және «Ежелгі және орта ғасырлар тарихы» экспонаттарын безбендеу және өлшеу (орын.: ЭКҚ қызметкерлері; 18 қыркүйек);

— «Этнография» (киіз үйде фотоға түсіру; 10 тамыз) №1 «Алтын» және «Ежелгі және орта ғасырлар тарихы» залдарындағы экспонаттарды фотоға түсіру (орын.: ЭКҚ қызметкерлері; 26 қыркүйек);

— экспозицияларды монтаждау - реставрациялық жұмыстардан кейін «Ежелгі және орта ғасырлар тарихы» залында экспонаттар орнату (орын.: қызметкерлері; 28 қыркүйек).

Уақытша көрмелер жасау бойынша жұмыстар:

Уақытша көрмелер жасау бойынша жұмыстармен экспозициялық көрме қызметі және заманауи өнер орталығы ақпараттық-имидждік жұмыстар және қорларды толымдау, есепке алу және сақтау, консервация және реставрация қызметтерімен бірлесіп жұмыс істей отырып айналысады. **11-12**




Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде 2017 жылы 2016 жылы желтоқсанда ашылған екі көрмені (Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер туындыларының «Бабалар аңсаған Тәуелсіздік» көрмесі, 2016 жылғы желтоқсан-2017 жылғы наурыз; қазақстандық танымал зергер Аман Мұқажановтың туындыларынан «Дала

аңызы» көрмесі) қайта экспозициялау, демонтаждау бойынша жұмыстармен қатар, жаңадан **92** көрме ашылды.

Тұтастай алғанда, есепті кезең ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде **94 көрме** өтті, оның ішінде: көшпелі **4** көрме («Түркі әуендері» көрмесі - РФ, Курган облыстық бейнелеу өнері музейі; Белорусь Ұлттық бейнелеу өнері музейі, Минск: халықаралық көрмеге қатысу. Ұлыбританияның Британ музейінде скиф-сақ мәдениетінің археологиялық бұйымдарының халықаралық «Скифтер: ежелгі Сібір жауынгерлері» көрмесіне және Гонконг тарих музейінде, ҚХР «Шексіз милдер – Жібек жолы мұрасы» қатысу) бар, **30** халықаралық көрме өтті және халықаралық мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесінің аясында өткізілген **9 көрме.** **13-**

14



Осыған қоса, есепті кезең ішінде **23** қор көрмесі, **1** мультимедиялық-интерактивті көрме, **7** фотокөрме, **14** өнер туындыларының көрмесі, **1** қайырымдылық көрмесі бар, балалардың көркем шығармашылық туындыларының **6** көрмесі және **12** кітап көрмесі ұйымдастырылып өткізілді.

15-16




ТЭЖ-лар, күтілетін экспозициялардың визуализациясы жасалды, көрмелер құрылды және қайта жиналды, картиналар жиектелді, залдарға жеңіл жөндеу жұмыстары жүргізілді және т.б. (орын.: Р.Т. Абендова);

Халықаралық көрмелер – 17:

1. Қытай Халық Республикасы Елшілігінің қатысуымен «Бір белдеу, бір жол» халықаралық мәдени алмасу жобасы шеңберінде ұйымдастырылған ислам мәдениеті мен дәстүрлері бойынша үздік фото туындылардың «Тағдыры бір адамзат қоғамдастығы» атты **халықаралық фотокөрмесі** (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 26 қаңтар– ақпан);

2. 2017 жылғы 8-18 ақпан аралығында Ирандағы Ислам революциясының 38 жылдығын мерекелеуге арналған мәдени шаралар аясында өткен иран суретшілерінің **«Ирандық миниатюра және каллиграмма» атты халықаралық көрмесі**. Көрменің ашылуына Қазақстан Республикасындағы Иран Елшілігі белсене ат салысты. Көрмеде танымал суретші, иран кескіндемесі бойынша оқытушы, Өнерді дамыту институтының құрметті мүшесі Бехзад Бозорги және каллиграф, «сульс» каллиграфиялық стилі бойынша жоғарғы дәреженің иегері, Каллиграфтар ассоциациясының құрметті мүшесі Мехди Мовахедипурдың миниатюралары ұсынылды. (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 14-20 ақпан); **17-18**



3. Достас екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнағанының 25 жылдығына арналған **халықаралық «Ресей және Қазақстан: мәңгілік достық стратегиясы»** тарихи-деректі көрмесі ҚР Ұлттық мұрағатымен бірігіп дайындалды (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 16 наурыз – 16 сәуір. №1 «Алтын» залы алдындағы холл, 2 қабат); **19-20**



4. Америка суретшісі Л.Стерликованың **халықаралық «Ғаламның генетикалық коды»** көрмесі. Л.Стерликованың жобасы ішкі пайымдаудың сыртқы пішіні сияқты кеңістік уақытқа қарсы қойылмаған, көрерменді әлемнің ерекше үлгісіне қайтып әкеледі. Суретшінің шиыршық құрылымына

орналасқан композициялары шындықты көп қабатты ғарыштық тін ретінде қарастырады (орынд.: ЗӨО қызметкерлері, 16 наурыз); 21-22




5. Халықаралық «Лиссабоннан Минск, Мәскеу, Астана арқылы Владивостокқа дейін» көрмесі Қазақстан Республикасындағы Беларусь Республикасы Елшілігімен бірлесіп дайындалды. Көрме экспозициясына әлемнің 28 елінің 30-ға жуық суретшілерінің 80 кескіндемелік туындылары қойылады. Көрмеге өз туындыларын ұсынатын суретшілердің арасында заманауи бейнелеу өнерінің майталмандары да, өз елдерінде кәсіби маман ретінде танылған жас суретшілер де бар. 23-24



Көрме қатысушылары - Зураб Церетели (Мәскеу, Ресей), Виктор Альшевский (Минск, Беларусь), Ерлан Назарқұл (Астана, Қазақстан), Любен Генев (София, Болгария), Ульрех Уффрехт (Берлин, Германия), Луиш Родригиш (Лиссабон, Португалия), Корнелиу Василеску (Бухарест, Румыния), Тибо Дирикс-Висшерс (Брюссель, Бельгия), Ирина Шувалофф (Хельсинки, Финляндия) және т.б. Көрме экспозициясы қойылған жұмыстарының әртүрлілігіне қарамастан, олар әр қатысушы елдің ерекшеліктері айқын көрініс тапқан тұтас бір дүние ретінде қабылданады. (орынд.: ЗӨО қызметкерлері, 7 сәуір-15 мамыр); 25



6. «Өзбекстанның заманауи өнері» атты халықаралық көркемөнер көрмесі Өзбекстан Республикасы Елшілігі және Өзбекстан Көркемөнер академиясы ұйымдастырды. Көрмеге XX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың басындағы Өзбекстанның заманауи суретшілерінің 60-тан астам көркем туындылары қойылды. Бұл ұлттық өнер дәстүрлерінің еуропалық постмодернизм дәстүрімен және өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы «өзбек авангарды» деп аталатын Өзбекстанның көркем суретімен синтезі. Көрменің ашылу салтанатына Өзбекстан Республикасы Елшілігі және Өзбекстан Көркемөнер академиясының өкілдері, көрнекті қоғам қайраткерлері және басқалар қатысты (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 21-30 наурыз: №1 Заманауи өнер залы, 4 қабат); **26-27**




7. Халықаралық «Әл Фейсал: әділдік және батылдық жолы» көрмесін король Фейсал атындағы Исламды зерттеу орталығы ұсынды. Көрмеде Сауд Арабиясының королі Фейсал ибн Абдул Азиздің жеке заттары, қасиетті мусхафтар, 1927 жылы король Фейсалдың бастамасымен Сауд Арабиясының аумағында ашылған кисуа матасын (қасиетті Қағбаны орайтын мата) өндіретін цехта жасалған алғашқы кисуа және түрлі суық қарулар, құрмет төсбелгілері, фотосуреттер мен мұрағаттық құжаттар назарға

ұсынылды (жауапты: ЗӨО қызметкерлері, 18 мамыр-10 шілде; №1 залдың мүсін алаңы); **28-29**



8. Халықаралық «Еуразия көпірлері – достық көпірлері» көрмесінде музейде әлемге әйгілі италиялық шыны үрлеуші, Альфредо Барбинидің шәкірті Пино Сигноретто мен шыныға өрнек салатын суретші, америкалық шыны үрлеуші, негізін 1965 жылы Джордж Спеццамонти қаланған Albertini & Spezzamonte шеберханасының өкілі Джордж Спеццамонтидің туындылары таныстырылды. Сол сияқты көрмеге Қазақстан тумасы, суретші Светлана Костаның және «Нео-фольклор» стилінің негізін қалаушы, киім дизайнері, «Асыл-Дизайн» Сән үйінің бас дизайнері, 65-тен астам имидждік және маусымдық топтамалардың авторы Айдархан Қалиевтің де туындылары қойылды. Көрменің ашылуы Айдархан Қалиевтің топтамаларының дефиле-көрсетілімімен және Гибрат Шоудың өнерімен аяқталды. Көрме кураторы К.Скакова (10-21 маусым); **30-32**





9. **«Жапонияның 100 заманауи дизайны» атты халықаралық жылжымалы көрмесін Жапония елшілігі мен Жапония қоры ҚР Ұлттық музейімен бірлесе ұйымдастырды.** Көрмеде жапон халқының күнделікті өмірде қолданатын 100 түпнұсқа тұрмыстық және интерьер бұйымдары (жиһаз, тұрмыстық техника, кеңсе тауарлары, ыдыс, киіс, медициналық заттар, тасымалдау құралдары) ұсынылды. 89 экспонатты дизайнерлер 2010 жылдан кейін жасап шығарды, ал 11 – соғыстан кейінгі дизайн және ол бүгінгі жапон дизайнерлік өнеріне негіз болды (орын.: ЭЖҚ қызметкерлері, 15 қыркүйек- 6 қазан, №2 Заманауи өнер залы, 4 қабат); **33**



10. **Халықаралық «Тілдің күші халықтарды қалыптастырады» атты көрме ағайынды Гриммдердің өмірі мен шығармашылығына арналған.** Ағайынды Гриммдер неміс тілінің қалыптасуы мен дамуы үшін зор үлес қосқан. Халықтық поэзия мен тілдің маңыздылығын көрсете отырып, олар Германияның ұлттық рухының жандануына ықпал етеді. Ағайынды Гриммдер ертегіні көркемдігінің ерекшелігімен және сюжеттерінің айқындығымен ерекшеленетін өнер туындысы деп қарайды.

Көрмені Қазақстандағы Германия Елшілігінің қатысуымен «Ағайынды Гриммдер қоғамы» ҚБ басқарушы директоры Касселе Бернхард Лауэрдің жетекшілігімен дайындалды. Ашылу салтанатынан кейін Қазақстандағы Германия Федеративтік Республикасының Елшісі Рольф Мафаэль мырза журналистер үшін пресс-конференция өткізді (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 30 қараша 2017 ж. – 25 ақпан 2018 ж., №1 Заманауи өнер залы, 4 қабат); 34-35



11. Литва суретшісі Әсия Радавичененің «Тылсым әлем» атты халықаралық көрмесі ашылу салтанаты Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесі аясында ұйымдастырылып өтті. Суретшінің тарихи отаны Қазақстан. Ақтөбе қаласында дүниеге келген Әсия Ғалымжанқызы Әлжанова экономика ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік ғылымдардың докторы, Ақтөбенің жоғары оқу орындарындағы әлеуметтік пәндердің оқытушысы. Әсия Радавичене 1989 жылдан Литвада тұрады. Ол осы жерде көркем суретпен айналыса бастайды. Суретшінің туындылары таңғажайып пәктігімен және тазалығымен, мәнерлілігімен және екпінділігімен ерекшеленеді. Оларда шынайылық, сиқыр және ертегі керемет үйлесім тапқан. (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 11 шілде- 4 қыркүйек, №1 Заманауи өнер залы, 4 қабат); 36-37



12. Халықаралық «Eden» көрмесінде елорда тұрғындары мен қонақтарына Қазақстан Республикасында аккредиттелген Түркиядағы Мексика Елшілігінің ықпалдастығымен мексикалық танымал суретші Роджерфон Гунтеннің (Roger Von Gunten) туындалыры ұсынылды. Көрмеге суретші шығармашылығынан кескіндемелік 20 туынды қойылады. Роджер

фон Гунтен - «жарылыс толқыны» деп аталып кеткен XX ғасырдың 60 жылдарындағы жас суретшілердің «LaRuptura» (Жарылыс) атты қоғамының негізін қалаушылардың бірі. Олар өнердегі әлемдік үрдістерге жүгіне бастады, осылайша бұл жас суретшілер мексика өнеріндегі модернизмнен постмодернизмге дейінгі өтпелі кезеңге өз ықпалдарын тигізді (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 19 қазан); **38-39**



13. «Әзербайжан – ислам әлемінің інжуі» атты халықаралық фотокөрме Әзербайжанның жалпы ұлттық көшбасшысы Гейдар Әлиевтің 94 жылдығына да арналады. Көрмеге Әзербайжан фотосуретшілерінің 50-ден астам туындылары қойылады (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 5-22 мамыр, №1 «Алтын» залы алдындағы холл, 2 қабат); **40-41**



14. «Корея бейнелері» атты халықаралық деректі фотокөрме (15 қыркүйек – 6 қазан) 7 автордың 123 туындысын таныстырды, олардың ең алғашқылары 1970 жылмен даталанған.


42



Экспозиция бұрын Венгриядағы Ференц Хопп атындағы Азия өнері музейінде 2016 жылы табыспен өтіп, Германияда, Польшада, Бельгияда және Испанияда болып үлгерді (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 27 қыркүйек-18 қазан, №1 «Алтын» залы алдындағы холл, 2 қабат); **43-44**



15. Халықаралық «Қазақстан кәрістері» фотокөрмесінде кәріс суретшісі Ким Джинсоктың туындылары ұсынылды. Көрме Корея Елшілігінің қатысуымен ашылды, кәрістердің Қазақстанда тұрып жатқанына 80 жыл және Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 25 жыл толуына арналды. Автор өз туындыларында Үштөбе, Қызылорда, Алматы және Астана сынды қалаларда тұрып жатқан кәріс диаспорасын түсірген (орын.: қызметкерлері, 25 қазан-11 қараша, №1 «Алтын» залы алдындағы холл, 2 қабат); **45-46**



16. Халықаралық «Иерусалим – жәй қала емес» фотокөрмесі израилдік фотосуретші, newsru.co.il жаңалықтар порталының «Фотоестеліктер» айдарын және «Баланың бала емес сұрағы» телебағдарламасын жүргізуші Дмитрий Брикманның туындыларына арналған. Көрме Израиль Мемлекетінің Қазақстандағы Елшілігі мен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдау көрсетуімен ұйымдастырылды. Көрменің ашылу салтанатына Қазақстандағы Израиль Елшісі Михаэль Бродский, фотокөрме авторы Дмитрий Брикман, сол сияқты мәдениет және өнер қайраткерлері, дипломатиялық корпус өкілдері қатысты. Бірегей экспозиция құрамында Израиль мемлекетінің астанасына арналған портреттер, жанрлық және репортаждық фотосуреттер бар. 47-48



Дмитрий Брикманның «Иерусалим – жәй қала емес» атты көрмесінен бөлек, «Екклесиаст. Фотоаударма», «Дао Дэ Цзин. Фотоаударма», «Иерусалим дұғалары» және «Иерусалим көлеңкелері» атты еңбектері бар (орын.: қызметкерлері, 14 қараша-4 желтоқсан, №1 «Алтын» залы алдындағы холл, 2 кабат);

17. Халықаралық «Таңғажайып Қытай» фотокөрмесі Қазақстандағы ҚХР Елшілігінің қатысуымен ұйымдастырылды. Фотосуреттердің авторлары заманауи Қытайдың соңғы бес жылдағы жетістіктерін көрсеткен (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 5 желтоқсан 2017 ж – 6 қаңтар 2018 ж.); 49-50



Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің топтамасынан халықаралық көшпелі көрмелер – 4:

18. Халықаралық көшпелі «Түркі әуендері» көрмесі РФ, Курган қаласындағы Курган облыстық бейнелеу өнері музейінде өтті. Есепті кезеңнің наурыз айында Курган облыстық бейнелеу өнері музейі

басшылығының шақыруымен (Ресей Федерациясы, Курган қаласы, 20 наурыз -25 сәуір) музейдің Қорларды толымдау, есепке алу және сақтау қызметінің қызметкерлері мәдени-ағартушылық «Орал аспаныастында» жобасының аясында ұйымдастырылған «Түркі әуендері» көрмесін ұйымдастыру және өткізу мақсатында сапарға шықты (Ресей, 24-25 наурыз 2017 жыл).

Көрмеде ҚР Ұлттық музейі қорларынан этнография заттары, сәндік-қолданбалы өнер туындылары, кілемдер мен гобелендер, фото және бейне материалдар сынды экспонаттар ұсынылды. Барлығы 143с.б. заттары ұсынылды. 51-52



Көрме экспозициясы бойынша қазақ және орыс тілдерінде тақырыптық экскурсиялар құрастырылып, өткізілді. Сол сияқты көрмеге келушілерге қазақтардың балаларға арналған рәсімдерінен «Тұсау кесу» салты көрсетілді. Слайд-экрандарда Қазақстанның елордасы – Астана, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі туралы деректі фильмдер көрсетілді. Көрменің қорытындысы бойынша мақала дайындалды (Қарау: Қосымша В: Молдабаева З. «Тюрские мотивы» в Зауралье // Мәдени мұра. № 2 (71), 2017. – С.102-105). ҚР Ұлттық музейінің аталған көрмеге қатысқаны туралы ақпарат 20 БАҚ-та жарияланды (оның ішінде ресейлік: «Вечерние новости Екатеринбург», «Север - пресс» ақпараттық агенттігінде, «Костанайские новости» - Костанай), сол сияқты Ресейдің және Қазақстанның аймақтық сайттары мен порталдарында. Көрмені Қорларды толымдау, есепке алу және сақтау қызметінің қызметкерлері осы қызмет басшысы және музейдің бас қор сақтаушысы Р.И.Бекталиеваның басшылығымен ұйымдастырып өткізді. 2017 жылғы сәуір айының соңында қызмет қызметкері- қор сақтаушы З.К. Молдабаева құжаттарды рәсімдеу, экспонаттарды буып-түю және қайтару үшін Курганға барды (жауаптылар: Р. И. Бекталиева, Алибай Б.С., Молдабаева З.К.).

19. Британ музейіндегі скиф-сақ мәдениетінің археологиялық бұйымдарының халықаралық «Скифтер: ежелгі Сібір жауынгерлері» көрмесіне қатысу. Көрме ҚР Ұлттық музейінің және Мемлекеттік Эрмитаждың күш салуымен ұйымдастырылды. Көрмеде ҚР Ұлттық музейінің қорларынан скиф-сақ кезеңіндегі Есік, Талды-2, Тақсай және Берел қорғандары мен қорымдарынан табылған археологиялық заттар ұсынылды (жауаптылар: А. К. Сатубалдин, К.Сахиева; 2017 жылғы 14 қыркүйек-2018 жылғы 14 қаңтар, Лондон қ., Ұлыбритания).

20. «Ұлтаралық «Ұлы Жібек жолы» сериялық номинациясы» жобасы шеңберіндегі халықаралық «Шексіз милдер – Жібек жолы мұрасы» көрмесіне қатысу. Қытай, Қазақстан және Қырғызстан музейлерінің қатысуымен өткен көрме Қытай Халық Республикасының Арнайы Гонконг әкімшілік ауданының мәдени орталығы құрылғанының 20 жылдығына арналды.

53-54



2014 жылы Қытай, Қазақстан және Қырғызстанның бірлесіп күш салуының нәтижесінде ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне «Тянь-Шань дәлізінің бастапқы буыны және бағыттар желісі» кіргізілді. Көрменің басты мақсаты мәдени диалогтың Қытай, Қазақстан және Қырғызстанның тарихы мен мәдениетіндегі маңыздылығын көрсету. Экспозицияның негізін Хань және Тан империясының астанасы Чаньаньнан (қазіргі Сиань) бастау алатын, Жетісу арқылы созылып, ары қарай Орталық Азияға өтетін Ұлы Жібек жолындағы «Тянь-Шань дәлізінің» тарихи-мәдени ескерткіштерінен алынған заттар құрады. Гонконг тарих музейіндегі Қазақстандық экспозицияға Еуразияның дала белдеуіндегі мәдениеттің бірегейлігін көрсететін Есік қорғанынан және Берел қорымынан, сол сияқты Ұлы Жібек жолының керуен соқпақтарында орналасқан қалалардан табылған қолданбалы өнердің сирек кездесетін музей заттары ұсынылды. (жауаптылар: А. К. Сатубалдин, Ж. К. Таймағамбетов, К. Сахиева, Д. Жумабай; 1-28 желтоқсан, Гонконг, ХҚР); 55-56



21. Халықаралық көшпелі «Ұлы дала көшпенділерінің өнері» көрмесі Белорустың Ұлттық бейнелеу өнері музейінің жаңа ғимаратында өтті. Үш жылға жоспарланған халықаралық «Алтын адамның әлем

музейлеріне шеруі» үлкен көрме жобасы Беларусь астанасы – Минск қаласынан бастау алды. Шара Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне, Қазақстан және Беларусь арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнауының 25-жылдығына орай ұйымдастырылған. Көпшіліктің назарына арасында Есік қорғанынан және Берел қорымынан табылған жәдігерлер бар, жалпы құны он миллионға долларға жететін Еуразия дала белдеуіндегі зергерлік өнер туындылары сынды 232 экспонат ұсынылды. Көрменің ашылу салтанатына Белорустағы Қазақстан Елшісі Е.Ертісбаев, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі директорының м.а. Л.Кочетов және Беларусь Ұлттық бейнелеу өнері музейінің бас директоры В. Прокопцов қатысты. Көрме 2017 жылғы 1-28 желтоқсан аралығында өтті.

(жауаптылар: Л. В. Кочетов, Н. Е. Бимурзаева, У. Т. Садыкова, Мукатаева Ш., Абишев Н., Хабар С.).**57-58**



Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО - 2017» көрмесін өткізу аясында уақытша көрмелер ұйымдастыру және өткізу

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі 11 көрме ұйымдастырып өткізді, оның 9-ы халықаралық және 2-і бейнелеу және қолданбалы-сәндік өнері туындыларының көрмелері:

22. **Халықаралық «Император Цинь Шихуандидің Терракота әскері» мәдени ескерткіштерінің көрмесі** (ҚХР, Сиань қ.). Терракота әскерінің көрмесі Орталық Азия және Қазақстанда бірінші рет ұсынылды. Император Цинь Шихуандимен соңғы сапарға бірге шыққан Қытай әскерінің өлшемі сақталған 8099 терракота мүсіндерінен Астанадағы көрмеге 4 мүсінді әкелді. «Терракота әскері» ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне кіргізілген және әлемнің сегізінші кереметі деп аталады. Көрме келушілерден үлкен баға алды (9 маусым – 16 қыркүйек; №1 Алтын залы алдындағы холл, 2 қабат);**59-61**




23. **Халықаралық «Шамбаланы іздеу жолында» көрмесі.** Нью-Йорктегі Николай Рерих музейінің жауһарлары мен қағаздағы туындылары. Көрменің ашылуына ҚР Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлы, депутат Бірғаным Әйтімова, Қазақстандағы АҚШ Елшілігі мен Консульдығының Жұртшылықпен байланыс бөлімінің басшысы Энтони Пахигиян және көрме кураторлары Орыс-Америка Қорының президенті, америкалық «Son Mar Group» компаниясының негізін қалаушы, Мемлекеттік Бруклин музейінің экс-кураторы Марина Ковалева және америкалық «Son Mar Group» компаниясының және TondoArt арт-платформасының негізін қалаушы Соня Беккерман қатысты. Аңызға айналған суретші, саяхатшы және ойшыл Николай Рерихтың шығармашылығына арналған экспозиция Қазақстанда тұңғыш рет экспозицияланды. Бұл көрмеде 37 туынды көрсетілді, оның бір бөлігін Рерих 1920-40 жылдары жас шағында жасаған. (14 маусым-14 қыркүйек, №2 Заманауи өнер залы, 4 қабат)

24. **Халықаралық «АҚШ-тың жеке топтамаларынан алынған орыс өнерінің жауһарлары» көрмесінде** 35 туынды, соның ішінде - дүниежүзіне танымал суретші-марионист – И. К. Айвазовскийдің, XIX ғасырдың біртуар кескіншілері К. Е. Маковскийдің, А. А. Харламовтың, В. Шухаевтің, авангардшы-суретшілер Д. Бурлюктың, М. Ларионовтың, Н. Гончарова және А. Экстердің, орыс импрессионизмінің жарқын өкілі К. Коровиннің, сол сияқты Ф. Малявиннің, К. Вещаловтың, О. Сахаровтың, В. Переплетчиковтың, С. Колесниковтың туындылары ұсынылады. Көрме ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен БҰҰ-дағы Қазақстан Республикасы Миссиясының және Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің қатысып қолдау көрсетуімен дайындалды (14 маусым-14 қыркүйек, №2 Заманауи өнер залы, 4 қабат);

25. **Халықаралық «Сұлтан Бейбарыс және оның дәуірі» көрмесі** Ислам өнері музейінің (Мысыр Араб Республикасы, Каир) топтамаларынан Сұлтан Бейбарыс билігі тұсындағы титулатураны білдіретін Барыс рәмізі салынған ортағасырлық 22 жәдігерді ұсынды. (16 маусым-10 қыркүйек, Уақытша көрмелер залы, 5 қабат); **62-63**





26. Ежелгі Мысырдың археологиялық заттарының **Халықаралық көрмесі** (Мысыр Араб Республикасы, Каир) 2017 жылғы 23 маусымда Астанадағы Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесіне орайластырылып ашылды. Көрмеде Тутанхамон топтамасынан жәдігерлер көрсетілді (орын.: ЭКК қызметкерлері, 23 маусым-3 тамыз, №3 Уақытша көрмелер залы, 4 қабат); **64-65**



27. **Халықаралық «Ұлы дала көшпенділерінің алтыны» атты біртума жәдігерлердің көрмесі** Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Орынбор губерниялық тарихи-өлкетану музейі және қазақстандық танымал

реставратор Қырым Алтынбековтің топтамасындағы бірегей заттарынан тұратын ж.с.д. VII–II ғғ. сақ мәдениетінің ең үздік 200 астам жәдігерін ұсынды (1маусым-11 қыркүйек, №2 «Алтын» залы, 3 қабат);

28. **Халықаралық «PHOTOfest.KZ» фестивалі** елорда тұрғындары мен қонақтарына әлемнің 6 елінің 12 суретшісінің екі жүзден астам туындыларын ұсынды. Олардың арасында аса танымалдары Шигеру Йошида (Токио), Жан Тюрко (Франция), Исмаил Хайкир (Түркия), Павел Антонов (АҚШ), Андрей Мартынов (Ресей), Татьяна Зубкова (Ресей) және т.б.. Қазақстандық танымал фотографтар Асылхан Абдраим, Мақсат Шағырбаев, Шүкір Шахай, Тұрар Қазанғаповтар да өз жұмыстарын көрсетті (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 1 шілде-3 тамыз, атриум, 2 қабат); **66-67**



29. Мемлекеттік Эрмитаж қорларынан қару-жарақ өнерінің **халықаралық көрмесі** (Ресей Федерациясы, Санкт-Петербург қ.). Көрмеде қару-жарақ өнерінің 70-тен астам бұйымы ұсынылды, олардың арасында: Германияның, Үндістанның, Иранның, Италияның, Испанияның, Түркияның, Францияның және Жапонияның соғыс, аңшылық және салтанат қарулары бар. (3 шілде-12 қараша; №1 Заманауи өнер залы, 4 қабат); **68-69**



30. Халықаралық «Artdala - кеңістік пен уақытты жарып өткен диалогтар» көрмесі ЭКСПО-2017-ның мәдени бағдарламасы аясында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен және бастамашылығымен өткізілді. Көрменің басты идеясы – заманауи отандық бейнелеу өнерінің әр алуандығын және шетелдік дискурстармен үндестігін көрсету. Көрмеде әлемнің он елінің танымал болған отыз үш суретшісінің картиналары экспозицияланды. Авторлардың географиясы сияқты, көрме

тақырыптары, сюжеттері, стилдері мен бағыттары да жан-жақты (3 шілде- 18 қыркүйек, атриум, ғылыми кітапхана алдындағы холл, 2 қабат);

31. 2017 жылғы 6 маусымда ашылған ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Ерболат Төлепбайдың жеке «Бес күн» көрмесіне** бояу жан толғанысы мен сезімді жеткізе алған, ал көп бояулы өрнектер тұңғықтан сыр шертіп тұрған суретшінің өзіне тән көркем суреттік нақышпен орындалған 60-тан астам туындылары қойылады. Ерболат Төлепбайдың жаңа көркем туындыларының басты кейіпкерлері – әйелдер, олардың ана, қарындас, әйел, қыз ретіндегі барлық тағдырлары (Заманауи өнер залы, 6 қабат); **70-71**



32. Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, Шоқан Уәлиханов атындағы Қазақ КСР-ы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Бәтима Зәуірбекованың «**Ұлы дала өрнектері**» атты жеке көрмесі өтті. Бәтима Зәуірбекованың шығармашылығымен 1970-жылдары басталған қазақстандық гобелен тарихының тұтас бір кезеңі тығыз байланысты. (жауаптылар: Адильбекова Т.Т., ЭКҚ қызметкерлері, 30 маусым-11 қыркүйек, №1 Заманауи өнер залы, 4 қабат). **72-73**



Осылармен қоса, ЭКСПО-2017 аясында өтті:

33. «**Достық жолдарымен**» Мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесі (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 22-28 маусым, №1 ҚХА залы).

Көшпелі қор көрмелері – 12, оның ішінде -1 көшпелі көрме аймақтық музейде өтті, Қарағанды қ.

34. «Атадан қалған асыл мұра», көшпелі көрмесі Қазыбек бидің 350 жылдығына арналды, Қарағанды облыстық өлкетану музейінде өтті (орын.: 21 қыркүйек – 22 қазан):

35. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорларынан киноафишалардың **көшпелі көрмесі** Үкімет Үйінде киноматографияның даму мәселелері бойынша отырысқа арнайы дайындалып өткізілді (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 16-17 қаңтар);

36. ҚР-дағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті -Елбасы кітапханасындағы Олимпиада қозғалысына арналған **Көшпелі қор көрмесі**;

37. ҚР Мәдениет және спорт министрлігіндегі алқа отырысының өтуіне байланысты **көшпелі қор көрмесі** (МСМ, орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 27-28 қаңтар);

38. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорларынан киноафишалардың **көшпелі көрмесі** ҚР Мәдениет және спорт министрлігіндегі алқа отырысының өтуіне байланысты Қазмедиаорталықта арнайы дайындалып өткізілді (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 15-16ақпан);

39. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорларынан сәндік-қолданбалы өнер және тұрмыстық (толық жабдықталған киіз үй) бұйымдардың **көшпелі көрмесі** Бейбітшілік және келісім сарайында Алғыс айту күніне орай өткізілді (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 1 наурыз);

40. ҚР Мәдениет және спорт министрінің Қазмедиаорталықтағы тұрғындармен кездесуіне орай **көшпелі көрме** өтті (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 14-15 маусым);

41. «Мәңгілік Ел» Салтанат қақпасының салтанатты ашылуына байланысты **көшпелі көрме** өтті (орын.: ЭКҚ қызметкерлері);

42. «Алтын адам» **көшпелі көрмесі** «ЭКСПО - 2017» павильонында ұйымдастырылды (орын.: ЭКҚ қызметкерлері);

43. «Шабыт» Ұлттық өнер университетінде **көшпелі көрме** өтті (орын.: ЭКҚ қызметкерлері);

44. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстанның қасиетті географиясы» жобасы бойынша ҚР Парламентінде **көшпелі есептік көрме** өтті (жауаптылар: Адильбекова Т.Т., ЭКҚ қызметкерлері, 29- қараша – 4-желтоқсан); Көшпелі қор көрмесі Л.Г.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінде «Қасиетті Қазақстан» бағдарламасы бойынша республикалық комиссия отырысына байланысты өтті (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, маусым);

45. «Қасиетті Қазақстан» жобасы бойынша Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінде өткен республикалық комиссия отырысына орай ұйымдастырылған **көшпелі қор көрмесі** (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, маусым);

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің алаңында өткен қор көрмелері - 12:

46. Қазақ және орыс суретшілерінің туындыларының қор көрмесі тарихи-деректемелік «Ресей және Қазақстан: мәңгілік достық стратегиясы» көрмесінің ашылу аясында өтті. Экспозицияға бейнелеу өнеріндегі қазақ және орыс суретшілері Табиев Б., Шарденов Ж., Айтбаев С., Ткачев С., Лопухов А., Барак А., Козловская М және т.б. туындылары қойылды (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 01-18 наурыз);

47. Археологиялық мұра заттарының «Ұлы Дала елінің мұрасы» атты қор көрмесін 2017 жылғы 3 наурызда «Халық қазынасы» ҒЗИ қызметкерлері өткізді (жауапты: А.Оңғар); **74-75**



48. Бейнелеу өнері туындыларының «Көктем очерктері» қор көрмесі мемлекеттік наурыз мерекесін тойлауға арналды. Экспозицияға 20 шақты қазақстандық танымал суретшілердің туындылары қойылды, олардың арасында А. Ғалымбаеваның, С. Романовтың, К. Шаяхметовтің, Э. Бабадтың, Г. Баяновтың, В. Фролованың, К. Әжібековтің суреттері бар. Суретшілердің бұл туындыларында қазақ халқының тұрмысы, қазақ даласының көктемгі ояңған тіршілігі, туған табиғаттың сұлулығы, ұлттық салт-дәстүрлер бейнеленген (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 17 наурыз -03 сәуір);

49. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы шайқастарындағы қазақстандықтар» қор көрмесі. **76-77**



Көрмеге Ұлы Отан соғысына қатысушылардың жеке заттары, фотоқұжаттары, сол сияқты кеңес халқының жауынгерлік ерлігіне арналған кітаптар қойылды (жауаптылар: Адильбекова Т.Т., ЭКҚ қызметкерлері, 4-13 мамыр, атриум, Ғылыми кітапхананың алды, 2 қабат); **78-79**



50. Өнер туындыларының «Бірегейлікті іздеу» қор көрмесі музейге келушілерді шығармашылықтарының әртүрлі кезеңдерінде ұлттық идеяны іздеуге бет бұрған қазақстандық бейнелеу өнері шеберлерінің туындыларымен таныстырды. Көрмеге 95 көркем сурет және графика туындысы қойылды. Олардың арасында ұлттық бейнелеу өнері мектебінің негізін қалаған Әбілхан Қастеев, Әубәкір Исмаилов, алғашқы қазақ суретші-әйелі Айша Ғалымбаева, акварел шебері Үке Әжиев, пәлсапашыл лирик Сабыр Мәмбеевтің, сол сияқты алпысыншы жылдардың танымал суретшілері Салихитдин Айтбаев, Абдрашит Сыдыханов, Бахтияр Табиев, Еркен Мергенов және тағы басқа ұлттық бейнелеу өнеріне зор үлес қосқан суретшілер бар (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 26 мамыр-26 маусым, №1 Заманауи өнер залы);

51. «ЭКСПО тарихы» қор көрмесі (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 14 маусым-10 шілде, атриум, кәде сый дүңгіршектерінің фойесі, 2 қабат);

52. «Сарайшық қаласы» атты қор көрмесін ҚР ҰМ қорлары мен ғылыми кітапханасы Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейімен бірлесіп ұйымдастырды (жауаптылар: Бекталиева Р. И., Дариш Т. М., 4 сәуір 2017 ж.);

53. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорларынан өнер туындыларының «Алпысыншылар» қор көрмесі. Көрмеде Қазақстанның танымал суретшілері мен мүсіншілерінің көркем сурет, графика және мүсін туындылары қойылды. Көрмеге келушілер қазақстандық жеке ұлттық өнер мектебі қалыптасқан 1960ж. соңы 1970 ж. өздерін көрсеткен қазақстандық алпысыншы-суретшілердің еңбектерін көре алды. Осы кезеңде бейнелеу өнерінің тілі кезекі рет ауысты (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 14 қыркүйек, №1 Заманауи өнер залы);

54. «КСРО-дағы марапаттау түрлері» қор көрмесі Қазан төңкерісінің 100 жылдығына арналып, Қазақстан Коммунистік халықтық партиясының салтанатты жиналысы шеңберінде өтті (орын.: қызметкерлері, 7-10 қараша, конференц-зал фойесі, 2 қабат);


55. Қор көрмесі «Алаш» қозғалысы және Алаш Орда үкіметінің 100 жылдығына арналған «Алаш – Қазақстанның ұлттық бірлік идеясы» конференциясының шеңберінде ұйымдастырылды. Көрмеге Алаш қозғалысына қатысушылардың мұрағаттық құжаттары, Мағжан Жұмабаев,

Сәкен Сейфуллин, Мұқтар Әуезовтердің жеке заттары, сол сияқты Алаш-Орда мөрлерінің көшірмелері қойылды (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 24 қараша 2017 ж.-5 ақпан 2018 ж. қараша);

56. Отандық заманауи сәндік-қолданбалы өнер туындыларынан «Дәстүрлер сабақтастығы» қор көрмесі (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 8 қыркүйек – 20 қараша);**80**



57. «Ұлттық музейге сый тарту» қор көрмесі жыл сайынғы осы аттас акцияның аяқталуына орай ұйымдастырылады. Экспозиция 2017 жыл ішінде музейге сыйға тартылған музейлік мәні бар заттардан құрастырылды. Акцияның қортындысы 3 желтоқсанда өтіп, оған тарихи құндылығы бар заттар, сол сияқты Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуын көрсететін заттар қойылды (жауаптылар: Бекталиева Р.И., Мажитова Т.С., Қор және ЭКҚ қызметкерлері; 3-20 желтоқсан; ҚХА залы, 2 қабат);**81-82**



Бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер туындыларының көрмелері - 12

58. Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі ҚР Ұлттық музейімен бірлесе ұйымдастырған **«Бабалар аңсаған Тәуелсіздік»** атты республикалық өнер туындыларының көрме-жобасы ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған. Экспонаттардың арасында көркем сурет, мүсін және графикалық туындылар бар. Экспонаттардың бір бөлігін Алаштыдағы Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі ұсынды (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 2016 жылғы желтоқсан – 2017 жылғы 1 ақпан, №1 Заманауи өнер залы);

59. Невзоровтар отбасы атындағы Шығыс Қазақстан облыстық бейнелеу өнері музейінің қолдауымен қазақстандық заманауи өнер суретшісі Сергей Масловтың **«Сергей Маслов. Жұлдызды көшпенді»** туындылар көрмесін ашты. Көрмеге суретшінің көркем сурет, графика, мәтіндер, инсталляциялар, сол сияқты Сергей Масловтың қатысуымен өткен акциялар мен перформанстар сынды әртүрлі жанрлардағы түрлі техникалармен орындалған туындылары қойылды. Сергей Маслов Самара қаласында (1952-2002) дүниеге келген (Ресей). Алматыда тұрып жұмыс жасаған (Қазақстан). Оның суретші ретіндегі мансабы 1980 жылдардың соңында басталды. Ол кезде Маслов шығыстық мистицизм және стильдік эклектик бағытын дамытқан «Түнгі трамвай» көркемөнер тобының жетекшісі болатын. Ол артынан басты шығармашылық қағида ретінде өзіне мифтік шығармашылықты таңдап алып, Вояджер галереясының көркемөнер тобына қосылады. «Сергей Маслов. Жұлдызды көшпенді» көрмесі шығармашылығының өркендеуі қайта құру және одан кейінгі кезеңдерге сәйкес келген суретшінің ізденісін көрсетуге әрекет жасайды (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 2017 жылғы 18 қаңтар 30 қаңтар); **83-84**



60. Қазақстандық танымал зергер Аман Мұқажанов туындыларының **«Дала аңызы»** жеке көрмесінде 220 зергерлік бұйымдары, көркем суреттер, инсталляциялар қойылды (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 2016 жылғы 15 желтоқсан – 2017 жылғы 1 наурыз);

61. Қазақстан Халық суретшісі Әубәкір Исмаиловтың жеке **«Өнер Заманның Энергиясы»** көрмесі суретшінің ҚР Ұлттық музейінің, Ә.Қастеев ат. Мемлекеттік өнер музейінің қорларындағы және отбасылық топтамаларындағы заттардан құралды. (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 15 ақпан-18 наурыз, №1 «Алтын» залы алдындағы холл, 2 қабат); **85-87**



62. Отандық танымал суретші-зергер, ҚР Ұлттық музейі консервация және реставрация қызметінің басшысы Б.Әлібайдың жеке коллекциясынан **зергерлік бұйымдар көрмесі** (2017 жылғы 18 наурыз);

63. ARTSAPAR қоғамдық көркемөнер бірлестігі ұйымдастыратын Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы «Art Sapar art of Kazakh eli» көшпелі көрмесі аясында өтетін **«Қобыз дала» туындылар көрмесі** ұйымдастырылды. «ARTSAPAR» – бұл жас суретшілер тобы. «Art Sapar art of Kazakh eli» жобасына қатысушылар арасында Анар Әубәкір, Наталия Баженова, Гүлмарал Тәтібаева, Бауыржан Досжан, Алмас Орақбаев, Бейбіт Әсемқұл, Талғат Жұмағұл, Жанна Нөгербек, Бағдат Сәрсенбиев, Данияр Сарбас, Мәдина Нарбаева сынды Қазақстанның жас суретшілері бар. «Қобыз дала» көрмесі кезінде текеметті жасау техникасы мен оюлау ерекшеліктері туралы лекция, тақырыптық туынды жасайтын арт-сейшн, мүсін жасау бойынша шеберлік сыныбы сынды көрермендерді қызықтыратын әртүрлі шығармашылық эксперименттер жасалады. Суретшілер өздерінің жеке авторлық жолдарын іздейді және бір-бірін шығармашылық жағынан байыта түсетін тәжірибемен алмасады. (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 28 сәуір-22 мамыр);

64. Қазақстандық танымал суретші Сәуле Сүлейменованың **«Somewhere in the great steppe. Көкжиек» туындыларының жеке көрмесі** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент – Елбасы қорымен бірлесіп ұйымдастырылды. Танымал болып үлгерген Сәуле Сүлейменова үш жыл

бұрын жаңа техникамен жұмыс жасай бастайды. Көрмеде суретші ойлап тапқан ерекше целлофан кескіндемесі техникасындағы 30-ға жуық туындылармен қатар, «Көкжиек» және «Келін» атты 2 инсталляция назарға ұсынылады. Суретші ізденістерінің өзегі адамдар мен олардың бұрын және бүгін алып отырған орындары болды, болып қала береді де. 2014 жылға дейін Сәуле зерттеуін мұрағат материалдарын пайдалана отырып, бояу арқылы қарапайым қала көріністері мен натюрмортты бейнелеп іске асырса, енді 2014 жылдан бері қарай Сәуле Сүлейменова алдына алғаш қарағанда өңсіз көрінетін пайдаланылған пакет сынды материалдан жаңа эстетикалық әдемілікті тапсам деген ауқымды да қиын міндетті қойып отыр (орын.: ЗӨО қызметкерлері, бмаусым-10 шілде); **88**



65. «Қала көшпенділері 2.0» туындылар көрмесі британдық мәдени бағдарлама аясында Британдық Кеңес және «Atomik Architecture» қазақ-британ студиясымен бірлесіп жасаған жобаның жалғасы және «Шеврон»

компаниясының қолдауымен өтіп отыр. «Қалалық көшпенділер» бұл – қазақстандық зергерлер мен дизайнерлердің бірлескен жұмыстарының көрмесі. Көрмедегі барлық экспонаттар заманауи қалалық көшпенділер мінезіне тән бірегей мәдени кодтарды іздеумен бір ортаға тоғысқан. Көрменің ашылу салтанаты барысында экспонаттардың жасалу тарихы жөнінде және көрме турасында көбірек мәлімет беру үшін БАҚ өкілдеріне арнайы экскурсия ұйымдастырылды. Кингстон университетінің магистрантары Қазақстанның көшпенділіктен бастап бүгінгі күнге дейінгі мәдени дәстүрлерінің (тамақ ішу, ішкі кеңістікті ұйымдастыру және сақтау жүйесі) эволюциясын зерттейді. «Қала көшпенділері 2.0» - бұл осы аттас жобаның жалғасы. Ол жоба Лондондағы Халықаралық сәулет фестивалі және Халықаралық дизайн фестивалінің бағдарламасына кірген және өзіне 2016 жылы 12000 адамды тартқан (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 27 маусым-31 тамыз); **89-90**



66. Қазақстандық суретші Кәріпбек Күйіковтың **туындыларының «Радиация» атты көрмесі** 9 тамызда салтанатты түрде ашылады. Ол – әлемдегі антиядролық қозғалыстың белсендісі, Қазақстанның бастамашылығымен құрылған халықаралық «Атом» жобасының құрметті елшісі. Көрмені Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Ұлттық музеймен бірлесіп ұйымдастырылды. Қарағандылық суретші Кәріпбек Күйіков Қазақстандағы антиядролық ұстанымын насихаттап, бүкіл әлемге ерекше талантымен танылған тұлға. Кәріпбек Күйіков Қарағанды облысындағы Семей ядролық полигонынан зардап шеккен Егіндібұлақ ауылында дүниеге келді. Сол себепті қолы жоқ боп туылған. Оның сурет салуы да өзгеше. Өз туындыларын қылқаламды тісімен тістеп, кейде аяғының башпайлары арқылы бейнелейді. (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, атриум, кітапхана алдындағы холл. 6-29 тамыз); **91-92**



67. Еуразиялық Мәдени Альянспен бірлесіп суретші Молдақұл Нарымбетовтың «ARUAQTIN TUSI» көрмесін «Қазақстанның заманауи өнері тарихындағы тұлғалар» атты музей жобасын іске асыру аясында ұйымдастырылды. Көрмеде шебердің ең маңызды және көрнекті жұмыстары қойылған. Олардың ішінде кескіндемелік жұмыстар, инсталляциялар, суретшінің қатысуымен түсірілген видеоперформанс, сонымен қатар М.Нарымбетов шығармашылығы жайында деректі фильм ұсынылды. Ол «Қызыл Трактор» (1990 ж.) арт-тобының белді мүшесі болған және қалыптасып үлгерген суретшіге креативті көркем үлгілерді батыл меңгеруге мүмкіндік берген даралығымен, асау мінезімен ерекшеленді. Оның мифке құрылған шығармашылығы пішіні жағынан архаикалық, мазмұны жағынан заманауи болып табылады, сол себепті де біз оны бірегейлігін тауып дамыта білген дара суретші ретінде танимыз. Көрме кураторы – жылсайынғы халықаралық ARTBAT FEST заманауи өнер фестивалінің негізін қалаушылардың бірі Владислав Слудский (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 27 қазан-31 қаңтар); 93-94



68. «Жаһанданған әлемдегі қазақстандық заманауи мәдениет» жобасын жүзеге асыру шеңберінде бейнелеу өнерінің «АРТ серпіліс» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде «*ruh.kz*» сайтына іріктеліп алынған және әртүрлі көркемсурет институциялары шығармаларын шетелдерде танытуға ұсынған суретшілердің туындылары экспозицияланады (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 13 желтоқсан-15 қаңтар);

69. «Уақыт және Астана: Болашақтан кейін» («Time & Astana: After Future») атты заманауи өнер көрмесі. Көрме –«Artcom» шығармашылық коммуникациялық платформасының бастамасымен жүзеге асып жатқан «ArtCollider-Өнер ғылыммен кездескен кезде» атты жоба

шеңберіндегі суретшілердің, сәулетшілердің, философтардың, антропологтардың, әлеуметтанушылардың, биологтардың бірігіп жасаған еңбегінің нәтижесі. Көрмеде 25 қатысушының инсталляция, фото, видео-арт, перформанс, кескіндеме сынды туындылары назарға ұсынылды. «Уақыт және Астана: Болашақтан кейін» көрмесі – бұл қаланы арқау ете отырып уақыт ұғымын көркемөнер арқылы зерттеу, өзара ықпалдастыққа, ұғынуға мүмкіндік болатын тіреуді табуға талпыныс. Көрме кураторы Әйгерім Қапар (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 2017 жылғы 22 желтоқсан- 2018 жылғы қаңтар); **95-96**



Балалардың қатысуымен көрмелер – 6:

70. №8 арнайы түзету мектеп-интернаты оқушыларының қатысуымен **«Мен әлемді танимын»** көрмесі (жауапты: М.Е. Еңсебаев, 20 сәуір, 70 оқушы);

71. ART STUDIO VIVAT мектебінің **«Түрлі-түсті ойлар»** атты балалар туындыларының **бейнелеу өнері көрмесі**. Көрмеге жас суретшілердің бірнеше жылда жеткен жетістіктерін көрсететін 60-тан астам туынды қойылды. Жұмыстар сурет өнерінің әртүрлі жанрлары мен техникалары бойынша жасалған. Көрме экспозициясының қатарында дәстүрлі бағыттармен қатар, замануи және дәстүрлі емес бағыттарда жасалған өнер туындылары бар (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, №1 «Алтын» залы алдындағы холл. 20-24 мамыр);

72. **Балалар суреттерінің «Әр бір үйге еркеміз, суреттен сыр шертеміз»** көрмесі балаларды қорғау күніне арналған (жауаптылар: Еңсебаев М.Е., Мусаева Ж.С.; 1 маусым);

73. **«Арнау» бейнелеу өнері орталығының** (директор Г. Батырғалиева) **қайырымдылық «Ашық алақан»** көрмесі балалардың бейнелеу өнері туындыларынан құралған. Көрмеге 75 жұмыс қойылып, оның 50-і 455 мың теңгеге сатылды. Шара барысында түскен қаржы «Балам - Ай» ҚҚ-ның мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік қолдау көрсету орталығына жіберілді. Ол жерде көмекке мұқтаж 130 бала білім алады (орын.: ЭКҚ қызметкерлері, 7-10 қазан; атриум); **97-98**



74. Музей үйірмесінде білім алатын балалардың «Әсемдікке құштарлық» атты шығармашылық туындыларының көрмесі (ұйымдастырушы: эстетикалық тәрбие секторы; 3 қараша; 70 қатысушы және қонақтар); **99-100**



75. Тәуелсіздік Күніне арналған «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты балалар көрмесіне музейдегі «Кескіндеме және графика», «Шебер» үйірмелеріне қатысушылардың жұмыстары қойылған. **101-102**



Аталмыш көрменің басты мақсаты – жасөспірімдер жұмыстарының нәтижелерін көрсету мен олардың эстетикалық және патриоттық тәрбиесін қалыптастыру. «Кескіндеме және графика» үйірмесі 2015 жылдың маусымында ашылған. Үйірмеде ҚР дизайнерлер одағының мүшесі Мұхтар Қайратұлы Байбосынов дәріс береді. Ал «Шебер» үйірмесі 2017 жылдың қыркүйек айында ашылған болатын. Онда шәкірттер қолөнер, тігін, биссер

тоқу өнерін үйренеді. (жауаптылар: Мажитова Т.С., Кеменгерова А.Р., Музей педагогикасы және балалар шығарамшылығы қызметі, Эстетикалық тәрбие секторының және ЭКҚ қызметкерлері, 12 желтоқсан, атриум); **103-104**



Медиялық көрме:

76. «Ұлы дала және Ұлы Жібек жолы» мультимедиялық-интерактивті көрмесі (орын.: ЭКҚ қызметкерлері; Этнография залы алдындағы галерея, 3 қабат; 1-3 маусым);

Фотокөрмелер– 7:

77. Фототілші Вячеслав Гельблингтің туындыларының жеке «Ұлттық ұлан Тәуелсіздік күзетінде» фотокөрмесі ҚР Ұлттық музейінің «Ғасырлар қойнауынан сыр шерткен Қазақстан» жобасы шеңберінде Құқық тәртібі сақшылары құрылғанының 25 жылдығына арналды. Көрме ҚР Ұлттық Ұланымен бірге ұйымдастырылды (орын.: ЭКҚ қызметкерлері; №1 «Алтын» залы алдындағы холл, 2 қабат; 5 қаңтар-20 ақпан); **105**



78. «Қазақстанның жас фотосуретшілері» фотокөрмесі (жауаптылар Адильбекова Т.Т., ЭКҚ қызметкерлері; №1 «Алтын» залы алдындағы холл, 2 қабат; 21 қаңтар);

79. Қазақстанның жас фотографтарының "Көктем. New Generation» атты фотокөрмесі. Көрменің негізгі мақсаты - фотоөнердің дамыту мен насихаттау, сонымен қатар, Қазақстанның жас фотографтарына қолдау көрсету. Фотожұмыстардың авторлары: @IdeaHub - Дархан Жагипаров, Манат Каринов, Жомарт Аралбайұлы және @Armenot.stories – Арнай Ормаш. Материалдық құндылықтарды кіргізуге және шығаруға, ашылу салтанатына, монтаж жұмыстарына рұқсат қағаздарын алу. Монтаж жұмыстарын қадағалау. Ашылу салтанатына жоспар дайындау. (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 18 наурыз);

80. «Достық жолдары» фотокөрмесі (орын.: ЭКҚ қызметкерлері; №1 «Алтын» залы алдындағы холл, 2 қабат; 1 маусым-10 қыркүйек);

81. «Тәуелсіз Қазақстан» фотокөрмесі. Көрме Елбасы-ҚР Тұңғыш Президентінің қорымен бірлесіп ұйымдастырылды (орын.: ЗӨО қызметкерлері, 3 қабаттағы холл, 11 қыркүйек);

82. **Фотодеректі көрме** материалдық емес мұраны зерттейтін дала экспедицияларының күнделікті тіршілігін баяндайды және «Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларын зерттеу, сақтау мен насихаттаудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің өтуіне байланысты ұйымдастырылды (жауаптылар: «Халық қазынасы» ҒЗИ, 12 желтоқсан; кіші конференц-зал алдындағы холл);

83. «Менің Қазақстаным» фотокөрмесі Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылды (жауапты: Нурмағанбетова А.С., ЭКҚ қызметкерлері, 2017

жылғы 9 желтоқсан. – 2018 жылғы 10 қаңтар.; холл перед Залом золота № 1 «Алтын» залы алдындағы холл, 2 қабат). **106-107**



Кітап көрмелері – 12:

84. «Әз- Наурыз – жыл басы» кітап көрмесі Наурызға арналған мерекелік шаралар аясында дайындалды (жауапты: Мажитова М.А. 14 наурыз); **108**



85. **Кітап көрмесі «Қазақстан-Ресей: мәңгілік достық стратегиясы»** тарихи-деректі көрменің ашылуына байланысты ҚР Ұлттық мұрағатымен бірлесіп ұйымдастырылды. Кітап көрмесіне 40 дана кітап қойылды. (жауапты.: Дариш.Т.М., Мажитова М.А., Даулетова А.Б.; 16 - 20 наурыз);

86. **«Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің туғанына 95 жыл: Х.Доспанова, М.Мәметова, Т.Бигелдинов, Ә.Нұршайықов және әскери-тарихи миниатюралар»** атты кітап көрмесі Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 72 жылдығына арналды (жауаптылар: Дариш.Т.М., Мажитова М.А., Даулетова А.Б; 4 мамыр); **109**



87. **Кітап көрмесі** Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздер (ту, әнұран, елтаңба 1992 ж) күніне арналды (жауапты: 2017 жылғы 4 маусым);

88. **Кітап көрмесі «Астана – бейбітшіліктің ордасы»**, Астана күніне арналды (жауапты.: Даулетова А., 2 шілде)

89. **Кітап көрмесі** Мемлекеттік тіл күніне арналды (жауапты.: Дариш.Т.М., 18 қыркүйек); **110-111**

90. **Кітап көрмесі** ұлы жазушы, Қазақ КСР академигі М.О. Әуезовтың туғанына 120 жыл толуына байланысты ұйымдастырылды (жауапты: Т. М. Дариш, 28 қыркүйек 2017 жыл);



91. Ұлттық валюта күніне арналған **«Ұлттық теңге – Ұлт мақтанышы»** кітап-нумизматика көрмесі музей сабағы аясында өтті.

шараны Ғылыми кітапхана секторының жетекшісі Т.М.Дариш №73 мектеп-лицейінің 9-11 сынып оқушылары үшін ұйымдастырды (15 қазан);

92. «Алаш – қазақтың ұлттық тұтастық идеясы» кітап көрмесі Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналды (жауапты Т. М. Дариш, 24 қараша); **112-113**



93. «Әлем таныған елбасы» кітап көрмесі Тұңғыш Президент күніне арналды (жауапты: Мажитова М.А., 2017жылғы 1 желтоқсан - 2018жылғы 31 қаңтар);

94. «Тәуелсіздік - Елімнің еркін жолы» кітап көрмесі Тәуелсіздік күніне арналды(жауапты: Т. М. Дариш, 16 желтоқсан – 25 желтоқсан).

Музейде өтетін көрмелер мен шаралардың көркем безендірілуін негізінен экспозициялық көрме қызметінің көркем безендіру және дизайн бөлімі жүзеге асырады (бөлім жетекшісі: Бимурзаева Н.Е.).

Бөлім қызметкерлері есепті кезең ішінде келесі жұмыстарды жасады:

— музейде өткізіліп жатқан шаралардың афишалары, баннерлері, ролл-стендтері, конверттері мен шақыру қағаздары және бағдарламаларының дизайндарын жасап, басып шығару (жыл бойы);

— көрме стендтерінің дизайнын жасау (үнемі);

— 8-Наурыз, Наурыз мерекелерінің, басқа да шаралардың құттықтау қағаздарының, алғыс хаттарының, марапаттарының және сертификаттарының дизайнын жасау (жыл бойы);

— «Музейдегі түн» акциясы үшін кіру билеттері мен купондар дизайндарын жасау (ақпан);

— Наурыз, «Қазақстан өлкетанушылар одағының» логотип дизайндарын жасау (ақпан, мамыр);

— «ЭКСПО кезінде өткізілетін мәдени шаралардың тізімі» лифлетінің 6 тілдегі дизайнын жасау (мамыр);

— Тұрақты «Қазақстан халқы Ассамблеясы және Қазақстанның көпэтностығының тарихы» көрмесінің 3D визуализациясын жасау (мамыр);

— «Рухани жаңғыру» бағдарламасын көпшілікке тарату бойынша баннердің дизайнын жасау (баннерлердің 148 нұсқасы жасалды - маусым);

— ЭКСПО үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі туралы стендінің дизайнын жасау және дайындау (маусым);

— Қазақстанның бірегей орындары бойынша буклеттің дизайнын жасау және дайындау (мамыр);

— музейдің жарнамалық каталогының дизайнын жасау және басып шығару (мамыр);

— музей экспозициялары бойынша открыткалар топтамасының дизайнын жасау (ақпан-наурыз);

1. Тасмола мәдениеті [Изоматериал]: 18 открыткадан жинақ / құрастырушылар: Бирмуханова А.У.; фото: Мусин К.К., дизайн: Шайдарханов Е.Е. – Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2017. – 1 мұқаба (18 жеке п.);

2. Ұлы дала көсемдері [Изоматериал]: 14 открыткадан жинақ / құрастырушылар: Джанеева А.К.; дизайн: Ткачева А.М. – Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2017. – 1 мұқаба (14 жеке п.);

3. Ежелгі және орта ғасыр тарихы [Изоматериал]: 19 открыткадан жинақ / құрастырушылар: Дуванбеков Р.С., Тауекелова А.Ж.; дизайн: Мамыт А.П. – Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2017. – 1 мұқаба (19 жеке п.);

4. Этнография [Изоматериал]: 8 открыткадан жинақ / құрастырушылар: Сейсенбаева А., Хурметбек А.; фото: Мусин К.К.; дизайн: Шайдарханов Е.Е. – Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2017. – 1 мұқаба (8 жеке п.).

— ЭКСПО аясында өткен уақытша көрмелер каталогының, буклетінің дизайнын жасау (маусым);

— музей сайты және жарнамалық мақсаттағы әлеуметтік желілер баннерлері дизайнын жасау;

— «Мәдени мұра» журналы мұқабасының дизайнын жасау;

— музейдің сыртқы жарнамасының дизайнын жасау;

— имидждік өнімдер дизайнын жасау (буклеттер, ақпар-кітапшалар);

— «Әшекей», «Ұлттық музей», «Алтын адам», «Ою-өрнек» топтамасымен имидждік өнімдер дизайнын жасау (футболкалар, флешкалар, қаламдар, күнделіктер, кәдесый табақтары) (27 қараша-10 желтоқсан);

— Қарағанды қаласындағы көшпелі көрме үшін баннер дизайнын жасау (маусым);

— Тәуелсіздік күніне LED экрандар дизайнын жасау (қараша);

— «Сұлтан Бейбарыс және оның дәуірі», Б. Зәуірбекова туындыларының «Ұлы дала өрекері» (сәуір), Мысырдың ежелгі археологиялық бұйымдарының халықаралық көрмесі, PHOTOfest.KZ (маусым), «Сарайшық қаласы» (шілде), Қазмедиадағы (шілде), ҚР Парламенті Мәжілісіндегі (қазан), «Шығыс және Батыс: қару-жарақ өнері» уақытша көрмелерінің 3D визуализациясын жасау;

— баспа өнімдерінің дизайнын жасау;

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі бақылаушылары үшін тілашардың (ақпан);
2. музей педагогикасы бойынша брошюра, афиша және буклеттердің (ақпан);
3. конференция материалдары жинағының;
4. «Қасиетті Қазақстан» брошюрасының (маусым);
5. 2016 жылғы есептің дизайны және беттеу.

МУЗЕЙЛІК-ҚОР САҚТАУ ҚЫЗМЕТІ

Қорды қалыптастыру, есепке алу және сақтау бойынша жұмыстарды Қорды толымдау, есепке алу және сақтау қызметі жүзеге асырады.

Жылдың басынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі экспонаттарының саны **209 303** сақтау бірлігін құрады, оның ішінде тұрақты сақтауда **157 923** заттың сақтау бірлігі (негізгі қордан – **109 641** бірлік, ғылыми-қосалқы қордан – **48 282** бірлік), ал уақытша қордағы экспонаттар санын – **51 380** зат бірлігі құрайды.

Есепті кезең аяқталар кезеңге Қазақстан Республикасы Ұлттық музейіндегі экспонаттар саны **212 581** сақтау бірлігін құрады, оның **159 290** сақтау бірлігі тұрақты сақталуда (олардан – **110 501** сақтау бірлігі негізгі қордыкі, – **48 789** сақтау бірлігі қосалқы қордыкі), уақытша қор экспонаттарының саны **48 789** санау бірлігін құрайды

Музей қорларын толымдау

Есепті кезең ішінде музейде қорларды толымдау мақсатында музейлік мәні бар заттарды зерттеу, іздеу және жинау бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізілді.

Есепті кезең ішінде сектор қызметкерлері музейлік мәні бар **700** зат жинап, қабылдау актілерін жасады.

Ағымдағы жылдың **1 тоқсанында**: музейлік мәні бар **211** затқа, **2 тоқсанында 187** затқа, **3 тоқсанында (а.ж. 15 қыркүйегіне дейін) 206** затқа қабылдау актілері жасалды.

2017 жылғы 1-6 наурыз аралығында Қорларды толымдау секторының жетекшісі Ж.Д. Майханова және сектор қызметкері А.С. Жусупова Алматы қаласында музейлік мәні бар заттарды 3 бағыт бойынша жинады:

1) Қазақстанның танымал тұлғалары ұрпақтарының мекен-жайлары бойынша музейлік мәні бар заттарды жинау – Батыс Қазақстан облысы тумаларынан;

2) ҚР Ұлттық музейінде Қазақстан мәдениет қайраткерлерінің залын жасау үшін музейлік мәні бар заттарды жинау;

3) «Универсиада 2017» тақырыбына музейлік мәні бар заттарды жинау. Іс-сапар нәтижелері бойынша музейлік мәні бар **153** зат жиналып, тұрақты сақтауға қабылданды. **114-115**



«Ұлттық музейге сый тарту» акциясын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің музей топтамасын қалыптастыруға ықпал ететін жақсы дәстүрге айналды. 2017 жылы осындай 3 акция өткізілді:

Ағымдағы жылдың 24 сәуірінде Орал қаласында **бірінші «Ұлттық музейге сый тарту»** акциясы өтті. Өткізілген акция аясында музей қорларына танымал жазушылардың, ғалымдардың, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, спортшылардың өмірлерімен байланысты музейлік мәні бар **298** құнды зат түсті. Акцияға 33 қатысушы қолдау білдірді. Акция барысында ақын, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Жұбан Молдағалиевтің (1920-1988), жазушы, Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері 1938 жылы жазаланған Хамза Есенжановтың (1908-1974), ғалым, мемлекет қайраткері Ахмет Дауылбаевтың (1903-1951), ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Ақұштап Бақтыгереваның (1944 т.ж.), қазақтың тұңғыш кәсіби дирижері, педагог, домбырашы, КСРО Халық әртісі Шамғон Қажығалиевтің (1927-2015), қазақстандық әуесқой боксшы, халықаралық топтағы спорт шебері, Олимпиада чемпионы (2016 ж, Бразилия), әуесқойлар арасында әлем чемпионы (2013 ж.), Азия ойындарының екі дүркін чемпионы (2010, 2014 жж.) Данияр Елеусіновтің (1991 т.ж.), қазақстандық спортшы, еркін күрес балуаны, жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегері Екатерина Ларионовның (1994 т.ж.) өмірі мен қызметімен байланысты болған заттар музейге өткізілді. Аталған кісілердің туған-туыстары отыз үш адамның белсенді қатысуы акцияның нәтижелі екенін білдіреді (жауапты: Ж.Д.Майханова, толымдау секторының қызметкерлері). **116-117**

	
<p><i>Танымал жазушы Қ. Жұмағалиевтың кітабы. Жазушының зайыбы С.Жұмағалиеваның сыйы</i></p>	<p>Кәдесый. <i>Хамза Есенжановтың 60жылдығына Қазақстан Жазушылар одағының сыйлығы. Жазушы отбасының ҚР Ұлттық музейіне сыйы</i></p>


2017 жылғы 25 қыркүйекте, Петропавлқаласында С. Мұқанов ат. Қазақ музыкалық-драмалық театрының ғимаратында екінші «Ұлттық музейге сый тарту» акциясы өтті. Акцияның қарсаңында дайындық шаралары жүргізілді. Акцияға қатысушылар туралы мәліметтерді электронды форматта құрастыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Акцияны өткізу және музейлік мәні бар заттарды жинау мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің, Солтүстік Қазақстан облыстық Мәдениет басқармасының басшысының, Солтүстік Қазақстан облыстық Музейлер бірлестігі директорының аттарына хат дайындалып жіберілді. «Ұлттық музейге сый тарту» акциясына қатысушылар үшін алғыс хаттардың мәтіндері, акцияға қатысушылар үшін слайд-презентация дайындалды (жауапты: Ж.Д.Майханова, толымдау секторының қызметкерлері). **118-119**

	
---	--

Қазақ КСР Жоғары Кеңесі депутаты
Б.Әшімовтың мүшелік билеті

Қалдыров А. Тұран баласы
Кенеп, майлы бояу. 2015 ж.

Акцияға 21 қатысушы қолдау білдірді, акцияның барысында Шоқан Уәлихановтың, Мағжан Жұмабаевтың, Ғабит Мүсіреповтың, Байкен Әшімовтің, Евней Букетовтың, Иван Шуховтың, Әбу Досмахамбетовтың, Геннадий Зенченконың, Нариман және Мұрат Айтқожиндердің, Мақтай Сағдиевтің және т.б. туыстары атақты тарихи тұлғалардың жеке заттарын өткізді. **120-121**



Қазақстан Халық ақыны
М.Хакімжановаға арналған кітап



Тостақ.
Шоқан Уәлихановтың әжесі Айғаным ханымдыкі. ХІХғ.
Ш.Уәлиханов ат. Сырымбет тарихи-этнографиялық музейінің
Ұлттық музейге сыйы

Өткізілген акция барысында музей қорларына тұрақты сақтау үшін музейлік мәні **236** бар зат қабылданды.



2017 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің алаңында «Ұлттық музейге сый тарту» акциясының дәстүрге айналған қорытынды көрмесімен 2017 жылғы қорытынды үшінші акция өткізілді. Музейдің экспозициялық көрме жұмыстары бөлімімен бірігіп толымдау секторы жыл ішінде жинаған экспонаттардың негізінде экспозиция құрастырды. Осы шараға даярлық барысында слайд-презентация дайындалды, баннер жасалды, қатысушылардың тізімі түзілді және қонақтар шақыру бойынша жұмыстар жүргізілді, медиа-жабдықтар орнатылды.

Көрменің ашылуы мен акцияға туыстары: Сайлау Билкаиров– жазушы, Абай ат. Қаз КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері Хамза Есенжановтың туысы, Геннадий Зенченко– Қазақстанның Еңбек ері Иван Зенченконың туысы; Мұсылманбек Бекмұхамбетов– Кеңес Одағының батыры, ҰОС ардагері Камаш Бекмұхамбетовтың туысы;

суретші Камил Муллашев, Рио-де-Жанейро олимпиадасының чемпионы Данияр Елеусинов, «ЭКСПО - 2017» ҰК Халықаралық ынтымақтастық бойынша департаментінің бас менеджері Темирлан Ильясов келді (жауапты: Ж.Д.Майханова, толымдау секторының қызметкерлері). **122-123**

	
<p><i>Бокс қолғабы. Олимпиада чемпионы Данияр Маратұлы Елеусиновтың сыйы (Рио-де-Жанейро. 2016 ж.)</i></p>	<p><i>Олимпиада чемпионы Данияр Маратұлы Елеусиновтың фотосы (Рио-де-Жанейро. 2016 ж.)</i></p>

2017 жылғы 7-14 тамызда Алматы қаласында Қорларды толымдау секторының жетекшісі Ж.Д. Майханова музей қорларын толымдау мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы тумалары-Қазақстанның танымал тұлғаларының ұрпақтарының мекен жайлары бойынша музейлік мәні бар заттарды жинады. Іс-сапар қорытындысы бойынша музейлік мәні бар **141**зат жиналды. Қорларды толымдау секторы жетекшісі Ж.Д. Майханова жинаған экспонаттарының арасындағы ең қымбаттысы – ол жазушы Иван Шуховтың ұлы сыйлаған жазушының жеке заттары. **124-125**



Алматы және Астана қалаларында өткізілген халықаралық және республикалық мәндегі шаралар нәтижелері бойынша музей заттарын жинау ұйымдастырылды. Жинау тақырыптары:


- «Қазақстан Республикасы Парламент Сенатына сайлау»;
- «Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы»;
- «Қысқы Универсиада - 2017»;
- Халықаралық мамандандырылған «EXPO – 2017» көрмесі болды.

126



ҚР Ұлттық музейінің ішінде өткізілген ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық комиссиясының мерейтойлық шарасы бойынша материалдар жинау жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Парламент Сенатына сайлау қортындысы бойынша музей заттары жиналды. «Алаш» партиясының қайраткері Имам Әлімбековтың музейлік мәні бар заттарына актілер жасалды.

«ӘКСПО - 2017» қызметкерлері музейлік мәні бар **31**затты музейге сыйға тартты. **127-128**



Қор іріктеу жұмысы
2017 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында қор іріктеу комиссиясының үш отырысы өткізілді.

2017 жылғы 30 наурыздағы ҚІК-нің 1-отырысында **351** с.б. қарастырылды, олардың ішінен негізгі қорға **83** с.б., ғылыми-қосалқы қорға **268** с.б. қабылданды.

2017 жылғы 04 мамырдағы ҚІК-нің 2-отырысында **338** с.б. қарастырылды, олардың ішінен негізгі қорға **262** с.б., ғылыми-қосалқы қорға **76** с.б. қабылданды.

2017 жылғы 10 қазандағы ҚІК-нің 3-отырысында **678** с.б. қарастырылды, олардың ішінен негізгі қорға **515** с.б., ғылыми-қосалқы қорға **163** с.б. қабылданды.

Өткен кезең ішінде барлығы **1367** с.б. қаралды, олардың ішінен:

— негізгі қорға - **860** с.б.;

— ғылыми қосалқы қорға – **507** с.б. қабылданды.

Қор сатып алу жұмысы

2017 жылғы 4 мамырда толымдау секторы қорға экспонаттар іріктеп алу мақсатында қор сатып алу комиссиясын өткізуді ұйымдастырды.

2017 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында Музей қорларына **44** с.б. сатып алынды.

Бюджет қаржысынан **42** с.б. сатып алынды;

Кіріс қаржысынан **2** с.б. сатып алынды. Олардың ішінен музейдің қор сатып алу комиссиясының жұмысы барысында **19** (он тоғыз) жұмыс сатып алынды.

Мүсін дайындау бойынша қызметке **24** (жиырма төрт) жұмыс, олардың ішінде:

I. Сәкен Нарыновтың «Уақыт пен кеңістікте» авторлық топтамасынан –**17** мүсін туындылары (бюджет қаржысынан **110 267 857,07** тг.):

1. «Материалдық субстанцияның пайда болуы. Қазақ бөтелкесі» («Появление материальной субстанции, Казахская бутылка»), 1989 ж. (11.10.2016 жылғы ҚСҚ № 2 хаттамасы);

2. «Қара ойық-ақ ойық» («Черная дыра-белая дыра»). 1989 ж.;

3. «Төрт жақты үлкен түйін» («Большой четырехсторонний узел»), 1997 ж.;

4. «Уақыт пен Кеңістікте» («Во времени и в Пространстве»), 1997 ж.;

5. «Басының соңы немесе соңының басы» («Конец начало и начало конца»), 1998 ж. (Протокол ФЗК № 2 от. 13.07.2017 г.); (13.07.2017 жылғы ҚСҚ № 2 хаттамасы);

6. «Біржақты кіші түйін» («Малый Односторонний узел»), 1997 ж.;

7. «Аққу «А»- галактикасының өлшемі» («Модель галактики лебедь-«А»»), 1997 ж.;

8. «Теріс айналған кеңістік» («Пространство наизнанку»), 1998 ж.;

9. «Бір жанның алты өмірі» («Шесть жизни одной души»), 1998 ж.;

10. «Төртінші өлшемдегі торкөз» («Клетка в четвертом измерений»), 1998 ж.;

11. «О баста болған оқиға» («То что было в начале»), 1998 ж.;
12. «Ғалам тілігі микроскоп арқылы» («Разрез вселенной через микроскоп»), 1999 ж.;
13. «Параллельді әлемдер» («Параллельные миры»), 2001ж.;
14. «Жалған әлем» («Ирреальные миры. Правый мир левый мир и планета космический глаз»), 2001 ж.;
15. «Көртышқан індері», Стифен Хокингке арнау («Кротовы дыры» Посвящена Стифену Хокингу), 2003 ж.;
16. «Ғарыштық тұңғиықтың жағасында» («На берегу космической бездны»), 2008 ж.;
17. «Ғаламның көзқарасы, («Взгляд вселенной»), 2015 ж.;

II. Қант шаққыш (Топорик), XIX ғ. 1890-1899 жж., авторы: Бекназар Мырзакелдіұлы (кіріс қаржыдан –120 000 тг.);

III. С. Айтбаевтың картинасы. «ҚазССР-ің еңбегі сінген мұғалімі Санбаев Хамзаның портреті» «Портрет заслуженного учителя КазССР, Санбаева Хамзы», 1974 ж. Автор: С. Айтбаев (4 285 714тг.);

IV.«Қазақстан халқы» топтамасынан 24 мүсіннен, 12 жұптан тұратын «Жүп фарфор мүсіндер» сатып алынды (28 800 000тг.).Авторы: Малик Абдильдин.

Республикалық бюджет қаржысынан (ҚХА арқылы) мүсіндер даярлау бойынша қызметке ақша бөлінді. **«Қазақстан халқы» топтамасынан «Жүп фарфор мүсіндер», авторы: Малик Абдильдин:**

1. Әзірбайжан халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной азербайджанской одежде» из серий «Народ Казахстана»)

2. Грузин халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной грузинской одежде» из серий «Народ Казахстана»).

3. Башқұрт халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной башкирской одежде» из серий «Народ Казахстана»).

4. Шешен халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной чеченской одежде» из серий «Народ Казахстана»).

5. Күрд халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной курдской одежде» из серий «Народ Казахстана»).

6. Поляк халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной польской одежде» из серий «Народ Казахстана»).

7. Тәжік халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной таджикской одежде» из серий «Народ Казахстана»).

8. Түрікмен халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы. («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной туркменской одежде» из серий «Народ Казахстана»).

9. Түрік халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы. («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной турецкой одежде» из серий «Народ Казахстана»).

10. Еврей халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной еврейской одежде» из серий «Народ Казахстана»).

11. Армян халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной армянской одежде» из серий «Народ Казахстана»).

12. Ингуш халқының ұлттық киіміндегі фарфор мүсіндер жұбы («Парные фарфоровые скульптуры в традиционной ингушской одежде» из серий «Народ Казахстана»).

V. «Берекелі дастархан» картинасы, 2016 ж., кенеп, майлы бояу, 300x600 см. Авторы: Бақытнұр Байканович Бүрдесбеков, Абдигали Сарсенулы Баяндин (4 500 000 тг. – бюджет қаржысынан); 2017 жылы музей қорларына барлығы 44 с.б. сатып алынды.

Музей қорларын есепке алу

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің есепті кезең ішіндегі экспонаттарының саны **212 581** с.б. құрайды, оның ішінде: тұрақты сақтауда **159 290** с.б. (оның ішінде – **110 501** с.б. негізі қордыкі, **48 789** с.б. - ғылыми қосалқы қордыкі); уақытша сақтау қорындағы экспонаттардың саны – **53 291** с.б..

2017 жылы музей қорларына **тұрақты сақтауға 1 367** бірлік түсті, оның ішінде **41** бірлік - **жеке тұлғалардан, әртүрлі ұйымдардан - 626** бірлік сатып алу бойынша алынды, **акция бойынша сыйға – 656** бірлік қабылданды, **44** зат сатып алу бойынша алынды (ҚСК-ның шешімімен - **43**, бюджеттік қаржыдан – **1** бірлік), оның ішінен **негізгі қордағы** экспонаттардың саны **860** бірлікті, **ғылыми қосалқы қордағы – 507** бірлікті құрайды.

Жұмыс жоспарына сәйкес, музейлік мәні бар заттарды есепке алу және тіркеу - негізгі қордың түсім кітабы, ғылыми-қосалқы қордың есеп кітабы, уақытша қордың түсім кітабы сынды басты түгендеу кітабына жүргізіледі;

Экспонаттарды таңбалау бойынша жұмыстар жалғасты – түсім кітабы және түгендеу кітаптары бойынша заттардың **1 347** с.б. нөмірлер қойылды, оның ішінде:

1. № 1 Қымбат бағалы металдар (алтын) – **526** с.б.;
2. Археология – **73** с.б.;
3. Жазба дереккөздер және ақпараттар (фото – негатив, құжат) - **84** с.б.;

4. Нумизматика – 89 с.б.;
5. Металл – 18 с.б.;
6. Шыны, фарфор және фаянс – 87 с.б.;
7. Ағаш – 89 с.б.;
8. Қару, ат әбзелдері және тері бұйымдар – 13 с.б.;
9. Киім және кесте – 53 с.б.;
10. Кілем-киіз бұйымдары – 44 с.б.;
11. Бейнелеу өнері – 132 с.б.;
12. Кітап – 97с.б.;
13. Аудио-видео –42 с.б.;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Қорларды толымдау, есепке алу және сақтау қызметі Қазақстан Республикасының музей қорларының Мемлекеттік каталогын жасау бойынша жұмыстар жүргізуде.


Еліміздің 70 музейінің әрбірімен бекітілген үлгілерге сәйкес деректер базасын толтыру бойынша жұмыс жүргізілуде. 70 музейден мемлекеттік 26 музей тиісті талаптарға сәйкес келетін мәліметтерді берді. 44 музейдің қызметкерлерімен өздері берген мәліметтерді толықтыру және тиісті талаптарға сәйкестендіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Оларға қажетті әдістемелік қолдау көрсетілуде.

Сонымен қатар, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №112 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы ұлттық мәдени мұра нысандарының мемлекеттік тізілімін жасау бойынша жұмыс басталып кетті. Тізілімге кіргізу үшін ұлттық мәдени мұра нысандары туралы мәліметтер бар-жоғы 4 мемлекеттік музейден келіп түсті, олар:

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» РМҚК - 4 797 с.б.;
2. ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, деректер қазақ тілінде – 866 с.б.;
3. М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлке тану музейі – 66 с.б.;
4. «Сирек кездесетін қияқты саз аспаптардың мемлекеттік коллекциясы» РМҚК – 20 с.б.

Музейлерден алынған деректер Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне берілді.

Есепті кезең ішінде уақытша 72 көрмеде (олардың 29- музей ішілік, оның ішінде 18 – халықаралық, 12 республикалық және 13 көшпелі көрме) экспозицияланған заттардың есептік құжаттары, қабылдау-өткізу актілері дайындалып, рәсімделді. **129-130**



Есепті кезеңде көрмелердің ұйымдастырылуы үшін **уақытша** сақтау мен пайдалануға **4 107** зат бірлігі түсті, олардың: **76** бірлігі жеке тұлғалардан, **44** бірлік әртүрлі ұйымдардан, **3 987** зат бірлігі әртүрлі музейлерден және жеке тұлғалардан.

Музей ішіндегі уақытша көрмелерді ұйымдастыру және өткізу үшін уақытша сақтау және пайдалануға музейлік мәні бар **3 987** зат бірлігі қабылданды, олардан - **2 981 с.б. халықаралыққа:**

1. 206 с.б. - «Ресей және Қазақстан: мәңгілік достық стратегиясы» көрмесіне;
2. 9 с.б. - Люба Стерликованың «Жаһанның генетикалық коды» көрмесіне;
3. 59 с.б. – «Өзбекстанның заманауи бейнелеу өнері» көрмесіне;
4. 91 с.б. – на выставку «Из Лиссабона до Владивостока через Минск, Москву, Астану» көрмесіне;
5. 78 с.б. – «Әзербайжан – ислам әлемінің жауһары» фотокөрмесіне;
6. 40 с.б. - «Әл- Фейсал: әділдік және батылдық жолы» фотокөрмесіне;
7. 91 с.б. – «Император Цинь Шихуандидің терракота әскері» көрмесіне;
8. 22 с.б. – «Еуразия көпірлері» көрмесіне;
9. 76 с.б. – «Шамбаланы іздеу: Николая Рерихтің Нью-Йорк музейінің жауһарларынан» және «АҚШ жеке топтамаларындағы орыс өнерінің жауһарлары» көрмелеріне;
10. 22 с.б. – «Сұлтан Бейбарыс және оның дәуірі» көрмесіне;
11. 64 с.б. – «Ежелгі Мысыр ескерткіштері» көрмесіне;
12. 211 с.б. – «Шығыс пен Батыс: Мемлекеттік Эрмитаж топтамаларынан ескі қарулар» көрмесіне;
13. 528 с.б. - «Сақтар алтыны» көрмесіне;
14. 98 с.б. – «PHOTOfest» көрмесіне;
15. 55 с.б. - «Қала көшпенділері» көрмесіне;
16. 10 с.б. – литва суретшісі А. Радавичененің «Тылсым әлем» көрмесіне;
17. 102 с.б. – «АРТ Дала: кеңістік пен уақыт арқылы диалогтар» көрмесіне; **131-132**



18. 11с.б. – Беларусь Республикасы Президентінің ресми сапарына арналған көрмеге;
19. 238 с.б. – «Жапонияның заманауи 100дизайны» көрмесіне;
20. 125 с.б. – «Корея бейнелері» көрмесіне;
21. 20 с.б. – суретші Роджер фон Гунтеннің (Roger Von Gunten) Қазақстан мен Мексика Құрама Штаттары арасындағы дипломатиялық қатынастардың 25 жылдығына арналған «Eden» көрмесіне;
22. 101 с.б. – фотограф Ким Джинсоктың «Қазақстан кәрістері» фотокөрмесіне;
23. 121 с.б. – фотосуретші Дмитрий Брикманның «Иерусалим – жәй ғана қала емес» көрмесіне;
24. 489 ед. хр. – Ағайынды Гриммдер: ертегілер, ғылым, саясат – «Тілдің күші халықтарды қалыптастырады» көрмесіне;
25. 114 с.б. - «Таңғажайып Қытай» фотокөрмесіне.

Музей ішіндегі уақытша көрмелерді ұйымдастыру және өткізу үшін уақытша сақтау және пайдалануға басқа қорлар мен жеке топтамалардан – **733** с.б. қабылданды:

1. 71 с.б. – Қазақстан халқының тарихындағы маңызды оқиғаларды бейнелеген, заманауи бейнелеу өнері туындыларының эскизін жасауға жарияланған байқау қорытындысы үшін;
2. 61 с.б. – Әубәкір Исмайыловтың шығармашылығына арналған көрмеге;
3. 213 с.б. – «Сарайшық қалашығы» көрмесіне;
4. 39 с.б. – Е.Назарқұловтың көрмесіне;
5. 63 с.б. – «Қобыз дала» көрмесіне;
6. 60 с.б. – «Түсті ойлар» көрмесіне;
7. 67 с.б. – Е.Төлепбайдың «Бес күн» көрмесіне;
8. 21 с.б. – Сәуле Сүлейменованың «Көкжиек» көрмесіне;
9. 50 с.б. – «Достық жолымен» көрмесіне ;
10. 53 с.б. – Бәтима Зәуірбекованың «Ұлы Дала оюлары» көрмесіне;
11. 15 с.б. – Сауле Сулейменованың «Somewhere in the great steppe. Көкжиек» көрмесіне;

12. 20 с.б. – К.Күйіковтың «Радиация» көрмесіне.

Уақытша сақтау қорларынан жыл басынан бері **1 734** зат бірлігі актімен қайтарылды:

1. **көрмелерден** – 1662 с.б.
2. **жеке тұлғаларға** -59с.б.
3. **ұйымдарға**- 13с.б.

Сонымен қатар, **музейден тыс** басқа мекемелерде уақытша пайдалану үшін есеп-сақтау құжаттары рәсімделіп, актімен берілді:

1. 6 с.б. - ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің алқа отырысын өткізуге арналған көрмеге;
2. 11 с.б. –Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасы кітапханасында өткен ҚР Олимпиада қозғалысына арналған көрмеге;
3. 58 с.б. –Бейбітшілік және келісім сарайында өткен Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған көрмеге;
4. 143 с.б. – Ресей Федерациясы, Курган Бейнелеу өнері музейінде өткен «Түркі әуендері» көрмесіне;
5. 42 с.б. - «Мәңгілік Ел» Салтанатты қақпасының ашылу салтанатына байланысты өткізілген көрмеге;
6. 61 с.б. – «ЭКСПО - 2017» павильонындағы көрмеге;
7. 17 с.б. – «ЭКСПО - 2017» павильонында ұйымдастырылған «Алтын адам» көрмесіне;
8. 33 с.б. – «Шабыт» Ұлттық өнер университетіндегі көрмеге;
9. 108 с.б. - МСМ есеп беру жиналысына орай ұйымдастырылған Қазмедиаорталықтағы көрмеге;
10. 17 с.б. – Ұлыбританиядағы көрмеге, Лондон;
11. 2 с.б. –МСМ-де;
12. 20 с.б. – «Қасиетті Қазақстан» бағдарламасы бойынша республикалық комиссия отырысына орай құрылған көрмеге;
13. 25 с.б. – «Бейбітшілік және келісім музейі» РМҚК экспозицияларын толымдауға;

Музейден тыс көрмелерге барлығы **543** с.б экспонаттары берілді, оның ішінде **499** с.б. қайтарылды;

Сол сияқты «Ұлттық музейге сый тарту» акциясының қорытындысы бойынша, Орал қаласында акция барысында жиналған экспонаттардың көрмесі өткізілді.

Қорларды сақтау

Музей қорларында тұрақты сақталатын музей заттарының **158 878** сақтау бірлігі бар.

1. № 1 Қымбат бағалы металдар (алтын) – **4 4045** с.б.;
2. № 2 Қымбат бағалы металдар (күміс) – **4 247**с.б.;
3. Археология – **15 956** с.б.;

4. Жазба және ақпарат дереккөздері (фото – негатив, құжат) – **62 698 с.б.;**

5. Нумизматика – **10829 с.б.;**

6. Металл – **923 с.б.;**

7. Шыны, фарфор және фаянс – **1 141 с.б.;**

8. Ағаш – **1 622 с.б.;**

9. Қару, ат әбзелдері және тері бұйымдары– **892 с.б.;**

10. И. Тасмағамбетовтың жеке коллекциясы– **1 381 с.б.;**

11. Киім және кесте – **2 422 с.б.;**

12. Кілем-киіз бұйымдары – **1 073 с.б.;**

13. Бейнелеу өнері – **4 660 с.б.;**

14. Кітап – **8 783 с.б.;**

15. Аудио – видео – **1 110 с.б..**

Музей экспозицияларында **9 813 с.б.** тұр;

2017 жылдың басынан бері актімен реставрацияға **71 с.б.** берілді, олардың **12 с.б.** қорларға қайтарылды, **59 с.б.** - реставрациялануда.

Музей ішіндегі уақытша көрмелерді ұйымдастыру және өткізу үшін уақытша сақтау және пайдалануға музейлік мәні бар – **1 557** зат с.б. берілді, олар:

1. **23 с.б.** – Әубәкір Исмайыловтың шығармашылығына арналған көрмеге;

2. **1 с.б.** - «Ресей және Қазақстан: мәңгілік достық стратегиясы» көрмесіне;

3. **19 с.б.** - Сергей Масловтың «Жұлдызды көшпенділер» көрмесіне;

4. **59 с.б.** – «Олимпиада қозғалысы» көрмесіне Жақсылық Үшкөмпіровтың музейлік мәні бар заттары берілді;

5. **47 с.б.** –Алғыс айту күніне арналған көрмеге;

6. **43 с.б.** - «Құт әкелсін Ұлыстың Ұлы күні» көрмесіне;

7. **3 с.б.** - «Музейдегі түн» шарасына;

8. **143 с.б.**- Курган қаласындағы (РФ) «Түркі әуендері» көрмесіне;

9. **92 с.б.** – Ұлы Отан соғысына арналған көрмеге;

10. **1 с.б.**- Заманауи өнер орталығы ұйымдастырған «Энди Уорхол» лекциясына;

11. **22 с.б.**- «Музейдегі түн» шарасына;

12. **199 с.б.**– «ҚХА» залын толықтыру үшін экспозицияға;

13. **68 с.б.**– Заманауи өнер орталығы ұйымдастырған «Бірегейлікті іздеу» көрмесіне;

14. **15 с.б.**- экспозициялық бөлім ұйымдастырған «ЭКСПО - 2017» көрмесіне;

15. **33 с.б.** - Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі ұйымдастырған «ЭКСПО - 2017» шарасына;

16. **33 с.б.**- ҚазҰӨУ ұйымдастырған «Заманауи музыкатану ғылымы және этноорганология мәселелері» конференциясына;

17. **83** с.б.– Ұлттық павильонды толықтыру үшін «ЭКСПО – 2017» шарасына;

18. **108** с.б.–ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған Қазмедиаорталықтағы шараға;

19. **83** с.б.– №1 «Алтын» залын толықтыру үшін экспозицияға;

20. **11** с.б. - «Ұлы дала-Ұлы Жібек жолы» халықаралық көрмесіне берілді;

21. **9** с.б. – «Сақ алтындары» халықаралық көрмесін толықтыру үшін берілді;**133**



22. **2** с.б.– «Тарих» залын толықтыру үшін экспозицияға берілді;

23. **49** с.б.- Қазақстанның алпысыншы жылдарғы суретшілерінің көрмесі үшін берілді;

24. **66** с.б.- «Дәстүрлер сабақтастығы» көрмесін толықтыру үшін берілді;**134**



25. **345** с.б.- №2 «Алтын» залын толықтыру үшін И.Тасмағамбетовтың жеке коллекциясынан берілді;

26. **108** с.б. – ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған Қазмедиаорталықтағы шараға;

26. №2 «Алтын» залының экспозициясынан қорларға **345** с.б. қайтарылды /И.Тасмағамбетовтың жеке коллекциясы/

27. **17** с.б. – Ұлыбританиядағы көрмеге, Лондон; **135-136**



28. **2** с.б. – МСМ-не;

29. **20** с.б. – «Қасиетті Қазақстан» бағдарламасы бойынша республикалық комиссия отырысына орай құрылған көрмеге;

30. **25** с.б. – «Бейбітшілік және келісім музейі» РМҚК экспозицияларын толымдауға;

Апта сайын әрбір сейсенбіде музей экспозициясында экспонаттарға тексеру жүргізілді. Аптаның әрбір жұмасында қорсақтамалар тексеріліп, экспонаттардың сақталу профилактикасы үшін алдын алу шаралары жүргізіледі.

Музейде әр айдың соңғы сейсенбісінде санитарлық күн өткізіледі. Экспозиция залдары мен қорсақтамаларда тазалық, өңдеу жұмыстары жүргізіледі. **137-138**



РЕСТАВРАЦИЯ ЖӘНЕ КОНСЕРВАЦИЯ

Музейдің консервация және реставрация қызметінің суретші-реставраторлары профилактикалық жұмыстар жүргізеді, ғылыми-экспозициялық және көрме қызметіне қатысады, музей қызметкерлеріне реставрация және консервация мәселелері бойынша методикалық көмек көрсетеді (Б. Әлібай, Г. Молдиманова, М. Аятбеков).¹



Консервация және реставрация бөлімі

Жылдың басында қор сақтаушылармен бірлесіп, реставрация жұмысын талап ететін экспонаттар іріктіліп, тізімі жасалды.

2017 және 2018-2020 жылдары реставрациялық жұмыстар жүргізу үшін жабдықтарға, шикізатқа тапсырыс беріліп, смета дайындалды.

Консервациялық және реставрациялық жұмыстар:

Санитарлық ережелерге сәйкес, рентгеноскопиялық талдау зертханасында қабырғалар және желдету жасау бойынша жөндеу жұмыстары жүргізілді. Рентгеноскопиялық талдау зертханасын қабылдау-өткізу бойынша комиссия құрылды. Осы мәселе бойынша Turkuaz-YDA-Stroi мердігер компаниясынан барлық құжаттар алынды.

Осылайша Астана қ. қоғамдық денсаулық сақтау департаментінен ҚР ДМ ҚДСК (СЭС) санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алынды. Иондайтын сәуле шығару көздерін сақтау құқығының ақпараттық картасы рәсімделді. Астана қ., Алматы ауданы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен келесі құжаттар жасалып, келісілді:

- ықтимал апаттың алдын алу және жою бойынша нұсқаулық және жоспар;
- рентгеноскопиялық талдау зертханасының қызметкерлері үшін радиациялық қауіпсіздік нұсқаулығы;
- радиациялық қауіпсіздікке жауапты тұлға туралы ереже.

Иондайтын сәуле өндіретін құралдар мен қондырғылармен жұмыс істеу үшін лицензия алуға құжаттар жинау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Консервация және реставрация қызметінің қызметкерлері реставрациялық жұмыстардан бөлек, реставрацияланған экспонаттар бойынша ғылыми төлқұжаттар жүргізеді.

9 айдың нәтижесі бойынша **118** экспонат бұрынғы қалпына келтірілді.

Консервация және реставрация зертханасы **2**



Зертхананың кіші ғылыми қызметкері А.Абдикадилова жұмыс істінде.

Консервация және реставрация зертханасының қызметкері А. Әбдіқадірова жыл бойы Н. Күйіковтың сеңсең тонын (XX ғ. басы) және М. Горький ат. орыс драма театрының (Астана қ.) шекпенін қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізді – 2б.. Ол қой терісінің ахуалына микроскопиялық талдау жүргізді, бояудан дақтары шығарылды, сол сияқты тазартты және профилактикалық өңдеу жүргізді.

Мата және кілем-киіз бұйымдарын

консервациялау және реставрациялау секторы

Мата және кілем-киіз бұйымдары секторының қызметкерлері Н. Жайлаубаева, Т. Жайлаубаева, Г.Құрман, Қ.Сақаба и Н.Қарабекова жыл ішінде қоржынды, түскиізді, басқурды қалпына келтірді (5 б.). **3-4**




Мата және кілем-киіз бұйымдарын консервациялау және реставрациялау секторының жетекшісі Н.Манабаева

Мата және кілем-киіз бұйымдарын консервациялау және реставрациялау секторының суретші-реставраторлары қыркүйек айынан бастап музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің қызметкерлерімен бірігіп, музейдің «Шебер» үйірмесіне қатысатын №83 мектептің бастауыш сынып оқушылары үшін сабақ жүргізді.

5-6



Мата, кілем-киіз бұйымдарын консервациялау және реставрациялау секторының суретші-реставраторлары Астана залының келушілері үшін 43 жұп киіз шәркей тікті. Қор экспонаттары үшін 20 дана тыс қап және 4 экскурсия жүргізуші үшін киім тікті. **7-8**




Реставратор: Қ. Сахаба



Реставратор: А. Нұри

4 экскурсия жүргізушісі үшін киім тігілді **9-10**



Металл, ағаш, тері және сүйекті консервациялау және реставрациялау секторы

Металл, ағаш, тері және сүйек секторының қызметкерлері Д. Хамзин, С. Аятбеков, М. Аятбеков, Р. Ешембек, Б. Нұрданбек, С. Бачин есепті кезең ішінде музыкалық аспаптарды (қобыз, домбыра, сыбызғы, дауылпаз, шыңдауыл) қалпына келтіру бойынша реставрациялық, сол сияқты «Алтын адамның» қорамсағына бұрынғы қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді (776.). **11-12**



*Сектор жетекшісі
М. Айтбеков жұмыс үстінде*



Реставратор С. Айтбеков жұмыс үстінде

Өткен жылдың соңында реставрацияға қабылданған М. Сарыбаевтың коллекциясындағы музыкалық аспаптарды реставрациялау жалғасуда (54 с.б.) және бұларға төлқұжаттар рәсімделді.

Металл, ағаш, тері және сүйек бұйымдарын консервациялау және реставрациялау секторының суретші-реставраторы Р.Ашимов Алтын Орда дәуірінің жебелері мен садағын қайта қалпына келтіріп, музей қорларына өткізді. **13-14**



Реставратор С. Бачин жұмыс үстінде



Реставратор Б. Нурданбек жұмыс үстінде

Суретші-реставратор С.Бачин «Ұлттық музейге сый тарту» акциясына қатысушылардың есімдері жазылған тақтайшаларды дайындады.

Қызмет жетекшісі Б.Әлібай экспозиция үшін 15 мемлекеттік марапаттың көшірмесін дайындады.

Кескіндеме, графика және қағазды консервациялау және реставрациялау секторы

Кескіндеме, графика және қағаз секторының қызметкерлері А. Шайкенова, А. Зақихан және Н. Ашимбаева картиналарды, кітаптарды және құжаттарды қалпына келтірді (92 экспонат). **15-16**




Реставратор Н. Ашимбаева жұмыс үстінде



Реставратор А. Шайкенова жұмыс үстінде

Сонымен қатар, суретші-реставраторлар жоспардан тыс та реставрациялық жұмыстар жүргізді. Мысалы, кесіндеме, графика, қағазды консервациялау және реставрациялау секторының суретші-реставраторлары Музей кітапханасындағы ҚР Конституциясының 2 кітабын қалпына келтірді. **17**




Реставратор А. Зақикан жұмыс үстінде

Керамика, фарфор және шыныны консервациялау және реставрациялау секторы

Керамика, фарфор және шыны секторының қызметкерлері Б. Жаксылық, А. Смағұлова және М. Сарыбаева 14 макеттер, кәдесыйлар, сәндік вазалар және фарфор ыдысты реставрациялады. **18-19**



Сектор жетекшісі Б. Жақсылық жұмыс үстінде



Реставратор М. Сарбаева жұмыс үстінде


МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

Мәдени-білім беру жұмысы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Жарғысына сай, музей қызметінің басты бағыттарының бірі саналады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде ғылыми-зерттеу қызметімен қатар, мәдени білім беру және рекреациялық қызмет белсенді жүзеге асырылуда. Музейде әртүрлі жастағы келушілер үшін уақытты қызықты әрі мазмұнды өткізу, өз ой-өрісін кеңейту, Қазақстанның тарихы және мәдениеті туралы білім алу ұсынылады.

Музейдегі білім беру қызметін үйлестіруді Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығы іске асырады. Орталықтың қызметі «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің білім беру туралы Ережесі» (2017 ж. 19.04. №2 ҒК хаттамасы), Орталық туралы Ереже сынды нормативтік құжаттармен регламенттеледі.

2017 жылы музейге келушілердің жалпы саны 282 073 адамды құрады, бұл 2016 жылғы келушілерден екі есе дерлік артқан.



(Шілде-желтоқсан қаңтар-желтоқсан қаңтар-желтоқсан қаңтар-желтоқсан)


Есепті кезең ішінде музейде Әзербайжан, Мысыр, Ауғанстан, Бангладеш, Беларусь, Боливия, Венгрия, Гватемала, Гвинея, Греция, Грузия, Доминикан Республикасы, Үндістан, Италия, Иран, Қытай, Корея, Лесото Королдігі, Таиланд Королдігі, Куба, Македония, Мексика, Біріккен Араб Эмираттары, Пәкістан, Ресей, Кот-д'Ивуар Республикасы, Фиджи Республикасы, Сенегал Республикасы, Румыния, Сауд Арабиясы Королдігі, Сербия, Тәжікістан, Түркия,

Өзбекстан, Иордания Хашимит Королдігі, Чехия, Оңтүстік-Африка Республикасы, Жапония сынды әлемнің 38 елінен 142 ресми делегация болды

Халықаралық мамандандырылған «Астана-ЭКСПО 2017» көрмесі өткен кездің өзіндегі келушілердің саны шамамен 160 мың адамды құрады.

Қызметтің институционалды және жобалық түрлер ішеңберінде музейде 3 880 адам қатысқан 487 шара өткізілді.

Тұтастай алғанда Ұлттық музейге есепті кезең ішіндегі келушілерді **9 санатқа** бөлуге болады. Келушілердің санат бойынша контингенті келушілердің сапалық құрамын көрсетеді.



(келушілердің саны, 2017 (қаңтар-желтоқсан))

Оқушылар, студенттер, 7 жасқа дейінгі балалар, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі адам, әскерилер, шетелдіктер, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, ересектер (басқа санат)

Музейге келуді талдай келе, музейге келушілердің басым бөлігін ересектер (95 621 адам), одан кейін орта (77 500 адам), орта-мамандандырылған және жоғары оқу орындарының (25 941 адам) шәкірттері, сол сияқты зейнеткерлер (26 400 адам) құрайды.

Өткен жылмен салыстырғанда шетелдік туристтер санының 2,2 рет артқанын атап өту керек – 2016 жылғы 16 739 адаммен салыстырғанда 2017 жылы 37 325 адам, бұл келушілердің 222,9 % өсімін құрайды. Оқушылар саны үш еседен артық (3,2 есе) артты, ал студенттердің саны 2,6 есе артты.

Санаты	2017	2016	Өсуі, % бен
Оқушылар	77500	24091	321
Студенттер	25941	9913	261,6
7 жасқа дейінгі балалар	12821	7736	165,7

Зейнеткерлер	26400	6463	408,4
Мүгедек адамдар	2621	2772	94,5
Әскерилер	2876	2234	128,7
Шетелдіктер	37325	16739	222,9
Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері	968	586	165,1
Ересектер (басқа санат)	95621	96371	99,2
Барлығы	282073	166905	169,0

Білім беру шаралары (лекциялар, музей сабақтары)

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің білім беру қызметі музейге келушілердің әртүрлі жастағы аудиториясына бағытталған. Тұтастай алғанда музейде ересектер мен балаларға арналған ағартушылық сипаттағы **552** шара өткізілді. Олардың ішінен **487** шара мектеп оқушылары мен студенттерге арналды.

Есепті кезең ішінде музей қызметкерлері:

— жастардың **5 кездесуі**: ғалымдармен, қоғам қайраткерлерімен, Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен (4, 23, 30 мамыр), археолог, тарих ғылымының докторы, Қазақстанның Еңбегі сіңген ғылым қайраткері Зейнолла Самашұлымен (25 қараша), «**Рухани жаңғыру: Алаш және Тәуелсіздік**» тақырыбына танымал қоғам қайраткерлерімен (жауапты: М.А. Ермекбаева).

— бейнелеу өнері бойынша оқушыларға арналған **2 шеберлік сабағын** (жауаптылар: Кеменгерова А.Р., М. Қ. Байбосынов);

— «Музейдегі түн» акциясын өткізу барысында (18 наурыз және 18 мамыр) Заманауи өнер орталығының қызметкері Т.С.Мажитова және Консервация және реставрация қызметінің суретші-реставраторлары М. Аятбеков, Қ. Сақаба, Г. Құсыман, Г. Жолаева, С. Бачин, Р. Ашимов, С. Аятбеков, Д. Хамзин **10 шеберлік сабағын** өткізді;

— Консервация және реставрация қызметінің басшысы Б.Әлібай және суретші-реставраторлары М. Аятбеков, С. Аятбеков, Д. Хамзин халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесінің барысында Астана қаласындағы «Қазанат» ипподромы аумағындағы этноауылда **45 шеберлік сабағын** өткізді (10 мамыр-10 қыркүйек);

— **20**



— елорда мектептерінің оқушылары үшін **ашық есік күндері** (19 қыркүйек, Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі);

— Астана қ. мектептерінің оқушылары үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне арналған **2 тақырыптық «Елбасы – ел тірегі»** кешін ұйымдастырып өткізді (жауаптылар: Мұхамеджанова Р.А., Ахметқалиева Г.Қ. 29 және 30 қараша).

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығы балалардың тұрақты аудиториясын тартатын және оқушылар мен студенттерді кеңінен қамтитын жобалық-бос уақытты өткізу үйірме қызметі сынды институционалдық түрлер шеңберінде мәдени-білім беру жұмыстарын жүргізеді. Орталық Астана мектептерімен, жазға демалыс кезінде мектеп жанындағы лагерлермен белсенді жұмыс жасап, оқушылардың пайдалы шығармашыл демалысын ұйымдастыруға ықпал етеді. Музей үйірмелері шеңберінде жоғары және арнайы-орта білім беру мекемелерінің оқушыларымен сабақ жүргізіледі. **21-22**



Музей қызметкерлері өз жұмыстарында музей сабақтары, музей квесттері, ойын, танымдық бағдарламалар, лекциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, концерт-кештер, тақырыптық кештер, үйірмелер, студиялар, тақырыптық және шолу экскурсиялары және т.б. мәдени-білім беру қызметінің түрлерін қолданады.



Музей сабақтары, Квестер, Ойын-сабақ және викториналар, Байқаулар, Үйірмелер (сағ.), Ертеңгіліктер және қойылымдар, Көрмелер, Дөңгелек үстелдер және кездесулер, Шеберлік сабақтары, Лекциялар, семинарлар, Музейдегі тарих сабағы, Тақырыптық кештер

Музей қызметкерлері есепті кезең ішінде институционалды және жобалық қызметі аясында оқушылар мен студенттер үшін **487** шара өткізді.

Үйірме қызметі

Музейде білім беру жұмыстарын ұйымдастырудың институционалды түрі шығармашыл 8 бірлестік аясында жүзеге асырылады: музей изостудиясы, «Жас археолог» үйірмесі, «Жас өлкетанушы» үйірмесі, «Мирас» үйірмесі, домбыра үйрету мектебі, «Дана» клубы, «Шебер» студиясы, «Інжу» қыздар тәрбиесі мектебі.

Үйірме қызметіне 250-ден астам адам тартылған. Есепті кезең ішінде 400-ге жуық шара өтті.

Музей үйірмелері			
№	Жобаның атауы	Шара саны (сабақтар, квесттер, лекциялар)	Қатысушы лар саны
1.	Музей изостудиясы (станокты графиканың, акварелді, майлы бояулы, акрилді көркем суреттің әртүрін үйрету, бейнелеу өнерінің тарихы туралы лекциялар, үйірмеге қатысушылар туындыларының шығармашылық көрмелерін ұйымдастыру)	131	75
2.	«Жас археолог» (археология бойынша шеберлік- сабақтары, археологиялық экспедицияларға қатысу)	42	56
3.	«Жас өлкетанушы» (балалардың Қазақстанның мәдени-тарихи және табиғи- географиялық факторлары туралы білім алуы)	14	8
4.	«Мирас» (тарихи дереккөздер, әдебиет, музей экспонаттарымен зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын игеру, экскурсиялық қызмет негіздерін үйрену, алынған дағдыларды іс-жүзінде пайдалану)	14	12
5.	Домбыра үйрету мектебі (домбырада ойнауды үйрету, Қазақстанның музыкалық мәдениеті тарихы бойынша)	56	13

	<i>теориялық курс)</i>		
6.	«Дана» жобасы аясындағы студенттер клубы (жастармен музейлік білім беру қызметін жандандыру, студенттер мен оқушылар арасында тарихи-мәдени құндылықтарды таныту, жастардың өзекті мәселелері туралы дикуссиялар, шығармашылық тәрбие)	2	50
7.	«Шебер» студиясы (киіз басу, кесте және сәндік-қолданбалы өнердің басқа түрлерінің технологияларын үйрету) Үйірме 27 қыркүйектен бастап жұмыс істейді	115	20
8.	«Инжу» қыздар тәрбиесі мектебі (қыздарды ең үздік қазақ дәстүрлерімен тәрбиелеу, қолөнерге, ұлттық тағамдар дайындауға үйрету)	4	25
БАРЛЫҒЫ:		378	259

«Халық қазынасы» ҒЗИ-ның қызметкерлері жыл ішінде оқушыларға археология бойынша лекциялар оқыды. Қазақ тілінде - Аққошқарова Ж., орыс тілінде - Қайрмағамбетов А.

Осы жылы музейде бірінші рет «Музейдегі сабақ» сынақ жобасы іске қосылды. Жоба тарих, география, әдебиет және т.б. пәндер бойынша көрнекі материалдарды (экспонаттар, картиналар, қолжазбалар, кітаптардың электронды көшірмелері және фотоқұжаттар т.с.с.) пайдалана отырып музей базасында мектеп сабақтарын өткізуді көздейді. 23



«Музейдегі сабақ» жобасы ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бірлескен жобасы саналады. Ағымдағы жылдың 28 қыркүйегінде Астана қ. №30 мектеп гимназиясының 5 сынып оқушылары үшін алғаш рет сынақ жағдайында тарих сабағы өтті. Жобаны жүзе асыру шеңберінде басқа елдердің және музейлердің тәжірбиесін зерттеу, осы жобаны 2018/2019 оқу жылы оқу үрдісіне кеңінен енгізу үшін Астана қаласы Білім басқармасымен бірлесіп құжаттық негіз жасау жобалануда.

Музейде «Ұрпақ+» мәдени білім беру жобасы аясында 2016 жылдан бері жұмыс жасайтын «Мирас» үйірмесі жүргізіледі. Үйірменің мақсаттары ретінде тарихты, Қазақстан халқының мәдениеті мен тұрмысын зерттеу, өскелең ұрпақты биік өнерге тарту, мектеп, колледж оқушыларының, жоғарғы оқу орындары студенттерінің коммуникативті және шешендік дағдыларын дамыту белгіленді. 8 маусымда «Ұрпақ+» жобасы аясындағы «Мирас» үйірмесінің 70 қатысушысына сертификат табысталды (Мұхамеджанова Р.А).

Жазда 2017/2018 жылдарға оқушылар жинау бойынша белсенді жұмыс жүргізілді.

«Шебер» үйірмесі өз қызметін 27 қыркүйектен бастады, екі күннен кейін, 29 қыркүйекте «Домбыра үйрену» үйірмесінің жұмысы басталды (Кемеңгерова А.Р.). 24



Мата және кілем-киіз бұйымдарын консервациялау және реставрациялау секторының суретші-реставраторлары музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің қызметкерлерімен бірігіп, музейдің «Шебер» үйірмесінде сабақ жүргізді.

25



Музейде студенттік клуб құрылып жұмыс жасайды. Оны Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі «Дана» музейлік білім беру жобасы аясында 2017 жылғы 21 ақпанда ашты. 26



Эстетикалық тәрбие секторы екі «Графика және кескіндеме» және «Мирас» үйірмелерінің жұмысын жүзеге асырады. Музейдің «Мирас» және «Жас археолог» үйірмелерінің қызметі «Ұрпақ+» мәдени білім беру жобасы шеңберінде іске асырылады.

«Графика және кескіндеме» үйірмесі әртүрлі жастар санаты бойынша екі топқа бөлінді. Оқу орыс және қазақ тілдерінде өтеді. Балалардың саны – 18. Оқытушы : Суретшілер одағының мүшесі М.К.Байбосын. 27



Музейде «Мирас» үйірмесінің жұмысы отандық тарихқа қызығушылықты қалыптастыру, әртүрлі мәдениеттердің бірлесіп қатар өмір сүруі жағдайында төзімділік қатынасын тәрбиелеу мақсаттарында ұйымдастырылды. Үйірменің қызметіне Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің жетекшісі, әдіскерлер, экскурсия жүргізушілер тартылған.

Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесі өткен кезеңде еріктілер қозғалысын жандандыру мақсатында «Мирас» үйірмесіне Астана қ. оқушылары мен студенттерінен қайта-қайта қосымша топтар жиналды. Өткен кезең ішінде «Мирас» үйірмесінің 96 адамды қамтыған 4 тобының жұмысы ұйымдастырылды. Қазақ тілді топта -20, орыс тілді топта -40, ағылшын тілді топта - 30, қытайшада 6 адам білім алуда. Үйлестіруші: «МИРАС» үйірмесінің әдіскері – музейлік білім беру бағдарламалары секторының жетекшісі – Р. А. Мухамеджанова.

Білім беру жобалары			
№	Жобаның аты	Шара саны (сабақтар, квесттер, лекциялар)	Қатысушы лар саны
1.	«Музей із кесушісі» квест-жобасы <i>(Қазақстан тарихына және мәдениетіне ойын түрінде саяхат)</i>	28	1 365
2.	«Шаңырақ» <i>Қазақстан этностарының мәдениетімен, олардың қолөнерінің, мерекелерінің және тұрмысының құпияларымен танысу)</i>	9	256
3.	«Әсемдікке құштарлық» <i>(қоршаған ортаны эстетикалық қабылдауды дамыту, жастардың шығармашылық әлеуетін ашу, әлеуметтік-белсенді және шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу)</i>	5	32
4.	«Музейдегі сабақ» <i>(музей заттары және экспонаттарын пайдаланып музей базасында мұғалімдердің музей қызметкерлерімен бірлесіп сабақ беруі)</i>	20	350

5.	«Қызықты этнография» (Қазақстан халқының мәдениеті, ұлттық ойындары, тұрмысы, салт-дәстүрін интерактивті түрде таныстыру)	7	233
6.	«Тарихи тұлғалар» (Қазақстанның тұлғалары және олардың мұраларымен танысу)	1	300
7.	«Жұлдызды гид» жобасы	35	875
Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен ересектерге арналған жоба			
8.	«Мен әлемді танымын» жобасы (қажеттілігі ерекше балалармен жұмыс, арт- терапия, қолөнерге үйрету және балалар шығармашылығы бойынша көрмелер ұйымдастыру және т.б.)	2	150
9.	Әлеуметтік-бағытталған «Мейірім» жобасы	2	60
Барлығы:		109	3 621

Музейдің білім беру бағдарламасындағы ұйымдастырудың жобалық бос уақытты өткізу түрі аясында барлығы 9 жоба іске асырылды. Олардың алтауы оқушылар мен студенттерге есептелген: «Музей із кесушісі», «Шаңырақ», «Әсемдікке құштарлық», «Музейдегі сабақ», «Қызықты этнография», «Тарихи тұлғалар». 28



«Мен әлемді танимын», «Мейірім» екі жобасы денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі және ерекше білім беруді қажет ететін адамдар үшін арнайы жасалды. Музейдің білім беру бағдарламасындағы ұйымдастырудың жобалық бос уақытты өткізу түрі бойынша 109 шара өткізіліп, 3 мыңнан астам адам қамтылды.

«Шаңырақ» жобасы бойынша (үйлестіруші: Кемеңгерова А.Р) «Киелі киіз үйіміз (20.01.17; 28.01.17; 25.05.17;); «Қазақстан этностарының мәдениеті» (01.03.17); «Ертегілер әлемінде» интерактивті квест-сабағы (01.06.2017); «Ұлттық киім - ұлт мақтанышы» (24.01.17) тақырыптары бойынша 6 музей сабақтары өткізілді; 29



«Әсемдікке құштарлық» жобасы бойынша (Жауаптылар: Мусаева Ж.С. Халимбай А. Кемеңгерова А.Р. Ермекбаева М.А.) «Мәңгілік ел триптихі» (31.01.17); «Мүсін өнеріндегі ұлттық нақыштар» (02.02.17); «А. Исмаиловтың шығармашылығына арналған сабақ» (23.02.17); «Ұлттық киім - ұлт мақтанышы» (01.03.17); «Қазақтың тұңғыш суретші қызы Айша Ғалымбаева» (13.03.17); «Көкейтесті өнер» (26.10.17); «Ұлы Дала сәулет өнерінің жауһарлары» (28.11.17); «Қазақтың тұңғыш суретші қызы – Айша Ғалымбаеваның туғанына 100 жыл» (08.12.17); «Әшекей бұйымдардың әсем әлемі» (13.10.2017) тақырыптарындағы музей сабақтары бар 10 шара өтті және музей үйірмелеріне қатысатын балалардың шығармашылық туындыларының көрмесі дайындалды (03.11.17).

«Ұлттық құндылықтар» жобасы бойынша «Құнды жәдігер сыр шертеді» (27.01.17), «Құнды жәдігер сыр шертеді» (04.02.17), этнографиялық музыкалық «Қазақ халқының дәстүрлі ән өнері» сабағы, барлығы 3 музей сабағы өткізілді (01.03.17). Үйлестіруші: методист Ахметкалиева Г.К.

«Мәңгілік ел мұрасы» жобасы бойынша «Музейдегі мұралар» музей квест-сабақтары (27.01.17, 01.02.17, 04.02.17), «Атқа қонған арулар» (02.03.17, 03.03.17, 05.05.17) тақырыптарымен 6 музей сабағы өткізілді. Үйлестіруші: методист Л. Ноғайбекқызы .

Алғыс айту күніне арналып №53 мектеп-лицейінің 9 сынып оқушыларының қатысумен «Қазақстан этностарының мәдениеті» ашық

сабағы өткізілді. Сабақ соңында оқушылар үшін Музей залдарына қазақ тілінде экскурсия жүргізілді (Кемеңгерова А.Р.). К. Жунусов (01.03.2017).

«Шығарамшылықтың мәңгілік энергиясы» көрме жобасы аясында Халық суретшісі Әубәкір Исмайловтың туындылары бойынша автордың өмірі мен шығармашылығына арналған музей сабағы өтті (А. Рахтаева, А. Жарылхап, Ж. Сауранова - 23.02.2017).

«Дана» студенттер клубы 21 ақпанда өз жұмысын музей сабағымен бастады. Ашылуына елорда ЖОО-ның 40 студенті қатысты. (Кемеңгерова А.Р.).

Музейде тақырыптық лекциялар тұрақты түрде жүргізіледі. Бірінші тоқсанда «Тәуелсіз Қазақстан», «Жүсіп Баласағұн мұрасы», «Орта мектепте музей жұмысын үйлестіру» тақырыптарына 5 лекция және Үкілі Ыбырайдың өмірі мен шығармашылығына арналған лекция-концерт болды.

Ұлыбритания туристері үшін «Киелі киіз үй мен қасиетті қара домбыраның үнін таныстыру» ойын-сабағы өткізілді (25 мамыр; Кемеңгерова А.Р., Ахметқалиева Г.Қ.).

Тақырыптық квест-сабақтар Ұлттық музейдің білім беру қызметіндегі сабақтың танылған түріне айналды¹:

2017 жылы музейде квест жанрында 28 сабақ өтті. Олар елорда (№ № 19, 30, 41, 53, 56, 66, 74, 83) мектептерінің, Астана қ. «Жасұлан» мектебінің оқушылары, №5516 ә/б тәрбиеленушілері, UCMAS Менталды арифметика орталығында оқитындар, сол сияқты Алматы облысы Кербұлақ және Панфилов аудандарының оқушылары, Қарағанды, Өскемен, Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Петропавл қ. балалар үйлерінің тәрбиеленушілері үшін өткізілді.

Мүмкіншілігі шектеулі ересектер мен балалар үшін шаралар

Ерекше қажеттілігі бар тұлғалармен жұмыс жүргізілуде. Олардың музейде болуы үшін барлық қолайлы жағдай жасалған. Есепті кезең ішінде музейге 2 621 мүмкіншілігі шектеулі адам келді.

Мүмкіншілігі шектеулі тұлғалардың қатысумен музейде «Мен әлемді танымын» жобасы іске асырылуда. Жоба Астананың эстетикалық тәрбие, арт-терапия бойынша түзету мектебінің балаларымен жұмыс жасауды көздейді. Орталық жоба аясында №8 түзету мектеп-интернаты шәкірттерінің суреттері мен жасаған заттарының көрмесін ұйымдастырды.

Ә.Қастеев ат. Мемлекеттік өнер музейінің тәжірбиесі бойынша музейде 2017 жылы мүгедектігі бар тұлғалар үшін қолжетімді орта жасау бойынша «Мейірім» әлеуметтік-бағытталған жобасын жүзеге асыру басталды. Жоба аясында музей қызметкерлеріне мүгедектігі бар келушілермен жұмыс жасау үшін терминологияларды белгілеу және

¹ *Квест* (ағыл. *quest* – *ауспалы мағынасы*: «іздеу, іздеу заттары, қызықты оқиғалар іздеу

жұмыс әдебі бойынша семинарлар және шеберлік сабақтары өткізілді (Р. Мухамеджанова). 30



Қазақстандағы мүгедектер күніне арналған «Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін музей жобалары (әлемдік тәжірибе)» тақырбындағы дөңгелек үстел отырысында музейдің даму және фандрайзинг бөлімінің жетекшісі С.Орманова баяндама жасады. Баяндамашы өз сөзінде АҚШ, Қытай, Еуропа, Ресей және Қазақстан музейлеріндегі инклюзивті жобалар тәжірибесі туралы айтып берді.

Ойын сабақтары және викториналар, байқаулар, сол сияқты ертеңгіліктер мен қойылымдар ҚР Ұлттық музейі білім беру қызметінің маңызды бөлігі ретінде қалып отыр.

«Мен әлемді танимын» жобасы бойынша мүмкіншілігі шектеулі балалар үшін «Кескіндеме және графика» үйірмесінің мәдени-танымдық бағдарламасы аясында 14-19 наурыз аралығында Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі Ғылыми-методикалық қызметтің ғылыми қызметкерлерімен бірігіп «**Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні**» балалар ертеңгілігін тегін ұйымдастырып өткізді (наурыз). Шара қазақ ертегілерінің желісі бойынша өткізілді. Ертеңгілік аяқталған соң балаларға экскурсия жүргізілді (А.Абу, А.Бирмуханова).

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі музейге келушілерді тарту мақсатында жұмыстың әртүрлерін қолданады. Мысалы, музейде 2017 жылғы 28 ақпанда танымал өнер қайраткерлерінің қатысуымен

«Жұлдызды гид» жобасы ұйымдастырылып, керемет іске асырылды. Жоба идеясын Ақпараттық-имидждік жұмыстар қызметінің басшысы О.сыдықбек ұсынды. Отандық 12 театр және эстрада жұлдыздары экскурсиялық қызмет көрсетті. Келушілер жұлдыздар жүргізген экскурсиялардан да, сонынан солардың күшімен берілген концерт пен тікелей жүздесуден де зор ләззат алды.

Білім беру-көңіл көтеру мақсатын ұстанған «Жұлдызды гид» жобасы имидждік акция ретінде музейге келушілердің әртүрлі санаттарына есептелді. Аталған жобаны музейде іске асыру тәжірбиесі 2016 жылы сынақтан өткенін де айту керек. Ол кезде, 2016 жылғы 26 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің экскурсия жүргізушілері әншілер **Қарақат Әбілдина, Құрмаш Маханов, Клара Төленбаева, Маржан Арапбаева, Досымжан Таңатаров, Гүлнұр Оразымбетова**, сол сияқты әнші-ақын **Қалқаман Сарин** болды. Акция музейге келушілердің көңілінен шығып, соңында «жұлдызды» экскурсия жүргізушілері концерт берді. **31-32**



28 ақпанда Алтын залының экспозициясын әнші **Алтынай Жорабаева (Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері)**, Қазақстан тарихы залымен - театр және кино актері **Әділ Ахметов (Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері)**, Тәуелсіз Қазақстан залымен **Индира Расылхан**, Этнография залымен - актер **Қуандық Қыстықбай**, Астана залымен - әнші **Шахаризат Сейдахмет («Қазақтан дауысы» телевизиялық жобасының жеңімпазы)** таныстырды. Акция экскурсиялық жұмыс және музей педагогикасы орталығы және ақпараттық-имидждік жұмыстар қызметінің бірігіп күш салуымен ұйымдастырылды. **33-34**



Акция музейге келушілерге «жұлдызды» экскурсия жүргізушілердің қатысуымен қойылған концертпен аяқталды. **35**



Есепті жылда екі рет өткізілген (18 наурыз және 18 мамыр) мәдени білім беру және имидждік «Музей түні» акцияларының барысында келушілер «Асық алаңында» қазақтардың дәстүрлі ойыны асық атып ойнады. Аталған ойын «Кел, асық ойнайық» ойын-сабағы форматында да пайдалынылады және Атырау, Ақтөбе облысы Шалқар және Ойыл аудандары, Алматы облысы Талғар қ. оқушылары үшін де ұйымдастырылды (01.07.17, 12.07.17, 08.08.17, 19.12.17; Еңсебаев М.Е.). **36**



«Ләңгі» ойын-сабағы Астана қ. №83 мектептің оқушылары үшін ұйымдастырылып өткізілді (22.11.17; Еңсебаев М.Е.). Интеллектуалды-логикалық «Тоғыз құмалақ» ойыны да музейде ойын-сабақ түрінде өткізілді (29.09.17; Еңсебаев М.Е.). «Қазақ мақал-мәтелдері және жұмбақтары» тақырыбы бойынша Астана қ. №83 мектептің оқушыларына өткізілген ойын-сабақтарда қазақ халқының фольклоры пайдаланылды (20.10.17; Еңсебаев М.Е.).

Тақырыптық «Білесің бе, Астананың тарихын» викторинасы Атырау қ. Агротехникалық колледжінің студенттері үшін өткізілді (05.07.17; Еңсебаев М.Е.).

14 наурызда қазақтардың дәстүрлі ойыны «Асық ату» бойынша ең үздік командаға байқау жарияланды. Байқауға елордалық №№ 8 Ом., 18 Ом., 24 Ом., 38 Ом., 58 Ом., 66 Ом., 74 Ом., 82 Ом., барлығы 7 мектептің 32 оқушысы қатысты (Мұсаева Ж.С.).

Эстетикалық тәрбие секторы 6 сәуірде Астана қ. мамандандырылған түзету мектебінің 60 шәкірті үшін «**Мен әлемді танимын**» жобасы аясында **шығармашылық байқау** жариялады.

ҚР Ұлттық музейі үшін Наурыз және Жаңа жыл мерекелеріне арналып ертеңгіліктер өткізу дәстүрге айналды. Астана қаласының 1000 оқушысы үшін 13-18 наурыз аралығында Наурыз мерекесіне арналған «Армысың, өз Наурыз!» ертеңгіліктері өткізілді (Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы). Жаңа жылда, 25-29 желтоқсан аралығында астаналық 700-ден астам оқушы үшін

«Ертегімің сен менің, шынға айналған Астанам!» атты ертеңгіліктер өткізілді (Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі).

ЭЖМПО қызметкері Ж.С. Мұсаева «Мәңгілік ел триптихі», «Білесің бе, Астананың тарихын», «Музей әлеміне саяхат» тақырыптарына сабақ өткізді (24.01.17, 31.01.17, 27.06.17; 29.06.17; 19.07.17, 15.08.17);

«Музейдегі мұралар», «Атқа қонған арулар» тақырыптарына ЭЖМПО қызметкері Л.Ноғайбек квест-сабақтарын өткізді (27.01.17, 01.02.17, 02-03.03.17), ЭЖМПО қызметкері Г.Қ. Ахметқалиева «Құнды жәдігер сыр шертеді», «Тіл – халық қазынасы», «Қазақтың дәстүрлі тұрмыстық бұйымдары», «Қазақтың қолөнері», «Дені сау ұрпақ – ел болашағы» тақырыптарына квест-сабақтар өткізді (27.01.17, 04.02.17, 21.04.17, 22.09.17, 18.10.17, 22.11.17). Эстетикалық тәрбие секторының қызметкерлері музей үйірмелеріне қатысатын балалар үшін «Қазақтардың тоқымашылығы және кілем тоқу» квест-сабақтарын өткізді (31.03.17). Эстетикалық тәрбие секторының жетекшісі А.Р. Кемеңгерова «Ертегілер әлемінде», «Ұлы дала өрнектері» тақырыптары бойынша квест-сабақтарын өткізді (12.05.17, 01.06.17, 29.06.17, 05.07.17, 28.07.17). Музейлік білім беру бағдарламалары секторының жетекшісі Р.А. Мухамеджанова «Жеңіс үшін рақмет», «Еліміздің Бас кітабы» тақырыптарына квест-сабақтарын өткізді (03.05.2017, 24.08.17). «Ата заң – мемлекеттің асыл қазынасы» тақырыбындағы квест түріндегі сабақтарды ЭЖМПО қызметкері М.А. Ермекбаева өткізді (24.08.17). «Қазақтың қара шаңырағы-киіз үй» және «Әшекей бұйымдардың әсем әлемі» квест-сабақтары тақырыптарын ЭЖМПО қызметкерлері А.Р. Кемеңгерова және А. Халимбай жасады (29.11.17, 28.09.17, 02.11.17). Экскурсиялық жұмыс және музей педагогикасы орталықтарының қызметкерлері музейдегі шараларға жүргізуші ретінде белсенді қатысып отырады.

Музейлік музыкалық лекторий:

«Халық қазынасы» ҒЗИ қызметкерлері 22 ақпанда Үкілі Ыбырайдың өмірі мен шығармашылығына арналған лекция-концерт өткізді. Шараға «Шабьт» Қазақ ұлттық өнер университетінің әншісі Сырым Мухамеджанов пен оның төрт шәкірті қатысты. Қонақтар жиналған аудиторияның алдында Үкілі Ыбырайдың «Гәкку», «Дүние-ай», «Қарақат көз» «Шалқытып», «Қызыл асық» пен «Жиырма бес» әндерін орындады (Нүркенов Р.).

2017 жылғы 19 сәуірде «Халық қазынасы» ҒЗИ дәстүрлі өнер *сыбызғышылыққа* арналған лекция-концерт ұйымдастырып өткізді. Шараны ҚР ПМ жанындағы халық аспаптар ансамблінің солист-әртісі Жанұзақ Нартайұлы жүргізді. Ол танымал сыбызғышылардың бірі саналады. Шара институт жасаған музейдің «Дәстүрлі музыкалық мұра» бағдарламасы шеңберінде қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерін жандандыруға және насихаттауға бағытталған. Сыбызғыда ойнау техникасы – ұлттық музыкалық фольклордың ажырамас бөлігі (Р.Нүркенов).

Тұрақты жұмыс жасайтын музей жобаларынан бөлек, орталық айрықша және мерейтойлық даталарға арналған әртүрлі жанрдағы шараларды өткізді. Олардың арасында:

- «ЭКСПО-2017: мүмкіндіктер және перспективалар» тақырыбына дөңгелек үстел;
- «Қымызмұрындық» театрландырылған қойылымы,
- «Киелі киіз үй мен қасиетті қара домбыра» - Ұлыбританиялық туристерге қазақ халқының дәстүрлі баспанасы - киіз үйді және музыкалық аспабы - домбыраны таныстыру;
- Махамбет ауданының мектеп оқушылары үшін сурет салу өнері бойынша шеберлік сабағы;
- Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығының үйірмелері мен жобалары бойынша №83 мектепте ашық есік күндері.

Экскурсиялық қызмет көрсету

Қазақстандықтар мен шетелдіктердің арасында тарихи-мәдени мұраны таныту Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығының ең маңызды міндеттерінің бірі саналады. Экскурсиялық жұмыс орталық қызметінің ең бір маңызды бағыты болып табылады.

Есепті кезең ішінде Экскурсиялық қызмет бөлімінің, сол сияқты Ғылыми-әдістемелік қызмет қызметкерлері шолу, тақырыптық экскурсиялар, сабақ-экскурсиялар, интерактивті экскурсиялар жүргізді.

Экскурсиялық қызмет бөлімі тарапынан тұрақты негізде экскурсиялық қызмет деңгейін көтеру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Әртүрлі деңгейдегі оқу орындарындағы шәкірттердің сыныптан тыс/аудиториядан тыс қосымша білім алуға құштарлығын қалыптастыру мақсатында оларға ерекше акцент жасалады.

Есепті кезең ішінде Экскурсиялық қызмет бөлімі **8 833** экскурсия жүргізді. Экскурсиялық қызмет **108 097** келушіні қамтыды.


Келушілердің 38,3 % музейді экскурсиямен араласа, 61,7 % - өз бетінше аралады.

Бөлім қызметкерлері ұйымдар мен мекемелердің, топтардың, дербес келушілердің және Қазақстан Республикасындағы шетелдік өкілдіктердің, елшіліктердің тапсырыстары (on-line, хат бойынша) және өтініштері бойынша 6 тілде тұрақты түрде экскурсия жүргізді:

Экскурсия жүргізілетін тілдер	Экскурсия саны	Жалпы саннан%
Қазақша	3661	41,4
Орысша	3757	42,5
Ағылшынша	963	10,9
Түрікше	59	0,7
Қытайша	364	4,1
Французша	33	0,4

Барлығы:	8833	100
----------	------	-----

Тілдерге бөлгендегі экскурсиялардың саны:




2017 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында жүргізілген экскурсия (тілдер бойынша) қазақ орыс ағылшын қытай түрік француз

Есепті кезеңдегі экскурсиялар (ай бойынша):

Айлар	Ақылы экскурсиялар	Тегін экскурсиялар
Қаңтар	295	98
Ақпан	285	169
Наурыз	379	316
Сәуір	518	51
Мамыр	425	269
Маусым	752	377
Шілде	1202	245
Тамыз	1284	225
Қыркүйек	191	225
Қазан	256	199
Қараша	264	211
Желтоқсан	351	246
Барлығы	6202	2631

Экскурсиялық қызметті алған келушілердің саны:



2017 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығындағы экскурсия саны ақылы экскурсиялар тегін экскурсиялар

Есепті кезең ішінде 6202 ақылы экскурсия, 2631 тегін экскурсия жүргізілді.

Айлар	Ақылы экскурсиялар	Тегін экскурсиялар
Қаңтар	1652	787
Ақпан	2696	5668
Наурыз	1893	5012
Сәуір	2362	1549
Мамыр	2344	5746
Маусым	10601	4252
Шілде	19662	6338
Тамыз	22341	1705
Қыркүйек	2489	1148
Қазан	2396	1452
Қараша	1894	2169
Желтоқсан	3254	1687
Барлығы	73 584	34 513

Есепті кезең ішінде музейге бірқатар мемлекеттер басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілері келді. 37-38



*Түрікменстан Президенті
Г. Бердымухамедов музейде (19 сәуір)*



*Латвия Президенті Р. Вейонис экскурсия
жасады (10 шілде)*

39-40



*Бангладеш Республикасының Президенті
Абдул Хамит Этнография залында
(11 қыркүйек)*



*Экономикалық ынтымақтастық және
даму ұйымының (ЭБДҰ) Бас хатшысы
Анхель Гурриа Алтын залының
экспозицияларын тамашалауда
(23 қыркүйек)*

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейіне шетелдік елшілердің келу бағдарламасы аясында, әлемнің 40 елінің 142 ресми делегациялары үшін экскурсиялар жүргізілді: Әзербайжан Республикасы, Мысыр Араб Республикасы, Ауғанстан, Бангладеш, Босния және Герцеговина, Венгрия, Вьетнам, Германия Федеративті Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Монако Князьдығы, Тайланд Корольдігі, Израиль, Иран Ислам Республикасы, Италия, Латвия, Мексика, Біріккен Араб Әмірліктері, Белорусь Республикасы, Гватемала Республикасы, Джибути Республикасы, Үндістан Республикасы, Корея Республикасы, Кот-д'Ивуар Республикасы, Куба, Қырғызстан Республикасы, Македония Республикасы, Сенегал Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Фиджи Республикасы, Ресей Федерациясы, Румыния, Сингапур, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі, Түркия, Чехия Республикасы, Оңтүстік Африка Республикасы. **41-42**



Гвинея Республикасының бірінші ханымы Джене Каба Конде Алтын залында (10 қыркүйек)



Пәкістан Ислам Республикасының бірінші ханымы Мехмуда Мамнун музейге келген кезінде (10 қыркүйек)

Экскурсиялар сол сияқты Қазақстан Республикасындағы **Еуропалық одақтың** ресми делегациясына (экскурсияны А.Амиралиева жүргізді, **23.07.2017**), Дешті Қыпшақ тумасы әл-Мәлік аз-Захир Рукн ад-дуниа уа-д-дин Бейбарыс (әл-Бундукдари 1220-1277) ұрпағы Араб Елдері Лигасының (LAS) «Мәдениетаралық диалог» департаментінің басшысы **Самия Бейбарыс** ханымға (экскурсияны А.Султанова жүргізді, **09.08.2017**), **Мысыр Ұлттық музейінің** Бас директоры Акмаль Али Масик Медваллиге (экскурсияны С.Ибраев жүргізді, **15.08.2017**), «Мәскеу Кремлі» Мемлекеттік тарихи-мәдени мұралар музейінің бас директоры Е.Ю. Гагарина бастап келген делегацияға (экскурсияны Қ.Жунусов, А.Султанова жүргізді, **07.09.2017**) жүргізілді. **43-44**



Белорусь Республикасы Президент Әкімшілігінің басшысы Н.Кочанова музейде (1 қыркүйек)



Чехия Сенатының Төрағасы Милан Штех музей экспозициясын тамашалауда (13 шілде)

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейіне әлемдік деңгейдегі шетелдік жұлдыздар да келді. Олардың арасында, әлемдегі үш тенордың қатарына Л. Паваротти және Х. Каррераспен бірге кіретін испандық опера әншісі, лирика-драма теноры, Вашингтон операсының

және Лос-Анжелес операсының дирижер-қоюшысы, атақты опера әншісі Пласидо Доминго және америкалық танымал театр және кино актері, продюсер және кинорежиссер Джон Малкович бар.

45-46



Есепті кезең ішінде сол сияқты қазақстандық және шетелдік делегациялар үшін де экскурсия жүргізілді:

— «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы» АҚ ұйымдастырған Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесінің халықаралық қатысушылары үшін Музей залдарына ағылшын тілінде экскурсия жүргізілді - Е.Сәтпаев, (23.02.2017).

— Мысыр Араб Республикасы Жоғары Конституциялық сотының өкілдері үшін Музей залдарына ағылшын тілінде экскурсия жүргізілді - Е.Сәтпаев, (14.03.2017);

— Ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов бастаған делегация үшін халық суретшісі Әубәкір Ысмайыловтың «Шығармашылықтың мәңгілік энергиясы» көрмесіне орыс тілінде экскурсия жүргізілді. Экскурсия жүргізушілер А.Айбусынова, А.Рахтаева; (24.01.2017). ҚР Сыртқы істер министрлігінің делегациясы үшін ағылшын тілінде экскурсия жүргізілді - А. Амиралиева (17.02.2017);

— Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардиясының 5573 бөлімшесінің қызметкерлері үшін. экскурсия қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді (адам саны-100), экскурсия жүргізушілер А.Рахтаева, А.Альжанов, Б.Абсаттарова, С.Сабит (12.03.2017);

— Қазақстан халқы Ассамблеясы қонақтары үшін. Музей залдары бойынша экскурсияны қазақ тілінде Ж.Беисова, А.Амиралиева, А.Кемал жүргізді (26.03.2017);

— «Ұлыстың Ұлы күні – өз Наурыз» республикалық ғылыми конференциясына қатысушылар үшін. Музей залдары бойынша экскурсияны қазақ тілінде А.Рахтаева, Ж.Сауранова жүргізді (29.03.2017).

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде 29 наурызда бүкіл түркі-парсы халықтарының ортақ мерекесі – көктем мерекесі Наурызға арналған ирандық «Араз» ән-би тобының мерекелік концерті болды.

Концерт Музей мен Иран Ислам Республикасы Елшілігі арасындағы ынтымақтастық аясында өтті.

10 маусымнан 30 тамыз аралығында Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесінің шеңберінде ұйымдастырылған шетелдік көрмелерге Ғылыми-әдістемелік қызметінің Археология жән этнография, Қазақстан тарихы бөлімдерінің қызметкерлері 1700-ден астам лекция-экскурсия жүргізді.

Экскурсиялық қызмет аясындағы әдістемелік жұмысқа Экскурсиялық қызмет көрсету орталығының және Музей педагогикасы және экскурсиялық қызмет бөлімінің жетекшілерінің, сол сияқты тәжірбиелі экскурсия жүргізушілерінің үйретуі, тұрақты және уақытша көрмелер бойынша экскурсия мәтіндерін дайындауы және тыңдауы кіреді (А.Айбусынова, А.Рахтаева, А.Амиралиева, К.Жунусов).

Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығында үйретуден басқа, тәжірбиелі экскурсия жүргізушілер басқа мекемелердің қызметкерлерін үйрету бойынша да жұмысқа тартылады. Мысалы, экскурсия жүргізуші А.Кемал Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығының қызметкерлеріне шеберлік сабаған өткізді (15.03.2017).

Көрсетілетін экскурсиялық қызметтің сапасын көтеру үшін әдістемелік жұмыстар жүргізіледі. Есепті кезеңде әдіскерлер бөлімнің экскурсия жүргізушілерімен бірлесіп 12 тақырыптық шараның мәтіндерін және сценарилерін жазды. Әрбір экскурсия жүргізушіні тыңдағаннан кейін оларға экскурсия жүргізудің талдауы жасалып, нұсқаулар беріледі.

Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындық шеңберінде «Арман тур» ХТА базасында экскурсия жүргізушілердің жұмысын жақсарту және кәсіби деңгейін анықтау үшін біліктілікті көтеру курстары ұйымдастырылып өткізілді.

Астана қаласы және республиканың басқа қалаларындағы ЖОО-мен бірігу (квалификациялық жұмыстарға, ғылыми кеңестерге, рецензиялауға, тәжірбиеге пікірлер);

Музейдің ғылыми қызметкерлері елорда және аймақтардағы ЖОО-дағы әріптестерімен, сол сияқты шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды. Мәселен, олар ғалымдардың, зерттеушілердің және ЖОО-ы оқытушыларының ғылыми және біліктілік еңбектеріне пікірлер, пікірсапаптар дайындайды. Оқу материалдарына екі пікір дайындалды. Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе аймақтық мемлекеттік университеті, тарих факультеті, география кафедрасының оқытушылары А.Абденов және Е.Қонбайдың «Қазақстан табиғатын зерттеу тарихы» жаттығу сабағы үшін «Халық қазынасы» ҒЗИ археологиялық мұралар бөлімінің жетекшісі Т.Б.Мамиров пікір дайындап берді. Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық

университетінің тарих факультеті, археология және этнология кафедрасының профессоры Ж.О. Артықбаевтың «Қазақ этнографиясы: этникалық тарих және дәстүрлі мәдениет» атты оқу құралы үшін ҚР ҰМ ғылыми хатшысы, т.ғ.к. З.К.Сураганова пікір дайындады. Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің тарих факультеті, археология және этнология кафедрасының оқытушылары У.У.Умитқалиев және К.А.Искаковтың «Археологияға кіріспе» оқу құралы үшін ғылыми-әдістемелік қызметінің жетекшісі PhD доктор С. Б. Алипованың тарапынан қаралып, оң пікір сарап алды.

Музейдің ғылыми қызметкерлері өтініштердің түсуіне қарай, студенттер мен зерттеушілердің ғылыми және квалификациялық жұмыстарына пікірлер, рецензиялар дайындайды, Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің студенттеріне консультациялық қолдау көрсетеді.

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің 6B020800 – Археология және этнология», «6M020800 – Археология және этнология», «6D020800 – Археология және этнология» мамандықтары бойынша студенттері, магистранттары және докторанттары үшін «Қазақстанның кеш және ортағасырлық археологиясы», «Мәдени антропологияның негізгі мәселелері және зерттеу бағыттары», «Орта ғасырлық дәуірдегі Орталық Азия: этно- және мәденигенез мәселелері», «Орталық Азиядағы жартастар өнері ескерткіштері: типологиясы және классификациясы» пәндерінен «Халық қазынасы» ҒЗИ басшысы, т.ғ.к. А.Оңғар, директордың ғылым жұмыстары бойынша орынбасары, т.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор Ж. К. Таймагамбетов және «Халық қазынасы» ҒЗИ археологиялық зерттеулер бөлімінің жетекшісі, т.ғ.к. Т.Б.Мамиров, ғылыми-әдістемелік қызмет басшысы, PhD доктор С. Б. Алипова лекциялар курсы оқыды.

«Халық қазынасы» ҒЗИ археологиялық зерттеулер бөлімінің жетекшісі, т.ғ.к. Т.Б.Мамиров Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе аймақтық мемлекеттік университеті, тарих факультеті, отандық тарих және тарихи пәндер кафедрасының студенттері Н. Жакудтың, Б. Ногайбековтің, А. Матаевтың біліктілік жұмыстарына пікір сарап берді.

Осылармен қатар, профессор Ж. К. Таймагамбетов, «Халық қазынасы» ҒЗИ басшысы, т.ғ.к. А.Оңғар, «Халық қазынасы» ҒЗИ археологиялық зерттеулер бөлімінің жетекшісі, т.ғ.к. Т.Б.Мамиров және тарихи-мәдени мұра нысандарын бақылау және сараптау бөлімінің жетекшісі доктор PhD А. Е. Касеналин, ғылыми-әдістемелік қызмет басшысы, PhD доктор С. Б. Алипова Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің археология және этнология кафедрасының студенттеріне, магистранттарына және докторанттарына және Қазақстан археологиясы мәселелері бойынша Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе

аймақтық мемлекеттік университеті Қазақстан тарихы кафедрасының студенттеріне ғылыми-консультациялық қолдауды тұрақты түрде көрсетеді.

ҚР ҰМ және Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ арасындағы ынтымақтастық туралы шарт аясында «Халық қазынасы» ҒЗИ археология және этнология (мамандық: 6М020800 - «Археология және этнология») кафедрасының магистранттары үшін зерттеу тәжірбиесін ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізеді. «Халық қазынасы» ҒЗИ қызметкерлері Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің археология және этнология кафедрасымен бірлесіп «Зерттеу практикасы білім алушылардың зерттеушілік біліктілігін қалыптастыру жүйесінің бір бөлігі» тақырыбы бойынша семинар өткізді. Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің Археология және этнология кафедрасымен бірлесіп 17 наурызда «Зерттеу тәжірбиесі - білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыратын қажетті тарау» семинар-отырысы өткізілді (жауаптылар: Оңғар А., Малибаева Н., Саутбекова А.).

Астана қ. ЖОО және колледждерінің практиканттары мен студенттері үшін Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің қызметкерлері «Кескіндеме және графика» үйірмесінің шәкірттеріне «ЭКСПО-2017 – бұл қазақ халқының жеңісі» тақырыбында шеберлік сабағын өткізді. Үйлестіруші: Ж.С.Мусаева – әдіскер, «Шабыт» Қаз ҰӨУ 2-курс студенті Тендик Айгерим (27.03.17).

«Шабыт» Ұлттық өнер университетінің 41 студенті өндірістік тәжірбиеден өтті, олар үшін суретші-реставраторлар киім, металл, ағаш, керамика бұйымдарымен реставрациялық жұмыс дағдыларын көрсетіп, өз тәжірбиелерімен бөлісті. Тәжірбие соңында олардың барлығына мінездеме берілді.

Көркемдік безендіру және дизайн бөлімінде «Шабыт» Ұлттық өнер университетінің «Сценография» мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттері (наурыз-мамыр) және «Тұран» колледжінің «Дизайн» мамандығындағы студенттері (11 мамыр-23 мамыр) тәжірбиеден өтті.

10 маусымнан -30 тамыз аралығында Халықаралық мамандандырылған «ЕХРО-2017» көрмесі аясында ұйымдастырылған шетелдік көрмелерде Ғылыми-әдістемелік қызметтің Археология және этнография, Қазақстан тарихы бөлімдерінің қызметкерлері 1 700-ден астам экскурсия жүргізді.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИМИДЖДІК ҚЫЗМЕТ

ҚР Ұлттық музейіндегі сандық инфрақұрылым

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің жоғары технологиялы жабдықтармен жабдықталуы оны экспозициялық көрме және білім беру қызметтерінде пайдалануға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, санға аудару музейдегі ең жаңа үрдістердің бірі ретінде, музей жұмысының барлық салаларына ендіруді талап етеді. 2014 жылғы 04 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің № 939 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдени саясатының тұжырымдамасында «2025 жылға дейін ... материалдық және материалдық емес тарихи-мәдени мұраның атаулы туындыларын электрондық форматқа көшіру ...», - қажет².

2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі 2013 жылы бекітілген «Ақпараттық Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарламасын, 2014 жылғы 04 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің № 939 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдени саясатының тұжырымдамасын жүзеге асыру шеңберінде, 2017 жылғы 14 шілдеде №157-ө музей директоры м.а. бұйрығымен бекітілген ҚР Ұлттық музейінің сандық инфрақұрылымын дамыту тұжырымдамасын жасап, жүзеге асыруға кірісті.

Музей қолда бар мамандандырылған сандық инфрақұрылымды дамыту және жасау мақсатында музей қорларын санға аудару бойынша жұмыстар жасауға кірісті.

Бірінші кезеңде, Тұжырымдаманы жүзеге асыратын 2017 жылы көзделген:

- екі қасиетті нысанды 3 D форматында санға аудару - Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және Қарахан кесенесі;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің музей заттарын және музей коллекцияларын санға аудару – 227 с.б. (200 атау);

Музей заттарын санға аудару барысында алынған тәжірбие Қазақстан Республикасы музей қорларының мемлекеттік каталогын жасау бойынша жұмысты жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Автоматтандырылған «Музей -АЖ» жүйесімен жұмыс

Есепті кезең ішінде музей қор сақтаушылары «Музей АЖ-ға» музей қоры туралы деректерді ендіру бойынша жұмыстарды жалғастырды. Барлығы **58 589 с.б.** ендірілді, оның ішінен **57 017 с.б**

² Т. 4.5. Ақпараттық және инновациялық технологияларлы пайдалану // Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 04 қарашадағы №939 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы

негізгі, **1572** с.б. ғылыми-қосалқы қордыкі. **890** түгендемелік **карточкалар** жасалды, сол сияқты **1 498** экспонат суретке түсірілді.

Есепті кезең ішінде музей қор сақтаушылары «Музей АЖ-ға» музей қоры туралы деректерді ендіру бойынша жұмыстар жалғастырды. Қазіргі сәтте жүйедегі жұмыс әртүрлі модульдермен жүргізіледі:

1) «Түсім» модулі. Негізі және ғылыми-қосалқы қорлардағы Музей заттары туралы деректерді, жазбаларды енгізу және жүргізу, түсімдерді электронды кітаптарға тіркеу, бастапқы деректерді есепке алу, музей заттарына түсім кітабы бойынша нөмірлер қою. Есепті кезең ішінде **417** акт бойынша **69 942** с.б. деректері енгізілді (оның ішінде **292** акт бойынша негізгі қордың **62 914** с.б. бірлігінің, **125** акт бойынша ғылыми-қосалқы қордың **7 028** с.б. бірлігінің).

2) «Басқару» модулі. Контрагенттер, материалдар, техника, түсу амалдары және т.б. анықтамаларды редакциялау бойынша жұмыстар жалғасуда.

3) «Есеп» модулі. Түсім кітабы, негізгі және ғылыми қосалқы қор экспонаттарының саны бойынша экспонаттарды тіркеу және есепке алу жүзеге асырылуда.

Қызмет мамандары «Қазақстанның ұлы тұлғаларының ұрпақтары» атты электронды база жасап, онда **67** тұлғаның деректері көрсетілді. «Қазақстанның ұлы тұлғаларының ұрпақтары» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің отырысы барысында электронды базаның таныстырылымы өтті (25.01.2017).

Ақпараттық-имидждік жұмыстар

Музей шараларына ақпараттық қолдау көрсету жұмыстары белсенді жүргізілуде. Есепті кезең ішінде музей туралы ақпарат келесі **500** ақпараттық материалдарда және **140** БАҚ-та және Қазақстан мен Ресейдің интернет-ресурстарында берілді. **47**



Golden man exhibited in Hong Kong


22 December 2017 10:41 1547

Поделиться: [social sharing icons]





ASTANA. KAZINFORM On the occasion of Kazakhstan Independence Day and the 20th anniversary of Astana, the country's National Museum presented some of its rare exhibits at the Hong Kong Historical Museum, the Kazakhstanskaya Pravda reports.

Шетелдік **40** басылыммен интернет-ресурстарда, оның ішінде: (ресейлік, белорустық, түркімен, британ және қытай БАҚ-тарында және интернет-ресурсында) және 100-ден астам отандық мерзімді басылымдарда, телеарналарда, интернет-порталдарда және т.б. . **48-49**



50





Новости Беларуси / Общество

«Золотой человек» из Казахстана представил искусство номадов в Минске

01.12.2017 21:25:04

145

belnovosti.by@yandex.ru

18



Выставка «Искусство номадов Великой степи» открылась 1 декабря в Национальном художественном музее Беларуси.

2017 жылы республикалық, аймақтық деңгейдегі баспа басылымдарында, интернет-порталдарда, ақпараттық агенттіктердің сайттарында, ТВ және радионың ақпараттық және авторлық бағдарламаларында, сол сияқты шетелдік баспа БАҚ-да Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қызметін баяндаған, барлығы **437** имидждік материал (мемлекеттік және дәл сондай орыс тілдерінде) сол сияқты ҚР ҰМ сайтында - **484** материал жарияланды (**I тоқсанда-123; II тоқсанда -119; III тоқсанда – 143; IV тоқсанда - 100** – қарау: Қосымша С).


Ұлттық музей сайты

Жарияланымдар. <http://nationalmuseum.kz> сайтының жаңалық парақшасында ағымдағы жылдың 12 айы ішінде мемлекеттік және дәл сондай орыс тілдерінде - **484** пресс-релиздер, пост-релиздер жарияланды. Сайтта релиздерге қосымша **570** фотоөнім берілді.

Кіру (белсенділік).01.03.2017 (іске қосылды)-26.12.2017 аралығында музей сайтына кіру саны – 48 786 болды. 41 887келушісайтты 144 831 рет қараған.

Әлеуметтік ресурстар.Facebook, Instagram, Vkontakte, Twitter сынды4 әлеуметтік желілердің «Ұлттық музей» парақшаларында ақпараттық мәндегі 160 материал және 200 фотоматериал жарияланды.

51



Жоғарыда аталған желілердегі «Ұлттық музей» парақшасына жазылғандардың 2017 жылғы 27 желтоқсандағы жалпы саны 9 135, олардың ішінде ең көп жазылғандары www.facebook.com– 4 743, www.instagram.comжелілерінде – 4 201. 52-53



Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлері 2017 жылғы 12 айдың ішінде имидждік сипаттағы 19 мақала жариялады:

1. Аққошқарова Ж. Ұлттық музейдегі «Жас археолог» үйірмесі // «Ұлт» тәуелсіз интернет-басылымы. Ақпан, 2017.

2. **Алипова С.Б.** Музей саласының қазіргі таңдағы өзекті мәселелері. Дүйсенбі, 20 Ақпан 2017 16:13. [Электронный ресурс]. URL: <http://kazmuseum.kz/kazakhstan-muzeileri/item/1534-muzej-salasy-ny-kazirgi-ta-da-y-ozekti-maseleleri> **54-55**



МУЗЕЙ САЛАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ
ТАҢДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
Дүйсенбі, 20 Ақпан 2017 16:13



KAZMUSEUM.KZ - Музей – құнды жәдігерлерді сақтау және қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын көпшілікке танытуды қамтамасыз ететін мәдени орын. Еліміздегі музейлер тек мәдени мұраны сақтап қана қоймай, сонымен қатар қоғамдық өмірге, білім беру ісіне де белсенді түрде араласып жатқаны баршамызға мәлім. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының музейлері әлемдегі музейлерден жабықтау мен оны пайдалану жағынан тәжірибе алып қатарла дамып келеді. Жалпы дүние жүзінде дамыған елдердің барлығында музей ісіне ерекше көңіл бөлінетінін байқауға болады. Себебі, бір қаланың өзінде онға жуық музейлер туристерге саналы қызмет көрсетіп жатады.

Музей саласының қазіргі таңдағы өзекті мәселелері.html[24.01.2018 12:38:43]

Берік Әбдіғалиұлы: Берелдегі жәдігер «Алтын адам» ба, жоқ па реставрациядан соң белгілі болады



Берік Әбдіғалиұлы: Берелдегі жәдігер «Алтын адам» ба, жоқ па реставрациядан соң белгілі болады

3 Августа 2017 18:27 1201

Поделись:



АСТАНА. ҚазАқпарат - «Сақралды Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлы Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданындағы Берел қорғанынан табылған тарихи жәдігерге қатысты түсінік берді, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі.

«Ең бастысы, ол жәдігерге реконструкция жасау керек. Берел қорғанынан табылған жәдігерді сақталған фрагменттері арқылы толық қалпына келтірсе ғана, ол «Алтын адам» ба, жоқ па белгілі болады», - дейді орталықтың басшысы.

Берік Әбдіғалиұлының айтуынша, Берелден табылған жәдігерді бұған дейін табылған ауызды тарихи

Берік Әбдіғалиұлы: Берелдегі жәдігер «Алтын адам» ба, жоқ па реставрациядан соң белгілі болады.html[24.01.2018 13:52:11]

3. **Әбдіғалиұлы Б.** Берелдегі жәдігер «Алтын адам» ба, жоқ па реставрациядан соң белгілі болады URL: http://www.inform.kz/ru/berik-abdigaliuly-bereldegi-zhadiger-altyn-adam-ba-zhok-pa-restavracyiadan-son-belgili-bolady_a3051486

4. **Әуесбай Қ.** Ұлттық музей – мәйекті мұралар ордасы.03.04.2017 [Электронный ресурс]. URL: <http://halyksozi.kz/?p=2308>

5. **Бекзатқызы И.** Жаңаша зерделеуді қажет етеді // «Ана тілі» Ұлт газеті. 10 наурыз, 2017. [Электронный ресурс]. URL:<http://anatili.kazgazeta.kz/?p=41561>

6. **Бекзатқызы И.** Ұлттық музейдегі кездесу // Жас Алаш. № 9 (16195). 2 ақпан.

7. **Бекзатқызы И.** Жаңаша зерделеуді қажет етеді // «Ана тілі» Ұлт газеті. 10 наурыз, 2017. [Электронный ресурс]. URL:<http://anatili.kazgazeta.kz/?p=41561> **56-57**

Жаңаша зерделеуді қажет етеді — «Ана тілі» Ұлт газеті

АНА ТІЛІ
1992 жылғы наурыздың 22-сінен бастап шығады

«Сөзі жоғалған жұрттың, өзі де жоғалады»

БАСТЫ БЕТ | ТІЛ | РҰХАНИЯТ | МӘДЕНИЕТ | ӘДЕБИЕТ | БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ



Жаңаша зерделеуді қажет етеді

10 наурыз 2017 ж. 221 3

Қазіргі таңда еліміздің тарихын, әсіресе ұмытыла бастаған тарихи жер-су атауларын зерттеу өзекті тақырыптардың біріне айналуда. Көне географиялық атауларды зерттеудің тарихи-географиялық, әрі этногра-фия-лингвистика мен маңызы өте зор.

Жер-су атаулары ана тіліміз бен ұлттық тарихымызды зерттеуде аса қажетті құнды дерек болып табылады. Географиялық атауларда әртүрлі дәуірдің тарихи оқиғалары, көрнекті тұлғалардың бағырлардың есімдері және сол жердің географиялық сипаты бейнеленген. Сондай-ақ атаулар халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен, шаруашылығынан, әдет-ғұрпынан хабар береді.


Халқымыз газшылар бойы түрлі саяси оқиғалардың куәсі болғандығы баршамызға белгілі. Соның бірі

Әнші Әміре - ЭКСПО көрмесіне қатысқан бірінші қазақ

kazinform
Қазақстан ақпарат агенттігі

2017 жылғы 22 маусым 01:44 2969

Әнші Әміре - ЭКСПО көрмесіне қатысқан бірінші қазақ



АСТАНА. ҚазАқпарат - Қазіргі таңда елордада ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі өтіп жатқаны белгілі. Осы орайда атақты әнші Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде өткен ЭКСПО көрмесіне Қазақстан тарихында бірінші болып қатысты. Бұл туралы Астана қаласында ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері Лаура Үсенбек мәлім етті, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» тілшісі.

Оның айтуынша, КСРО делегациясы сол жылы ЭКСПО көрмесіне алғаш рет барған. Соған байланысты күллі одақ бойынша талантты өнер иелері Мәскеуге арнайы шақытылып, пәтуғал түзеле әзірлік жұмыстары.

<http://inform.kz> запрашивает разрешение на:
 Показывать оповещения

Предоставлено SendPulse

БЛОКИРОВАТЬ РАЗРЕШИТЬ

Әнші Әміре - ЭКСПО көрмесіне қатысқан бірінші қазақ.html(24.01.2018 14:01:14)

8. **Бекзатқызы И.** Қазақ даласында орыс тіліндегі топонимдер XVIII ғ. I жартысынан пайда бола бастаған [Электронный ресурс]. URL:<http://ult.kz/post/kazak-dalasynda-orys-tilindegi-toponimder-xviii-g-i-zhartysynan-payda-bola-bastagan1>

9. **Дариш Т.М.** Кітап сыйы // «Жас Алаш» газеті, № 20 (16206). 10 наурыз 2017 ж.

10. **Ералы Е.** Әнші Әміре – Экспо көрмесіне қатысқан бірінші қазақ. [Электронный ресурс]. URL: http://www.inform.kz/kz/anshi-amire-ekspo-kormesine-katyskan-birinshi-kazak_a3038387(интервью с научным сотрудником НМС Үсенбек Л.);

11. **Күзембаев Қ.** Абайдың фотосын Әуезов сақтап қалған [Электронный ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/161314-abaydynh-fotosyn-aezov-saqtap-qalghan34-1-34-258-59>

Абайдың фотосын Әуезов сақтап қалған

Абай заманында фотоға түсіру өнері елімізде енді-енді қалыптасып келе жатқан еді. Қазақ жеріндегі тұңғыш фотосалондар XIX ғасырдың аяғына таман Семейде ашылып, қалада «Каримо», «Кузнецов», «Белослодов» т.б. фотосалондары жұмыс істеп тұрған екен. Олар әртүрлі тапсырмалармен қырау даласына келіп, әйгілі адамдарды, қазақтың тұрмыс-салттарын фотоға түсіріп алып, өз кәжеттеріне жаратқан.

16.11.2017 3420



Тіпті кейбіреулері Ресейдің үлкен қалаларында қазақ өмірінен көрме ұйымдастырып, фотоальбом жасап, сатуға апаратын еді. Бұл фото-барлаушылар Абай ауылын айналып өтпеді. Ол тұста қыр елі мұндай фото түсірушілерді танымал көріп, алма-кезек қонақ етіп, суретке түсетуе барыпша әуестенген.

Заман өзгеріп, жаңа нұсқа орнағанда, байдың тұқымдары, би-болыс болғандар, дін таратушы молдалар қуғандықпен, осы тұста ел қорыққаннан қолда бар құжат-суреттерін жыртып, өртеп, жойып жіберуге мәжбүр болды. Сөйтіп көп сурет құрдымға кетті. Десе де кейбір жүрек жұтқан адамдардың арқасында ойып шығып, даңа аталарымыз Абай мен Шәкәрімнің бір-екі фотосы жасырын сақталып, біздің заманымызға жетті.

Соның бірі – 1896 жылы Абай екі әйелінен туған ұлдарымен бірге түскен суреті. Ортада отырған Абай 51 жаста. Елағасы ретінде кемеліне келіп, кеменерлікке жеткен шағы. Сонымен қатар ол тоғыз баланың әкесі және сегіз немере сүйін отырған ардақты ата. Абайдың оң жағында бөйбікесі Дидәлдан, оң жағында Ақылбай 35 жаста, соның өзінде 5 баланың әкесі. Сол жағында екінші әйелі Әйгерімнен (Шыңғыр) туған баласы бар.

12. **Қалжанов А.** Ұлттық музей “Ұлы тұлға ұрпақтары” жобасын бастады «Астана ақшамы» газеті. 30.01.2017. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.astana-akshamy.kz/ulttyq-muzej-uly-tulgha-urpaqtary-zhobasyn-bastady/>

13. **Қалжанов А.** Сан қырлы суретші. 17.02.2017. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.astana-akshamy.kz/san-qyrly-suretshi/>

14. **Мәулет А.** Таласбек Әсемқұловтың күйі Кемеңгер II. 09.01.2017. Бейне жазба https://www.youtube.com/watch?v=Pn-sQB_CYRg&feature=youtu.be

15. **Мәулет А.** Исполнение кюя Таласбека Әсемқұлова «Кемеңгер». 09.01.2017. <https://www.youtube.com/watch?v=XGzcUCDQmS0&feature=youtu.be>

16. **Рахтаева А.** Наурыз көжені дұрыс дайындап жүрміз бе? // 14.03.2017. [Электронный ресурс]. URL: http://baq.kz/kk/news/kogam/nauriz_kozheni_duris_daiindap_zhurimiz_be20170319_145600 (дата обращения: 03.04.2017)

17. **Рахтаева А.** Қазақтың ұмытыла бастаған ұлттық тағамдары // 22.03.2017. [Электронный ресурс]. URL: https://baq.kz/kk/news/kogam/kazaktin_umitila_bastagan_ulttik_tagamdari20170322_113300

18. **Сарбаева М.** в Казмедиа центре дала интервью о работе специалистов художников-реставраторов для радио (25 января).

19. **Сатубалдин. А.К., Туменова Л.Е.** ҚР Ұлттық музейі мәдениет саласының мамандарына арналған жинақты жарыққа шығарды. Бейсенбі, 19 Қаңтар 2017 03:12. [Электронный ресурс]. URL: <http://kazmuseum.kz/maman->

Ұлттық музей «Ұлы тұлға ұрпақтары» жобасын бастады

ҚР Ұлттық музейінде осыдан екі жылдай бұрын бастау алған «Ұлттық музейге сый тарту» акциясының аясында музей қорына 2500-ден астам жәдігер тапсырылды. Бұл жәдігерлер Астана, Алматы, Қызылорда, Ақтөбе, Шымкент, Қостанай қалаларында өткен шаралар барысында жинақталып, жақында Ұлттық музейде «Алғыс тақтасы» ашылды.



Осы акцияның шеңберінде музей ұжымы «Ұлы тұлға ұрпақтары» аталатын жобаны бастап отыр. Қазақ елінің тарихынан ойып тұрып орын алған, әр салада жаңашылдығымен көрінген танымал тұлғалардың ұрпақтарымен тығыз байланыс орнатуды, тектінің тұлғалары туралы ақпарат жинау және жиналған мәліметтер негізінде деректер қорын жасауды көздеген аталмыш жобаның ағымдағы апта ортасында таныстырылымы өтті.

Алаш қайраткері Қошмұхамбет (Қошке) Кеменгеровтің, Жетісудың жүйрігі Кенен Өзірбаевтың, өн өнерінің

[kenesi/item/1496-kr-ltтыk-muzeji-madeniet-salasy-ny-mamandaryna-arnal-an-zhinakty-zharykka-shy-ardy](https://egemen.kz/item/1496-kr-ltтыk-muzeji-madeniet-salasy-ny-mamandaryna-arnal-an-zhinakty-zharykka-shy-ardy),

20. **Сейілова А.** Интервью у н.с. отдела Истории Казахстана Қ. Күзембаева Абайдың құтысы // Егемен Қазақстан, 11 қаңтар 2017 ж. Суретті түсірген Орынбай Балмұрат О. [Электронный ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/abaydyn-kutysy>

21. **Тауекелова А.Ж.** Постигая ораторское искусство // Астана мәдениеті – Культурная Астана. № 1.- 2017, қаңтар-ақпан. – С. 37.

22. **Тауекелова А.** Шығыс пен Батыстың алтын жауһарлары Астана төрінен орын алады. [Электронный ресурс]. URL: <https://kaz.caravan.kz/news/shyghys-pen-batystyng-altyn-zhauharlary-astana-torinen-oryn-alady-194531/>

ҚР ҰМ қызметкерлері есепті кезең ішінде 50 сұқбат берді. Ең белсенді сұқбат берушілер: Б. Әбдіғалиұлы, Ж.К.Таймағамбетов, Р.Т.Абенова, Т.Т.Адилбекова, Р. Бекталиева, А.Бирмуханова, Т.М.Дариш, А. Джанеева, Р.С.Дуванбеков, Б. Жумабаев, А. Мәулет, А.Мусагажинова Т. Молдобай, А. Касеналин, А. Оңғар, Л.Усенбек, С.Хасенов. «Халық қазынасы» ҒЗИ ғылыми қызметкері А.Мусагажинова және Ғылыми-әдістемелік кеңес қызметкерлері С. Абдрахманов және Д. Каримова «Хабар» телеарнасының «Кел, сөйлесейік» / «Давайте говорить» бағдарламасына қатысты (Хабар телеарнасы. бағдарламасы. URL: <http://khabar.kz/ru/arkhiv-davajte-govorit/item/83183-davajte-govorit-natsionalnyj-muzej-rk>).

Қазақстан музей қауымдастығы – қазақстандық музейлердің ақпараттық-әдістемелік орталығының «kazmuseum.kz» порталында музей туралы 19 материал жарияланғаны, оның ішінде екеуі ҚР ҰМ қызметкерлерінің мақаласы болғаны қуантады (Қосымша С).

Имидждік акциялар:

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде «Жұлдызды гид» жобасы алғаш рет 2015 жылғы 26 қарашада Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылды. Жобаның басты мақсаты - отандық театр, кино және эстрада жұлдыздарын тарту арқылы тарихи-мәдени мұраны көпшілік қауымға таныстыру. 2017 жылғы бірінші тоқсанда «Жұлдызды гид» шарасы 2017 жылғы 28 ақпанда өтті.

«Музейдегі түн» мәдени-білім беру акциясы

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі 2015 жылдан бастап, жыл сайын «Музейдегі түн» мәдени-білім беру акциясын ұйымдастырып келеді. 2015 жылы осы акцияға 23 мың келуші қатысты. Келесі, 2016 жылы келушілердің саны 30 мыңнан асты.

Музейде «Музейдегі түн» мәдени-білім беру акциясы циклының «Уақыттық төрт түсі» тұжырымдамасы жасалды. Музей басшылығы келушілердің санын арттыру мақсатымен күнтізбелік мерекелерге және

күн тоқырауына байланысты «музейдегі түн» акциясын эксперимент ретінде төрт рет өткізуге шешім қабылдады. Алғашқы шара Жыл басы -Наурызды мерекелеудің басталуына орай ұйымдастырылса (18 наурыз), екінші шара Халықаралық музейлер күніне орай ұйымдастырылды (18 мамыр).

Акцияны дайындау мен оның өткізілуіне музейдің барлық қызметі қатысты. **60**



Ұлттық музейді таныту мақсатында «Музейдегі түн» мәдени-білім беру акциясының қарсаңында ҒМҚ қызметкерлері 2017 жылғы 1-15 наурыз аралығында астаналық оқу орындарын аралады. 1-ЖОО, 14- орта (11) және арнаулы (3) оқу орындарына барып ҚР Ұлттық музейі туралы лекция оқып, видео-презентация, көрсетіп, брошюралар мен ұйымдастырылып жатқан акция туралы ақпарат таратты. Акция туралы 700-ге жуық студенттер мен оқушы жастар хабардар болды. Лекциялар Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ-да, 3 колледжде және Астана қаласы мен сыртындағы (Қосшы кенті) 11 мектепте оқылды:

— Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті - П.Б. Мұсырманқұл (студенттер – 40 тыңдарман, 09.03.2017), А.Р. Рахимберді, Д.Қ.Каримова – жаратылыс тану факультеті (15.03.2017), А.С.Екимбаева (10, 17.03.2017), А.А.Сисенбаева, (06, 13.03.2017), А.А. Жұмабеков –Қазақстан халық Ассамблеясы кафедрасында (13.03.2017.);

— Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі- А.Р. Рахимберді (07.03.2017);

— «Тұран» колледжі- Л.Е.Түменова (03.03.2017), А.К.Джанеева (1-2 курс студенттері– 70 тыңдарман);

— Медициналық-техникалық колледж - Р.Н. Кенжебекова (14.03.2017);

— Республикалық физика-математикалық мектеп - А.Б. Коптилеуова (8-9-сынып оқушылары – 53 тыңдарман, 06.03.2017);

- «Нұр-Орда» мектеп-лицейі - А.С. Сейсенбаева (6-сынып оқушылары – 40 тыңдарман, 13.03.2017 г.);
- № 53 мектеп-лицейі - Р.С. Дуванбеков (7-8-сынып оқушылары – 45 тыңдарман, 15.03.2017);
- № 59 мектеп-лицейі - А.У. Бирмуханова (6-7-сынып оқушылары – 150 тыңдарман, 01.03.2017);
- № 66 мектеп - А.Хурметбек (6-сынып оқушылары – 30 тыңдарман, 10.03.2017);
- № 72 мектеп-лицейі - А.Тауекелова (7-8-сынып оқушылары – 65 тыңдарман, 03.03.2017);
- № 73 мектеп-лицейі - А.Р. Рахимберді (01.03.2017), А.Ж.Абу (9-10-сынып оқушылары – 70 тыңдарман 02.03.2017), А.А.Сисенбаева (02.03.2017), А.С.Екимбаева (03.03.2017);
- № 74 мектеп-лицейі - А.К.Джанеева (14.03.2017);
- № 2 мектеп-лицейі Қосшы кенті – Қ.Ғ.Күзембаев – 9-11 сынып оқушылары (06.03.2017);
- № 1 мектеп-лицейі Қосшы кенті – Ғ.Р.Ақпанбекова – 7-8, 9-11 сынып оқушылары (17.03.2017);
- № 30 мектеп-лицейі - Г.Б.Есжанова – 5-7 сынып оқушылары (09.03.2017).

2017 жылғы 18 наурызда сағат 10:00-ден 02:00-ге дейін Қазақстан Республикасы ұлттық музейінде «Музейдегі түн» мәдени білім беру акциясы кірген «НАУРЫЗ – жаңғыру нышаны» деген атаумен Орталық Азия халықтарының дәстүрлі мерекесі Наурызға арналған мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.

Мемлекеттік Наурыз мерекесін тойлауға арналған «Музейдегі түн» мәдени білім беру акциясының бағдарламасы да мазмұнды болды. Наурызға арналған күндіз және кешкі-түнгі уақыттарда өткізілген шаралардың мерекелік бағдарламасы шеңберінде 2017 жылғы 18 наурызда ұйымдастырылды:

- «Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні» балалар ертеңгілігі;
- Астана қ. этномәдени бірлестіктердің және Назарбаев зияткерлік мектебінің домбырашылар ұжымының қатысуымен «Бір шаңырақ астында» атты көркем өнерпаздардың концерті. **61**



Қонақтардың назарына «Оберег» украин қоғамының вокальды-хореографиялық ансамбліндегі, «Злата» болгар мәдени орталығындағы, «Поляктар» қоғамындағы, қарақалпақ мәдени орталығындағы және т.б. балалардың қатысуымен мерекелеік концерттік бағдарлама ұсынылды; **62-63**



— «Шеберлер ауылында» көрме-жәрмеңкесі және қолданбалы өнер суретшілерінің шеберлік сабақтары. Көрмеде зергерлік бұйымдар, ағаш («Арнау»ЖШС) және тері («Бес аспап» шеберханасы) және тоқыма («Green TAL» әлеуметтік шеберханасы) бұйымдары, сол сияқты «Фолиант», «Алматыкітап» баспаларының, «Абай» кітап үйінің кәдесыйлары мен кітаптары ұсынылды; **64-65**



— HANDMADE ROOM шеберлік сабақтары: полимер балшықтан ұлттық әшекейлер дайындау, құрақ құрау;

— шеберлік сабақтары: текемет дайындау (Бейісбековтер шеберханасы), қыш-құмыра бұйымдарын дайындау, кілем тоқу (Назарбаев интеллектуалды мектебі);

— әшекейлер (С.Аятбеков), ағаштан бұйым (С. Бачин), садақ (Р. Ашимов) дайындау, тасқұр тоқымасын (С. Кайрош), кесте тоқу (Г. Кусыман), керамика бұйымдарын дайындау бойынша шеберлік сабақтары (Б. Жаксылық, А. Смагулова); **66-67**



— консервация және реставрация қызметінің басшысы Б.Әлібай жеке коллекциясынан зергерлік бұйымдар көрмесін ұйымдастырды;

— BEAUTY ROOM шеберлік сабақтары: «Өзінді өзің әрлей біл», «Голливудтың мінсіз бұрымдары», «Жаңа үрдістер – «Smoky eyes»; **68-69**



— кенепке сурет салу бойынша шеберлік сабақтарын Таңсық Мәжитова, Жеңіс Молдабеков жүргізді; **70-71**



— «Киім: ғылыми қалпына келтіру және жаңа стиль» дефилесі (Х.Ахметжанның тарихи «Ежелгі түркі жауынгері» реконструкциясы, киізден жасалған коллекциясы – Бейсбековтер шеберханасы, Астана қ. Менеджмент және бизнес колледжі – «Дала сазы», «Ханшайым»); 72-73



— Мемлекеттік емес «Алғашқы астаналық Дизайн және Мода мектебі» білім беру мекемесінің қатысумен IMAGE ROOM, бағдарламасы: Іскерлік стилдегі түрлі-түсті үйлесімділіктің формуласы, Киім психологиясы, Сөйлесу әдебінің егжей-тегжейлері, Зайырлы сұхбат;

— «Idea hub» фотокөрмесі;

— Қазақтардың дәстүрлі салттары: *Қауышу, Тұсау кесер*. «Тұсау кесер» рәсімі ұйымдастырылып, елордалық Балалар үйі сәбилерінің тұсауларын қазақстандық атақты ғалымдар мен қоғам қайраткерлері кесті; (орын.: жұртшылықпен байланыс бөлімінің қызметкерлері, Б. Әлібай); 74



75-76



— обряд ритуального осыпания — *шашу* выполнили исполнительницы народного вокального ансамбля бабуше «Шаңырақ»; 77-78



— «Шабыт» Қазақ ұлттық университетінің студенттерінің қатысуымен маскалар шоуы; 79-80



81



— қазақ халық ойындары *асық ату*, *арқан тартыс*, *қол күресбойынша* жарыстар. Ойындарға Астана қаласы мектептері мен «Асық ату» Федерациясының оқушылары қатысты. Үйлестірушілер: Мусаева Ж.С., Енсебаев М.Е.;

— лекциялар оқу (ҒӘҚ ғылыми қызметкерлері); **82-83**



— интеллектуалды-танымдық *Наурыз кәдесі* викторина-ойыны, жеңімпаздарға ҚР ҰМ туралы кітаптар тапсырылды;

— тақырыптық (Абенова Р.Т., ЗӨО қызметкерлері; Алипова С.Б., ҒӘҚ ғылыми қызметкерлері), шолу экскурсиялары (Беисова Ж.С.);

— Халықаралық *тоғыз құмалақ* федерациясының бас хатшысы М.Шотаевтың қатысуымен зияткерлік *тоғыз құмалақ* ойыны;

— археологиялық «Қазақстан қазыналарын іздеу» квесті.

«Наурыз туралы аңыз» тақырыбына видеопрезентация дайындалды. Наурыз айының мифологиялық қасиеті туралы видеопрезентацияға тақырыптық графикалық 15 эскиз дайындалды.

84-45



Ролик Наурыз мерекесі күндері бас кіре берістегі монитор экранынан көрсетіліп тұрды. Видеопрезентация идеясы Д.Мыңбайдыкі. Мәтіні: З. К. Сураганованыкі. Суреттерін Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Заманауи өнер орталығының ғылыми қызметкері Т.Мәжитова салды. Видеороликті дыбыстағандар Г. Ахметкалиева, А. Султанова. Техникалық орындаулары: монтаж Н. Азманов, дыбыс режиссері: Ж.К.Боранбаев, дизайн: Е. Шайдарханов. **86**



Есепті кезең ішінде, 2017 жылы Халықаралық музейлер күні – 18 мамыр кәсіби мерекеге арналған екінші «Музейдегі түн» мәдени-білім беру акциясы өткізілді, Музей түніне **37** мыңнан астам адам келді. **87-**

88



Музей түнінің бағдарламасына келесі шаралар кірді:

- шолу және тақырыптық экскурсиялар;
- ұлттық спорттық «асық ату», «арқантарту», «қолкүресі» ойындары;
- театрландырылған шағын қойылым «Қымызмұрындық»;
- ғылыми-танымдық лекторий;
- заманауи өнер бойынша келесі тақырыптарға лекциялар: «Музей және заманауилық», «Бейнелеу өнерінің негіздері. Кескіндеме», «Бейнелеу өнерінің негіздері. Мүсін» (Абенова Р.Т., ЗӨО қызметкерлері)
- перформанс стиліндегі шеберлік сабақтары (Абенова Р.Т., ЗӨО қызметкерлері). Шеберлік сабақтарын суретші Асхат Ахмедияров жүргізді.

Суретші «Жалаңаш өнер» топтамасынан көркем сурет жасау үрдістерін көрсетті. **89**



— бие сүтінен жасалған шоколадтың таныстырылымы, рецептін Қазақ тамақтану академиясының президенті Т. Шарманов жасаған («Халық қазынасы» ҒЗИ а.ғ.қ. **А. Мусагажинова**);

— зергерлік бұйымдар мен кәде сыйлар жәрмеңкесі;

— қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысумен концерттік бағдарлама: **Майра Илиясова, Алтынай Жорабаева, Гүлнұр Оразымбетова, Жаңабай Өтеген, Ринат Малцагов, Шахаризат Сейдахмет, Мұхамедәлі Жүгүнісов және т.б.** **90-91**



Театрландырылған «Қымызмұрындық» шағын қойылымын Ұлттық музей қызметкерлері қойды. Рөлдерді орындағандар: **А.Алибай** - Экспозициялық-көрме қызметінің маманы, ж/д арт-менеджер, **Т.Т.**

Адилбекова - экспозициялық-көрме қызметінің басшысы, А.Н. Рахтаева – экскурсиялық қызмет әдіскері, Г.М.Тұрысова – Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің эстетикалық тәрбие секторының жетекшісі, Э.Н. Нұртазина – Экспозицияларды сақтауды қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі, К.К.Ахметқалиева – Музейлік білім беру бағдарламалары секторының к.ғ.к. **92-93**



Қазақстан Республикасы Ұлттық музейіндегі музей түніне келушілердің динамикасы төмендегідей:

келушілер жылы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	
			18 наурыз	18 мамыр
	23 мың	30 мың	4 000 мыңғы жуық	37 мың

Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын көпшілікке тарату музей алаңдарында да, одан тыс жерлерде іске асырылады. Мысалы, халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесінің барысында Астана қаласының «Қазанат» ипподромының аумағына орналасқан этноауылда Реставрация және консервация қызметінің басшысы Б.Әлібай мен суретші-реставраторлары М. Аятбеков, С. Аятбеков, Д. Хамзин елорда қонақтарын қазақ халқының қолөнерімен таныстырып, шеберлік сабақтарын өткізді.

94А



Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде 25 желтоқсаннан бастап музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі басқа бөлімдердің қызметкерлерімен бірігіп, дәстүрлі түрде жаңа жылдық ертеңгіліктер ұйымдастырды. 2017 жылғы ертеңгіліктер «Ертегімсің сен менің, шынға айналған Астанам!» деген атпен өтті. Ертеңгіліктерге мүмкіндігі шектеулі балалар, көп балалы отбасының балалары, сол сияқты елорда мектептерінің бастауыш сынып оқушылары шақырылды. **94Б**



Ертеңгіліктер бағдарламасы әртүрлі болды: «музей экспонаттарының» қатысуымен театрландырылған көрініс, би, ән, өлең оқу, жұмбақтар (жауапты.: Мухамеджанова Р.А.).

Фандрайзинг

2017 жылғы 03 наурыздағы №430 бұйрықтың негізінде музейде жаңа құрылымдық бірлік - Дамыту және фандрайзинг бөлімі құрылып, бүгінгі таңда болашақ әріптестермен, демеушілермен, меценаттармен тұрақты түрде хат алмасып, олардың базасын жасауда. Жыл ішінде 120 компания, ұйымдар және қайырымдылық қорларымен хат алмасты. Бүгінде болашақ серіктестер базасында 152 компания және 8 қайырымдылық қорлары және халықаралық ұйымдар бар.

Бөлім қызметкерлері жыл ішінде әріптестік қатынастарды орнату мақсатымен «Самрұқ-Қазына-Траст» Бас директорының орынбасары А.Шілдебаевамен (2017 жылғы көрме жобаларын таныстыру), «Еуразия тобы» АҚ өкілдерімен (Қ.Ұ.Сақидің «Мәмлүктер» кітабының 90 данасын сыйға берді) кездесті.

Өкілетті орган үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің төлқұжаты жасалды.

«Самрұқ-Қазына-Трасттың» кеңесші-жоба менеджерлерімен кездесті. Корпоративті қордың жобаларына қатысу бойынша қажетті талаптарды жинады және нақтылады (қараша).

Даму және фандрайзинг бөлімінің қызметкерлері Social Good Summit (UNDP) – «Futurein Focus» (5 қазан 2017 ж.) форумының жұмысына қатысу үшін Назарбаев Университетіне шақырылды. Аталған шараға қатысу бөлім жетекшісі С.Орманованың артынан музей кеңістігін қосып, білім алудың қолжетімділігін кеңейтудің ассистивті технологияларының мүмкіндіктері туралы баяндама жасауға жағдай туғызды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Музейдің халықаралық қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Ақпараттық-имидждік жұмыстар қызметі, Халықаралық қатынастар бөлімі реттеп жүргізіп отырады.

Халықаралық қатынастар бөлімі музейдің өзінде де, шетелдерде де халықаралық және имидждік шараларды алып жүру бойынша жұмыстар жасайды. Есепті жыл ішінде музей Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің алаңында көмелер өткізу және халықаралық көрме жобаларына және көшпелі көрмелерге қатысу бойынша Шэньси провинциясы Мәдени ескерткіштер басқармасымен және Шанхай музейімен (ҚХР), Король Фейсал атындағы Исламды зерттеу орталығымен Сауд Арабиясы), Мысыр Республикасы Ежелгі істер бойынша министрлікпен (Мысыр), Мемлекеттік Эрмитажбен (Ресей), Гонконг тарихи музейімен (ҚХР), Британ музейімен (Ұлыбритания), «Ағайынды Гриммдер қоғамы» ҚБ (Германия), Белорусь Республикасы Ұлттық бейнелеу өнері музейімен 9 халықаралық шарт, келісім, меморандум жасасты және осылардың аясында халықаралық көрмелер өткізілді.

Музей Германия, Корея, Ресей, Жапония сынды елдердегі шетелдік әріптестерімен ғылыми жұмысты белсенді жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлері 2017 жылы ғылыми ынтымақтастық туралы келісімдер шеңберінде археологиялық зерттеулер жүргізді. 94



Қазақстан-Ресей бірлескен археологиялық экспедициясының лагері

2015 жылғы 21 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі және Ресей Федерациясы, Ресей Ғылым академиясының Сібір бөлімі, Археология және этнография институтымен жасалған ынтымақтастық туралы шарт негізінде Шығыс Қазақстан облысында қазба жұмыстары жүргізіледі. 95



*Қазақстан-Ресей бірлескен археологиялық экспедициясына қатысушылар.
Ортада: ҚР ҰМ директорының ғылыми жұмыс бойынша орынбасары, т.ғ.д., ҚР ҰҒА
корреспондент-мүшесі, Ж.К. Таймагамбетов, оның оң жағында РҒА академигі
А.П. Дервянко Қожа Ахмет Ясауи ат. ХҚТУ және
РҒА СБ Археология және этнография институтының археологтары арасында*

2017 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі және Тюбинген университеті арасындағы меморандум негізінде Қазақстан-Герман археологиялық экспедициясы жұмыс жасап, Алматы облысы, Жамбыл ауданында тұрақты қазба жұмыстары жүргізіледі. 96



Участники Казахстанско-Германской экспедиции.

1. *Ж.К. Таймагамбетов (ҚР ҰМ директорының ғылыми жұмыс бойынша орынбасары, т.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі),*
2. *Катбертсон П. (Оксфорд университетінің докторанты, Ұлыбритания),*
3. *Иовита Р. (PhD доктор, Тюбинген университеті, Германия)*

2017 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі және Нара Ғылыми-зерттеу институты (Жапония) арасындағы меморандум шеңберінде Қазақстан-Жапония археологиялық экспедициясы Оңтүстік Қазақстан аумағында археологиялық зерттеулерді іске асыруда.⁹⁷



Қазақстан-Жапония археологиялық экспедициясына қатысушылар жергілікті тұрғындармен. Ортада (оң жақтан үшінші) Нара институтының қызметкері, PhD доктор Садақатқу Кунитаке.

Есепті кезең ішінде Қазақстан Республикасы ұлттық музейінде отыздан астам шетелдік әріптестермен, Қазақстан Республикасында аккредиттелген бірқатар елдер елшіліктерінің өкілдерімен кездесу өтті:

25 қаңтарда музей басшылығы Иран Елшілігінің кеңесшісі, Иран Мәдени орталығының директоры Масуд Шейх Зейнеддин мырзамен кездесті;

7 ақпанда ҚР ҰМ директорының орынбасары А.Сатубалдиннің Әзербайжан Елшісінің орынбасары Джавид Ага Рамазанов мырзамен кездесуі өтті;

97А



8 ақпанда музей директоры Біріккен Араб Әмірліктерінің Елшісі Мохаммад Ахмад Альджабе мырзамен кездесті, кездесу соңы экскурсиямен аяқталды;

9 ақпанда ҚР ҰМ директорының орынбасары А.Сатубалдин Мысыр Елшісі Хайсам Салах Камел Ибрагим мырзамен кездесіп, ЭКСПО шеңберінде жоспарланған көрмені ұйымдастыру бойынша мәселелерді талқылады;

17 ақпанда ҚР ҰМ директорының орынбасары А.Сатубалдин Әзербайжан Елшілігінің бірінші хатшысы Маммад Багиров мырзамен кездесті;

21 ақпанда музей директоры Д.Мыңбайдың Иран Елшілігінің кеңесшісі, Иран Мәдени орталығының директоры Масуд Шейх Зейнеддин мырзамен кездесуі өтті. **97Б**



21 ақпанда ҚР ҰМ директорының орынбасары А.Сатубалдин Македония Елшісі Илия Псалтиров мырзамен кездесті. Тараптар екі ел музейлері арасындағы бірлескен ынтымақтастық туралы сөйлесті; **97Д**



22 февряля состоялась встреча заместителя директора А. Сатубалдина с советником по вопросам культуры Посольства Франции в РК, г-м Гийомом Касперским;

22 ақпанда ҚР ҰМ директорының орынбасары А.Сатубалдин ҚР-дағы Франция Елшілігінің мәдени мәселелер бойынша кеңесшісі Гийом Касперски» мырзамен кездесті; **97Е**



24 ақпанда ҚР Ұлттық музейі және Әзербайжан-Қазақстан Парламент аралық достық тобы арасында ынтымақтастық ниеті туралы хаттамаға қол қойылды;

27 ақпанда музей директоры Д.Мыңбай Өзбекстан көркемөнер академиясының төрағасы Ф. Ташмухамедов бастаған өзбек делегациясымен кездесті. Тараптар музейде көрме өткізу туралы келісімге келді;

3 наурызда Уффиция Галереясының директоры Айке Шмид мырзамен, Уффиция Галереясының сурет және нақыш кабиентінің меңгерушісі Марция Файеттмен және Mondo Mostre халықаралық жобалар меңгерушісі Мария Аззурра Ла Розамен кездесу болды. ҚР Ұлттық музейі және Уффиция Галереясы арасындағы мәдениет аралық байланыстарды жақсарту бойынша мәселелер талқыланды. Галереяның Қазақстандағы алғашқы бірлескен жобаларының бірі ретінде «XX ғасырдағы Флоренция сәні» көрмесін өткізу жоспарланды. Галерея өкілдері ЭКСПО-2017-ге қазақстандық және халықаралық туристтердің ерекшеліктерін ескере отырып өз экспозицияларын бейімдеуге және кеңейтуге ниетті. Кездесу нәтижесінде Ұлттық музей директоры осы көрменің өткізілуін ұйымдастыруға қолдау көрсету иетін білдірді;

13 наурызда ҚР ҰМ директоры Д.Мыңбай Біріккен Араб Әмірліктері Елшісінің орынбасарымен кездесті. Елші орынбасары БАӘ музейлерінің қорларынна 2018 жылы ҚР Ұлттық музейінде, ал 2019

жылы ҚР ҰМ топтамаларынан БАӘ-де көрме өткізу туралы ұсыныс жасады. Ол сол сияқты 2017 жылғы 22 мамырда БАӘ сыртқы істер министрі келеді деп күтілуде екенін және осы сапар барысында ҚР Ұлттық музейіне келетін хабарлады. Осыны ескерген Елші орынбасары 2017 жылғы 21-23 мамыр аралығында бағдарламасына көрмелер өткізу, екі елдің ұлттық тағамдарының және ұлттық билерінің таныстырылымы кіретін екі халық арасындағы Достық күнін ұйымдастыруды ұсынды;

14 наурызда Амброзиан музей-кітапханасының өкілдері (Италия) Альберто Росси, Эдуардо Канетта келді. Тараптар 2018 жылы бірлесіп көрмелер өткізу туралы келісті; **97 Ж**



14 наурызда директор орынбасары А.К.Сатубалдин Мысыр Елшісі Хайсам Салах Камел Ибрагим мырзамен кездесті. А.К.Сатубалдин Мысырға жасаған сапарының нәтижесімен бөлісті және Ислам өнері музейінің топтамасынан Сұлтан Бейбарыс туралы көрме ұйымдастыру туралы мәселені талдауды ұсынды;

24 наурызда директор орынбасары А.К.Сатубалдин және ҚР ҰМ ғылыми хатшысы З.К.Сураганова Жапония Этнографиялық музейінің маманы, антрополог, Орталық Азия халықтары бойынша этнография маманы Токо Фудзимото ханыммен кездесті. Зерттеуші 4 жыл бойы Қазақстанда дала зерттеу жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында этнографиялық зерттеулер, көрме алмасу саласындағы ынтымақтастық мүмкіндігі талқыланды;

29 наурызда директор орынбасары А.К.Сатубалдин Корея Ұлттық музейінің өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында кәріс тарапы

музейдің бұрынғы директоры Д.Мыңбаймен 2018 жылы желтоқсанда ҚР Ұлттық музейі қорларынан Корея Ұлттық музейінде көрме өткізу туралы келісім бар екені туралы хабарлады. Корея тарабы тасымалдау, сақтандырудың барлық шығындарын өзіне алуға міндеттенді;

30 наурызда директор орынбасары А.К.Сатубалдин Король Фейсал ат. зерттеулер және исламтану орталығының өкілдерімен және Сауд Арабиясы Королдігі Елшілігінің екі жақты іскерлік және қоғамдық байланыстарды дамыту бойынша бөлім жетекшісі Фейсал Абдуллахпен кездесті. Тараптар ҚР Ұлттық музейінде ханзаданың әкесі Король Абдурахман ибн Фейсал туралы көрме өткізуге келісті;

973



6 сәуірде директор орынбасары А.К.Сатубалдин 2017 жылғы қараша айында ҚР Ұлттық музейінде «Иерусалим – жәй қала емес» фотокөрмесін ұйымдастыруды ұсынған Израиль Елшілігінің мәдени атташесі Регина Шафир ханыммен кездесті;

13 сәуірде директор орынбасары А.К.Сатубалдин Белорусь Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Анатолий Ничкасовпен кездесті;

20 сәуірде ҚР Ұлттық музейі директорының м.а. Ж. Таймагамбетов және директор орынбасары А.К.Сатубалдин БАӘ Елшісінің орынбасарымен кездесті. Елші орынбасарының хабарлауынша, 2017 жылғы 22 мамырда БАӘ Сыртқы істер министрі Шейх Абдулла Қазақстанға келетінін және осы сапар барысында 20107 жылғы 22-25 мамыр аралығында ҚР Ұлттық музейінде «Қазақстанда

БАӘ мәдени күндерін» өткізуді талқылау жоспарланғанын хабарлады. Шаралар бағдарлаамсы талқыланды;

24 сәуірде директор орынбасарлары А.К.Сатубалдин және Л.В.Кочетов Гонконг тарих музейінің және Шэньси провинциясының мәдени ескерткіштерімен алмасу орталығының өкілдерімен кездесті. Гонконг тарих музейінің бастамашылығымен, Шэньси провинциясының мәдени ескерткіштерімен алмасу орталығының ықпал етуімен ҚР ҰМ-не Гонконг тарих музейіндегі «Шексіз милдер – Жібек жолы мұрасы» көрмесіне 2017 жылғы қараша-2018 жылғы наурыз аралығында қатысу ұсынылды;

16 мамырда директор орынбасары Л.В.Кочетов «ART-Courier» логистикалық компаниясының бас директоры Александр Заретскиймен және оның орынбасары Алексей Кыштымовеппен кездесті. Қонақтар өз компаниясы туралы ақпарат беріп, ынтымақтастық мүмкіндігі туралы ұсыныс жасады. **97 И**



22 мамырда директор орынбасары А.К.Сатубалдин Швеция Королдігінің Қазақстан Республикасындағы Өкілетті және Төтенше Елшісі Христиан Камилл мырзамен кездесті;

24 мамырда директор орынбасары Л.В.Кочетов Израиль Елшілігінің мәдени атташесі Регина Шафир ханыммен кездесті. Кездесу барысында «Иерусалим – жәй қала емес» фотокөрмесін ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Нәтижесінде тараптар ҚР Ұлттық музейі базасында көрмені нақты өткізетін күн ретінде 2017 жылғы 14-27 қараша деп белгіледі;

24 мамыр директор орынбасары А.К.Сатубалдин Мысыр Араб Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Хайсам Салах Камелмен кездесті. Кездесуі барысында Елші Мысыр Араб Республикасының Археология министрілігі ҚР Ұлттық музейіне Фараондар дәуіріндегі ескерткіштердің көшірмелерін тапсыруға ниетті екенін хабарлады. Тараптар 2017 жылғы 30 мамырда мысырлық мамандардың музейге келіп, көрме үшін ұсынылатын залмен танысатыны туралы келісті;

6 маусымда директор орынбасары Л.В.Кочетов және ҚР ҰМ Бас қор сақтаушысы Р.Бекталиева Мысыр Араб Республикасының павильонының комиссарымен кездесіп, ҚР Ұлттық музейіне Фараондар дәуіріндегі ескерткіштердің көшірмелерін тапсыру мәселелерін талқылады;

23 тамызда музей директорының м.а. Л.В.Кочетов және ҚР ҰМ ғылыми хатшысы З.К. Сураганова Свердлов облысының Мәдениет министрімен кездесті. Кездесу барысында музей ісі, көрме қызметі, тәжірбие алмасу, мамандар алмасу, бірлескен шаралар өткізу саласындағы серіктестік мәселелерін талқылады. Нәтижесінде тараптар ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою қажеттілігі туралы келісімге келді.

29 тамызда музей директорының м.а. Ж. Таймагамбетов, директор орынбасары А. К. Сатубалдин Ағайынды Гриммдер қоғамы ҚБ Бас директоры, доктор Бернхард Лауэрмен, ГФР Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Рольф Мафаэльмен кездесіп, Ұлттық музейде бірлескен «Тілдің күші халықтарды қалыптастырады: Ағайынды Гриммдер өмірі мен шығармашылығы» көрмесін 2017 жылдың соңында өткізуге келісті;

5 қыркүйекте музейдің директор орынбасары А. К. Сатубалдин ҚХР Шанхай музейі директорының жетекшілігімен Шанхай музейінің өкілдерімен кездесті. Ынтымақтастық және ынтымақтастық туралы шарт жасасу мәселелері талқыланды. Кездесу нәтижесінде тараптар таяу арада меморандумға қол қоюға келісті; **97 К**



8 қыркүйекте музей директорының м.а. Л.В.Кочетов Триеннале де Мила қорының Бас директорымен кездесті;

12 қыркүйекте музейге Астанадағы Корея орталығының жаңа директоры келді. Кездесуде музей директорының м.а. Л.В.Кочетов пен қонақ ҚР ҰМ-де 2017 жылғы 27.10 – 18.11 аралығында өтетін «Корея бейнесі» фотокөрмесіне қатысты мәселелерді талқылады; **97Л**



26 октябрь – встреча и. о. директора музея Л. В. Кочетова с первым секретарем Посольства Китая. На встрече обсуждались вопросы по поводу проведения ряда выставок в 2017 - 2018 годы;

26 қазанда музей директорының м.а. Л.В.Кочетов Қытай Елшілігінің бірінші хатшысымен кездесті. Кездесуде 2017-2018 жылдары бірқатар көрмелер өткізуге қатысты мәселелерді талқылады;

7 қарашада музей директорының м.а. Л.В.Кочетов Латвия Елшісімен кездесті. Латвия сәулетіне арналған көрме мәселелері талқыланды. **97М**



22 қарашада музей директорының м.а. Л.В.Кочетов Жапония Елшілігінің мәдени атташесімен кездесті. Жапонияда «Ұлы Дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары» көрмесін өткізу мәселелері талқыланды

Музей в тесном сотрудничестве с посольствами Германии, Египта, Израиля, Мексики, Республики Беларусь, Узбекистана в Республике Казахстан подготовил ряд международных выставок.

Мәдени мұраларды көпшілікке таныту үшін суретші-реставраторлар жүргізетін шеберлік сабақтары да Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің имидждік жұмыстарының маңызды бөлігі болып қала береді. Консервацияжәне реставрация қызметінің суретші-реставраторлары әртүрлі тектегі шараларға қатысу арқылы халықаралық кеңістікпен бірігуде.

Есепті кезең ішінде қызмет басшысы Б.Әлібай, Мата және кілем-киіз бұйымдарын консервациялау және реставрациялау секторының жетекшісі Г.Жолаева, Металл, ағаш, тері және сүйек бұйымдарын

консервациялау және реставрациялау секторының жетекшісі М.Аятбеков Фаридабад (Үндістан) қаласында өткен қолөнер шеберлерінің халықаралық жәрмеңкесіне қатысты (2017 жылғы 1-15 ақпан). **98-99**



Біздің реставраторлар қолөнер шеберлері мен жәрмеңкеге келушілер үшін бірнеше шеберлік сабақтарын өткізді. **100-101**



Суретші-реставратор М.Аятбеков Қытайдың Сиань қаласында 8-9 қыркүйекте өткен Ұлы Жібек жолындағы Музейлер одағының Халықаралық форумына шақырылды. **102-103**



ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ, ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімі 764 шартқа құқықтық сараптама жүргізді, олар:

- халықаралық шарттар – 9;
- мемлекеттік сатып алу шарттары – 481;
- сыйға тарту шарттары – 52;
- уақытша сақтау және экспозициялау қызметінің шарттары – 15;
- тәжірбие өту туралы шарттар – 95;
- көрме өткізу туралы шарттар – 8;
- билеттер сату бойынша шарттар – 84.
- дайындалып, тіркелген сенім хаттар – 51;
- меморандумдар – 8.

1. ҚР Ұлттық музейімен «Бүкілресейлік сәндік-қолданбалы және халықтық өнер музейі» федеральды мемлекеттік бюджеттік мәдениет мекемесі арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум.

2. Білім беру және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы шарт, М.В. Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалы.

3. Ағайынды Гриммдер Қоғамы ҚБ атынан басқарушы директор Бернхард Лауэр (Меншік иесі) және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрілігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны атынан Леонид Владимирович Кочетов (Сақтаушы) арасындағы қорларды уақытша сақтау және экспозициялау қызметінің шарты.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрілігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны атынан бұдан әрі меншік иесі деп аталатын, бұйрық негізінде әрекет етуші директор м.а. Леонид Владимирович Кочетов және бір тараптан, бұдан әрі сақтаушы деп аталатын, Беларусь Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігі атынан Төтенше және Өкілетті Елші Ерғали Бөлегенов арасындағы қорларды уақытша сақтау және экспозициялау қызметінің шарты.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі және Гонконг тарих музейі арасындағы «Жібек жолы» көрмесін өткізудің мерзімі және шарттары туралы келісім. Бір тараптан, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрілігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны атынан бұдан әрі жіберуші тарап деп аталатын, жарғы негізінде әрекет ететін директор м.а. Леонид Владимирович Кочетов және екінші тараптан, Гонконг мамандандырылған әкімшілік ауданының босуақыт және мәдени қызметтер бөлімінің Гонконг тарих музейі.

6. Бір тараптан, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрілігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны атынан бұдан әрі жіберуші тарап деп аталатын, жарғы негізінде әрекет ететін директор м.а. Леонид Владимирович Кочетов және бұдан әрі қабылдаушы тарап деп аталатын Беларусь Республикасы Миниск қаласындағы Беларусь Республикасы Ұлттық көркемөнер музейі атынан Бас директор Владимир Иванович Прокопцов арасындағы көрме ұйымдастыру және өткізу жағдайлары туралы шарт.

7. Бір тараптан, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны атынан бұдан әрі сақтаушы деп аталатын, жарғы негізінде әрекет ететін директор м.а. Леонид Владимирович Кочетов және екінші тараптан, Мексика Елшілігінің Қазақстандағы өкілеттігі басшысы орынбасары Алихандра Мартинез Сильва ханым арасындағы уақытша сақтау және экспозициялау бойынша қызмет шарты.

8. Бір тараптан, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны атынан бұдан әрі сақтаушы деп аталатын, бұйрық негізінде әрекет ететін директор м.а. Леонид Владимирович Кочетов және екінші тараптан, Ұлыбритания Елшілігі жанындағы Британ кеңесі атынан директор Джеймса Питера Буретти арасындағы уақытша сақтау және экспозициялау бойынша қызмет шарты.

9. Бір тараптан, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі республикалық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны атынан бұдан әрі сақтаушы деп аталатын, жарғы негізінде әрекет ететін директор м.а. Леонид Владимирович Кочетов және екінші тараптан, бұдан әрі меншік иесі деп аталатын Король Фейсаль ат. Исламды зерттеу орталығы атынан редакция және маркетинг департаментінің директоры доктор Хаббас ибн Рижә Альхарби арасындағы уақытша сақтау және экспозициялау бойынша тегін қызмет шарты.

2017 жылғы келушілердің саны – 282 073 адамды құрады

Экскурсия саны – 7310. Олардан:

ақылы – **6 202**;;

тегін – **2 631.**

2017 жылы барлығы **177 007 700** теңгеге **209 768** билет сатылды, ал 2016 жылы **105 200 103** теңгеге **146 786** билет сатылған болатын.

Есепті кезең ішінде музейдің жиынтық табысы **208 786** мың теңгені құрады, оның ішінен:

1. Билеттер сатқан үшін – **177 007 700** теңге;
2. Үйірме қызметі – **780 000** теңге;
3. Кітап және каталогтар сатқаны үшін **655** мың теңге;
4. Видеотүсірілім жасағаны үшін – **615 350** теңге;

2017 ЖЫЛҒЫ БЮДЖЕТТЕН ТЫС ТҮСІМДЕР

1	Кіру ақысы	177 007 700
2	Фото және видеотүсірілім	615
3	Баспа өнімдерін сатқаны үшін	655
4	Қайырымдылық жарналары	0
5	Мақсатты түсімдер	
6	ҒЗЖ шарттары	
7	Басқала	794

Біліктілікті көтеру:

Есепті кезең ішінде музейдің 10 астам қызметкері өз біліктіліктерін көтерді. Олардың арасында: Әкімшілік-басқару аппаратының, «Қасиетті Қазақстан» өлкетану орталығының, Ғылыми-әдістемелік қызметтің Қазақстан тарихы бөлімінің, Қорларды толымдау, есепке алу және сақтау бөлімінің, Құқықтық, кадр және құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі, Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің, Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығының Экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері бар.

ҚР МСМ № 09-02-19 /1677-п бұйрығына сай ҚР ҰМ 5 қызметкері 2017 жылғы 5-9 маусым аралығында Президент Әкімшілігі жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында жобалық менеджмент бойынша оқуға жіберілді. Олар:

1. Абдрахманов С. А. – Ғылыми-әдістемелік қызметтің Қазақстан тарихы бөлімінің ғылыми қызметкері;
2. Акбасова Б. Р. – Қорларды есепке алу бөлімінің жетекшісі;
3. Әбдіғалиұлы Б. – Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығының басшысы;
4. Екимбаева А. С. – Методика және музейтану бөлімінің ғылыми қызметкері;
5. Рахымберді А. Р. – Методика және музейтану бөлімінің кіші ғылыми қызметкері;
6. Сураганова З. К. – Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ғылыми хатшысы.

Барлық қызметкерлер оқуды аяқтағаннан кейін Президент Әкімшілігі жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының жобалық менеджментінің тренинг бағдарламасына қатысқаны үшін сертификаттар алды. **104**



2017 жылғы 13-19 маусым аралығында Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығының Экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері А. К. Кемал және А. К. Султанова

«Музей экскурсиясы: теория және тәжірбие» тақырыбындағы ресейлік жетекші музей мекемелерінің бірі - Ресей этнографиялық музейінде оқып келді. Аталған біліктілік көтеру бағдарламаларына Санкт-Петербургтың әртүрлі музейлері мен жоғары оқу орындарының экскурсиятану саласындағы жетекші мамандары қатысады.

Бағдарламаға келесі бағыттар бойынша оқыту кірген:

— отандық экскурсия мектебін біріктірудің тарихи-мәдени аспектілері;

— музей экскурсиясы түрлерінің пайда болуы;

— музейдің экскурсиялық қызметінің әдістемелік негіздері;

— келушілердің әртүрлі топтары үшін экскурсия жүргізу әдістері;

— балалар аудиториясымен, арт-терапиялық топтармен жұмыс жасау ерекшеліктері; **80**

— білім беру және рекреациялық бағыттардың кешенді бағдарламаларын жасау тәжірбиесі.



Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің маманы, заңгер А.О.Ботбаев Астана қаласындағы Қазақстан-Қаржылық-экономикалық дамудың халықаралық орталығының ағартушылық бағдарламаларды дамыту және іске асыру бөлімі (Қазақстан - ҚЭДХО) ұйымдастырған оқытудың тереңдетілген бағдарламасын игерді. Оқу курсының тақырыбы: «Соңғы заңнамалар

бойынша электронды форматта сатып алу жүргізудің ерекшеліктері».

«Халық қазынасы» ҒЗИ қызметкері А. Саутбекова 01.04.17-30.06.17 аралығында Кореяда машықтанудан өтті. Зерттеу тақырыбы: «Қазақстан және Кореяның таңдаулы қорымдарынан табылған алтын бұйымдардың салыстырмалы талдауы».

Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындық шеңберінде «Арман тур» ХТА базасында экскурсия жүргізушілердің жұмысын жақсарту және кәсіби деңгейін анықтау үшін біліктілікті көтеру курстары ұйымдастырылып өткізілді.

23-26 қыркүйек аралығында Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығының қызметкерлері Мухамеджанова Р.А., Кеменгерова А.Р. Алматы қаласындағы Ә.Қастеев ат. МӨМ-ға жұмыспен танысу және тәжірбие алмасу мақсатында жіберілді.

PhD докторантурға түсу

2017 жылы Ғылыми-әдістемелік қызметтің Археология және этнография бөлімінің аға ғылыми қызметкері А.Әбу және кіші ғылыми қызметкері П. Мұсырманкүл бD020800 – Археология және этнология мамандығы бойынша PhD доктор ғылыми атағын алу үшін Қазақстанның жетекші ЖОО- Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық

университетіне және Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетіне түсті. Ғылыми-әдістемелік қызметтің Жазба ескерткіштерді зерттеу бөлімінің жетекшісі Т.Молдабай Түркиядағы халықаралық «Mevlana»бағдарламасы бойынша докторлықтан кейінгі бағдарламаға түсті. «Халық қазынасы» ҒЗИ кіші ғылыми қызметкеріД. Исмаилов «Тарих» мамандығы бойынша Новосибирь ұлттық ғылыми-зерттеу университетінің аспирантурасына түсті.

Марапаттар, алғыс хаттар, дипломдар (сыртқы)

Есепті кезең ішінде музейдің 50 қызметкері Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің және шетелдік әріптестердің марапаттарымен, құрмет қағаздарымен, алғыс хаттарымен марапатталды.

Халықаралық музейлер күні құрметіне музей ісін дамытуға қосқан үлесі және кәсіби жетістіктері үшін Қорларды толымдау, есепке алу және сақтау қызметінің басшысы, бас қор сақтаушы Р.И.Бекталиева Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталды. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Музей ісінің үздігі» грамотасымен және төс белгісімен музейдің 21 қызметкері марапатталды:

Азманов Нурлан Оразалиулы

жүйелік-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі

Асқарқызы Мадина

музей қараушысы;

БейсенбайұлыЖарылқап

бас редактор;

Бухат Кадыр

инженер - энергетик

Дариш Толкын Мадельханқызы

ғылыми кітапхана секторының жетекшісі;

Зикирина Бахытжамал Дабеновна

музей қараушысы;

Жумабаева СаяжанКаиргельдиевна

менеджер;

Жұмабай Дәурен Жұматайұлы

менеджер;

Искендерова Алтынай Муратбековна

бас бухгалтердің орынбасары;

Кенжебекова Роза Нусипкалиевна

ғылыми қызметкер;

Құсыман Гүлден

суретші-реставратор;

Нуртазина Эльвира Ибраймовна

экспозицияларды сақтауды қамтамасыз ету бөлімінің жетекшісі

МажитоваТансыкСабитбековна

ғылыми қызметкер;

Маханова Гулзат Есбатыровна

шараларды алып жүру бөлімінің жетекшісі

Майханова Жанна Джанибековна

толымдау секторының жетекшісі

Мұқатаева Шұғыла Амантайқызы

қор сақтаушы

Пак Наталья Виссарионовна

ғимаратты пайдалану бойынша менеджер

Суиндыкова Перизат Алписбаевна	ғылыми қызметкер;
Хамзин Дастан Муратович	суретші-реставратор;
Худайбергенов Бахытжан	техник-жөндеуші
Умирзакович	
Шушин Марат Байбулатович	желдету бойынша техник-жөндеуші

Музей қызметкерлері: консервациялау және реставрациялау бөлімінің жетекшісі - Т. Абылкасимов, кескіндеме, графика, қағаз бұйымдарын консервациялау және реставрациялау секторының жетекшісі - Г. Молдиманова, суретші-фотограф - Қ.Мусин Қазақстан Республикасы Республикалық Кәсіподақтар федерациясының Мәдениет және спорт жұмыскерлерінің республикалық кәсіподағының «Еңбек даңқы» төс белгісін алды. Қазақстан Республикасы Республикалық Кәсіподақтар федерациясының Мәдениет және спорт жұмыскерлерінің республикалық кәсіподағының құрмет грамоталарымен Көркем безендіру және дизайн бөлімінің жетекшісі Н. Е. Бимурзаева және Мата және кілем-киіз бұйымдарын консервациялау және реставрациялау секторының жетекшісі Г. Жолаева марапатталды. Суретші-реставратор Қ.Сахаба Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің құрмет грамотасын алды.

Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесінің жоғары деңгейде өтуіне қосқан үлестері үшін Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің құрмет грамоталарымен және алғыс хаттарымен марапатталды:

Әбдікәрім Айнұр Талғатқызы	Көркем безендіру және дизайн бөлімінің суретші-дизайнері;
Беспалинов Алишер Тлеугазинович	Ғылыми-әдістемелік қызметтің Археология және этнография бөлімінің жетекшісі
Бимурзаева Нура Есенгельдиевна	Көркем безендіру және дизайн бөлімінің жетекшісі
Нургожина Бакытгуль Ерболовна	Ғылыми-әдістемелік қызмет, Қазақстан тарихы бөлімінің ғылыми қызметкері

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығының құрметіне «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығының басшысы Б.Әбдіғали «Құрмет» орденімен, Қорларды сақтау бөлімінің жетекшісі У.Т.Садықова **Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен** марапатталды. Сол сияқты Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің құрмет грамотасымен музейдің **15** қызметкері марапатталды.

Абдрахманов Серик Амангельдыевич	Ғылыми-әдістемелік қызмет, Қазақстан тарихы бөлімінің ғылыми қызметкері;
Айбусынова Айгуль	Экскурсиялық жұмыс және музей

Шынғысовна	педагогикасы орталығы, Экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің жетекшісі
Жанашева Куралай	Заманауи өнер орталығының суретші -
Оралбаевна	реставраторы
Жумабаев Данияр Бейсебаевич	Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің заңгері
Иманбаева Карлыгаш	Қорларды сақтау бөлімінің қор сақтаушысы
Молдахановна	
Кистаубаев Алимхан	Ғимаратты пайдалану және ақпараттық
Алдибаевич	технологиялар қызметі, Ғимаратты пайдалану бөлімінің жұмысшысы
Мамиров Талгат Базарбаевич	«Халық қазынасы ҒЗИ Археологиялық мұралар бөлімінің жетекшісі
Нурмаганбетов Азамат	Экспозициялық-көрме жұмысы бөлімінің
Советович	арт-менеджері
Нурсейтова Алуа Армияновна	Құжаттық қамтамасыз ету бөлімі жетекшісінің м.а.
Рахтаева Айгуль Нуриденовна	Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығы, экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің әдіскері
Рзаев Шарип Жеткизгенович	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінің қауіпсіздік бойынша инженері
Сахиева Күнікей Жүнісқызы	Ақпараттық-имидждік жұмыстар қызметі, Халықаралық байланыстар бөлімі менеджері
Сураганова Зубайда Кабиевна	Ғылыми хатшы
Султанова Аягоз Канатовна	Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы орталығы, Экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің маманы
ТашимоваАйнур Лесбековна	Қаржы-экономикалық қызмет, Жоспарлау-экономикалық бөлімнің бас экономисті

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлерінің жұмыстарына халықаралық деңгейде де, республикалық деңгейде де құрмет көрсетілді. Қорларды толымдау, есепке алу және сақтау қызметінің жетекшісі, музейдің бас қор сақтаушысы Р.И.Бекталиева ауқымды «Славян әлемі» және «Түркі әуендері» көрмелерін (Курган қ., РФ) біріктірген халықаралық «Орал аспаны астында» жобасына шығармашылықпен қатысқаны үшін «Курган облыстық көркем сурет музейі» Мемлекеттік бюджеттік мекемесінің алғыс хатын алды

Фейсал атындағы Исламды зерттеу орталығы Сауд Арабиясының королі Фейсал ибн Абдул Азиздің жеке коллекцияларынан тұратын халықаралық «Әл Фейсал: әділдік және батылдық жолы» көрмесін ұйымдастырғаны үшін Заманауи өнер орталығының басшысы Р.Т.Абеноваға алғыс грамотасын тапсырды. 106



Суретші-реставратор С.Бачин 24 мамыр - 4 маусым аралығында Мәскеуде өткен халықаралық ағаш мүсіндердің көрмесінде екінші орынды жеңіп алды. **107-108**



Музей қызметіне техникалық қолдау көрсету

Инженерлік-техникалық қызмет және ғимаратты пайдалану және ақпараттық технологиялар қызметі тұрақты түрде ғимаратты, құрылыстарды пайдалауға қызмет көрсетеді, сол сияқты ҚР Ұлттық музейінде өтетін шаралар мен көрмелер үшін техникалық қолдау көрсетеді. Музейдің аталған құрылымдық бөлімшелері қауіпсіздікті, жабдықтардың қызмет етуін және техникалық қызмет көрсетуді (проекторлар, прожекторлар, серверлер, микрофондар, сол сияқты музыкалық сүйемелдеу) қамтамасыз етеді. **109-110**



Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі музей қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізеді. Астана қаласы МКҚБ-ның кезекші бөліміне шығатын күзет дабылының үрейлі түймешігі орнатылды. Бірінші және екінші қабаттар деңгейіндегі есік және терезе ойықтарын брондау бойынша жұмыстар жүзеге асырылды. Астана қаласы ҰҚҚД мамандарын тарту арқылы Музей қызметкерлеріне жарылғыш құрылғылар орнатудың ықтимал орындарын анықтау бойынша сабақ ұйымдастырылды.

111



ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС, ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Музей қызметкерлерінің қоғамдық жұмысы мәдени-білім беру және имидждік сипаттағы шараларға дайындықтан және жалпықалалық сенбіліктерге қатысуларынан байқалады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің барлық құрылымдық бөлімшелері Наурызды мерекелеуге арналған 18 наурызда өткізілген «Музейдегі түн» мәдени-білім беру акциясында штаттық тәртіппен сағат 24:00-ге дейін жұмыс жасаса, 18 мамырда сағат 23:00-ге дейін жұмыс жасады

16 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ұжымы жоспарлы құраммен жалпықалалық сенбілікке шығып, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізді, музейдің төңірегін абаттандырды және көгалдандырды.

Қайырымдылық

Наурызды тойлау шеңберінде *Тұсау кесер* дәстүрін өткізген кезде тұсауы кесілген сәбилер үшін Консервация және реставрация қызметінің жетекшісі Б.С. Әлібай сыйлықтар әзірлеп тапсырды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ғылыми кітапханасы 2016 жылдан бастап «Музей кітапханасына кітап сыйы» акциясын өткізіп келеді. Акцияның мақсаты - музейдің кітап қорын толықтыру және қоғамның назарын тарихи-мәдени мұраларды сақтау мәселеріне аудару. Ғылыми кітапхана секторы акция аясында музейдің кітап жинағының артуына ықпал жасайды және өз кітап алмасу қорынан қайырымдылық мақсатында кітаптарымен бөліседі. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Ғылыми кітапхана секторы қайырымдылық мақсатта өзінің кітап алмасу қорындағы кітаптардан 109 басылымды бөліп, Астана қаласындағы Ұлттық ана мен бала орталығына тапсырды (жауапты: Т.М.Дариш).

В музее действует профсоюзная организация. **112-113**



**Кәсіподақ төрайымы – Ж. Беисова,
Кәсіподақ хатшысы – Ж. Сауранова,**

Кәсіподақ активінің мүшелері:

1. Абылкасимов Т.Ш.,
2. Адильбекова Т.Т.,
3. Алипова С.Б.,
4. Бекталиева Р.И.,
5. Бермаганбет Г.Н.,
6. Беспалинов А.Т.,
7. Мамиров Т. Б.,
8. Тасымова Ш.Т.

Музей дүркін-дүркін тұрғындардың аз қамтылған бөлігіне қайырымдылық көмек көрсетеді. Мысалы, музей ұжымы «Нұр Отан» партиясымен бірлесіп, «Мектепке жол» акциясына қолдау көрсетті. Осы акция барысында жалпы сомасы **220 мың** болатын мектеп керек-жарағы бар оқушы портфелін **22** оқушыға табыстады.

Мүшелік жарнадан кәсіподақ мүшелерінің балалары үшін жаңа жылдық сыйлық алуға қаржы бөлінді.

Музейдің кәсіподақ ұйымының активі Ақкөл демалыс орнына және Ақмола облысы Бурабай ауданындағы және Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы табиғат аясындағы демалыс орындарына музей ұжымының барып қайтуын ұйымдастырды. Аққу демалыс орнына бару шығынының бір бөлігі кәсіподақ қаржысынан төленді. Ұйым Қазақстан музейлері қызметкерлерінің арасында үстел теннисінен турнир ұйымдастырды.

114



ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлерінің 2017 жылы жарияланған ғылыми басылымдары мен еңбектерінің тізімі

р/н	Библиографиялық деректер	б.п.
Монографиялар		
1.	Абдығалиұлы Б. Войско Алаш. Казахские части в составе Белой армии (1918-1920 гг.). – Астана: Фолиант, 2017. – 416 с.	26,0
2.	Есенов С. Шу өңірінің ортағасырлық ұзын қорғанды қалалары: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 113 б. (в соавторстве с М. Елеуовым и Д. Талеевым)	7,1
3.	Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары / Сакральные объекты Казахстана общенационального значения / TheKazakhstan sacred objects of wholenational importance. – Астана: Фолиант, 2017. – 496 б.	31,0
4.	Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары / Региональные сакральные объекты Казахстана. – Астана: Фолиант, 2017. – 504 б.	31,5
5.	Қасиетті Қазақстан. Бірінші том. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – 480 б.	30,0
6.	Оңғарұлы А. Қазақстанның ежелгі тұрғындарының жерлеу ғұрпы. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2017. – 252 с.	15,8
7.	Оңғарұлы А., Ольховский В.С., Астафьев А., Дарменов Д. Древние святилища Устюрта и Восточного Приаралья. – Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2017. – 320 с.	20,0
8.	Сакральный Казахстан. Первый том. – Алматы: Издание «Арыс», 2017. – 480 с.	30,0
9.	Обмен и дарение. Краткий этнолингвистический словарь. Термины и понятия. Научное издание. Составитель и автор З.К. Сураганова. – Новосибирск: Изд. АНС «СибАК», 2017. – 80 с.	5,0
Керме каталогтары		
10.	Каталог выставки « Ұлы дала көспенділірдің өнері. Искусство кочевников Великой степи. Art of the nomads of the Great Steppe » в рамках проекта « Шествие Золотого человека по музеям мира » из фондов Национального музея Республики Казахстан. – Алматы: ЖК «Дастан», 2017. – 130 с.	8,1
11.	Каталог выставки « Восток и Запад: старинное оружие из собрания Государственного Эрмитажа ». – Санкт-Петербург, 2017. – 95 с.	5,9
12.	Каталог выставки из собрания Музея исламского искусства в Каире « Султан Бейбарс и его эпоха ». – Астана: ТОО «VTKТарлан», 2017. – 53 с.	3,3
13.	Каталог выставки « Терракотовая армия императора Цинь Шихуанди из Китая » / Сост.: Управлением культурных памятников провинции Шэньси и Музеем мавзолея императора Цинь Шихуанди. – Сиань: издательство Северо-Западного университета, 2017. – 196 с.	12,3
14.	Каталог выставки С. Сулейменовой « Көкжиек / Линия горизонта/ Skyline ». – Алматы: ТОО «ArtDepostudio», 2017. – 46 с.	2,9
15.	Каталог выставки « Ағуақтұн түсі » Moldakul Narymbetov. – Астана, 2017. – 178 с.	11,1
Конференциялар және дөңгелек үстелдер материалдарының жинақтары		
16.	« Алаш – қазақтың ұлттық тұтастық идеясы » атты Алаш қозғалысы және Алаш Орда үкіметінің 100-жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана: ҚР Ұлттық музейі баспа орталығы, 2017. – 559 б. ҚР ISBN 978-9965-23-426-2	38,0
17.	Музей қызметін инновациялық дамыту мен ақпараттандырудың өзекті мәселелері. Республикалық форум материалдары. Актуальные вопросы инновационного развития и информатизации музейной деятельности: материалы республиканского форума. 2017 ж. мамыр 12, Астана қ./ Жалпы редакциясын басқарған Ж. К. Таймағамбетов. Астана: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2017. – 275 б. ҚР ISBN 978-9965-23-409-5	17,2
18.	« Ұлыстың ұлы күні - Әз Наурыз » атты республикалық ғылыми конференция материалдары. – Астана: Ұлттық музейі баспа орталығы, 2017. – 249 б. ҚР ISBN 978-9965-23-406-4	16,0
19.	Ұлы дала мұралары. 1-шығарылым. Жылдық ғылыми басылым. – Астана, 2017. – 252 с.	15,8
Басқа мақалалар		
20.	Этнография [Изоматериал]: комплект из 8 открыток / сост.: Сейсенбаева А., Хурметбек А.; фото: Мусин К.К.; дизайн: Шайдарханов Е.Е. – Астана: Национальный музей Республики Казахстан, 2017. – 1 обл. (8 отд. л.).	0,1
21.	Древняя и средневековая история. Ежелгі және орта ғасыр тарихы [Изоматериал]: комплект из 19 открыток / сост.: Дуванбеков Р.С., Тауекелова А.Ж.; дизайн: Мамыт А.П. – Астана: Национальный музей Республики Казахстан, 2017. – 1 обл. (19 отд. л.).	0,2
22.	Вожди Великой степи. Ұлы дала көсемдері [Изоматериал]: комплект из 14 открыток / сост.:	0,2

	(составители: Джанеева А.К.; дизайн: Ткачева А.М. – Астана: Национальный музей Республики Казахстан, 2017. – 1 обл. (14 отд. л.).	
23.	Тасмолинская культура. Тасмола мәдениеті [Изоматериал]: комплект из 18 открыток / сост.: (составитель: Бирмуханова А.У.; фото: Мусин К.К., дизайн: Шайдарханов Е.Е. – Астана: Национальный музей Республики Казахстан, 2017. – 1 обл. (18 отд. л.).	0,2
Барлығы:		348,5

**Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлерінің 2017 жылы жарияланған
авторлық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерінің
тізімі**

р/н	Библиографиялық деректер	б.п.
Шетелдерде жарияланған еңбектер		
Шетелдік баспаларда жарияланған еңбектер		
1.	Alipova S.B. Fortress of Otrar (XIII Century): Historical geography, preservation and protection // The International Course for Cultural Heritage Management.2017. – P. 117-128.	0,5
2.	Duvanbekov R.S. Ancient heritage of the Saka epoch // Международный научно-исследовательский журнал «Успехи современной науки и образования». – № 8. 2017. – С. 148-151 (г.Белгород.)	0,4
3.	Duvanbekov R.S. The preservation of history and culture of Kazakhstan in the framework of the program «Cultural heritage» // The International Course for Cultural Heritage Management. 2017. – P. 106-116.	0,5
